

**ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ОРТА АРНАУЛЫ БІЛІМ МИНИСТРЛИҒИ**

Е.Б.Абдувалитов

**ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ
МЕТОДИКАСЫ**

**(жоғары оқу орындарының
студенттеріне арналған оқулық)**

**“BOOKMANY PRINT”
ТАШКЕНТ – 2022**

УДК: 821.512.122(075)

ББК: 20.18я73

A 14

ISBN 978-9943-8268-0-9

Абдувалитов, Е.Б.

Қазақ әдебиетін оқыту методикасы [Матн] : дарслик /
Е.Б. Абдувалитов. –Ташкент: Bookmany print, 2022. – 132 б.

Жоғары оқу орындары студенттеріне арналған әдебиетті оқыту методикасы оқулығы, оқу құралдары болғанымен, бүгінгі білім беру жүйесіне жаңа талап деңгейіндегі оқулықтар қажеттілігі айқын.

Сондықтан ұсынылып отырған оқулық - әдебиетті оқыту саласындағы жаңа бағыттар мен заманауи мақсаттарға негізделген. Оқулыққа әдебиетті оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері мен сабақтың практикалық үлгілері енгізілген.

Пікір жазғандар:

Қамбарова С. – Әлішер Науаи атындағы Өзбек тілі және әдебиеті университеті — Өзбек әдебиетін оқыту әдістемесі кафедрасы аға оқытушысы, (PhD).

Дуйсебаева Д. – Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогика университеті — Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасы доценті.

Өзбекстан Республикасы Жоғары және орта арнаулы білім министрлігінің 2022 жыл 19 шілдедегі № 233 бұйрығына сәйкес
баспадан шығаруға рұқсат етілген.

© Абдувалитов Е.Б.

© “Bookmany print” баспасы, 2022.

Ғылым - Отанның ең киелі дүниесі болуға тиіс. Өйткені ойлаудан әрі үзбей ойлана іздеуден өзге жұртты артқа тастап, озған халық қана берекелі ел бола алады.

Л.Пастер

КІРІСПЕ

Өзбекстан Республикасы XXI ғасырда болашақ ұрпаққа білім мен тәрбие беру жүйесінің жаңа принциптерін қалыптастыруды ең негізгі міндет етіп қойып отыр.

Президентіміз Ш.М.Мирзиёев «Біз өз алдымызға елімізде Үшінші Ренессанс негізін құруда ұлы мақсатты қойған екенбіз, ол үшін жаңа Хорезмилер, Берунилер, Ибн Синалар, Мырза Ұлықбектерді, Науаи және Бабырларды тәрбиелейтін ортаны және жағдайларды жаратуымыз керек. Мұнда ең алдымен, білім мен тәлім-тәрбиені дамыту, салауатты тұрмыс салтын қалыптастыру, ғылым мен білім және инновацияларды өркендету ұлттық идеямыздың негізгі бағаны болып қызмет етуі қажет»¹,— деген болатын. Демек, әлемдік білім кеңестігінен орын алуда білім мазмұнын байыту, жаңа инновациялық технологияларды енгізу, жан-жақты дамыған, өз елін сүйетін тұлға қалыптастыру ең өзекті мәселелердің бірі.

Жаңа білім беру жүйесі дәстүрлі оқыту процесін түбегейлі өзгерте отырып, оқытудың жаңа технологияларын пайдаланудың жаңа жолдарын қарастырады. Мұның өзі білім мен тәрбие берудің, жеке тұлғаны жан-жақты дамытудың нәтижелі болуын ұйымдастыра білуді, оқушылардың білімді өз ізденісі мен белсенділіктерін арттыруға бағыттайды.

Жастарды биік адамгершілікке, еліне, Отанына, халқына деген асқан сүйіспеншілік сезімге тәрбиелеуде әдебиетті оқыту әдістемесі пәнінің орны ерекше.

Әдебиетті оқытудың негізгі мақсаты – адамды рухани жағынан өсіру мүмкіншілігін оқыту процесінде тиімді пайдалану.

Сабақ процесінде де, қосымша және сыныптан тыс сабақтарды да ақын-жазушылардың шығармаларында көтерілген адамгершілік, ынтымақ, имандылық секілді тағы басқа ізгілікті қасиеттерді

¹ Өзбекстан Республикасы Президенті Шавкат Мирзиёевтің Олий Мажлиске жолдауынан “Нұрлы жол” газеті. №104. 30 декабрь 2020 жыл

оқушыға түсіндіре білсек, әдебиет пәнін оқытудағы басты мақсатқа қол жеткізе аламыз.

Оқушыларда көркем мәтінді оқуға қызығушылық туғызу мұғалім шеберлігіне, білімділігіне байланысты.

Көркем шығарманы бар болмысымен тереңдей оқығанда ғана мәтін бар саз-әуенімен тіл қатып, оқушы сезімін оятады, оның көркем шығармаға деген ынта-жігерін арттырады. Сондықтан, ең әуелі оқушыны көркем мәтінді түсініп оқуға дағдыландыру керек. Демек, сабақ процесінде мұғалім шығарманың идеялық – мазмұнын түсіндіру үшін түрлі әдіс-тәсілдерді ретіне қарай пайдалану керек. Мұғалімнің өнер адамы секілді, өзіндік қолтаңбасы, әдісі болуы шарт.

Қазіргі таңда сабаққа қойылатын талап өте жоғары. Мұғалімнің көмегімен оқушы өздігінен ізденбесе, интеллектуалдық қабілетін арттырмаса, ілгерілеу болмайтынына көзіміз жетіп отыр. Сондықтан әдебиетші ұстаз әдетте сабақты негізгі проблемалар төңірегіне құрайды. Ал ондай проблеманы айқындау, соған орай сұрақ қоя білу оңай жұмыс емес, оқытушы тарапынан көп ізденуді талап етеді. Соның нәтижесінде оқушыларды танымдық қабілеттерін арттыру, оларды білімге ынталандыру, ойлануға, іздене білуге, өз ойын дәлелдеп айтуға дағдыландыру қажет. Сондықтан әрбір сабақтың өзіндік мақсаты, мазмұны, оқыту құралдары мен әдістері жағынан оқушылардың материалды саналы түрде қабылдауын жүзеге асыруға бағытталуы тиіс.

Ресейлік жаңашыл ұстаз Е.Ильин айтқандай, «Көркем туындының ішкі, сыртқы қасиетін, табиғатын тереңдете түсінуге көмек жасау, оқушыларды шығармашылық жұмысқа баулу, олардың алдына өз беттерімен шешуді талап ететін әр түрлі проблемалар қою, әрі оның жауабын тапқыза білуге жетелеу, сондай-ақ, әдебиеттану ғылымы мен сынынан тыс қалған, тың мәселелердің жауабын іздетуге баулу да осы кезеңнің міндеті»²,— деген еді.

Шындығында көркем шығарманы оқыту әдістемесінің білімділік, дамытушылық және тәрбиелік мүмкіндіктері ұшан-теңіз. Сондықтан оқушыларды ой еркіндігіне мүмкіндік берген жөн. Нәтижеде олар шығармашылық, зерттеу сипаттағы жұмыстар

² Ильин.Е.Н. Воспитаем читателя. — Санкт-Петербург. 1995. 35 с.

жүргізуге әдеттенеді. Болжам, жорамал жасайды, мағынасын түсіне отырып, салыстыра баяндайды. Ең бастысы, оқушыларда өзіндік идея, тұжырым пайда болады, шешімге келеді. Суреттеп, саралай отырып, сыншылдық тұрғыдан ойлауға жол ашады, пікірлесу арқылы бір тұжырымдық қорытынды жасайды.

Қысқасы, мұғалім мектеп оқушысын бұрынғыдай өз талабына ғана тәуелді ете оқытудан бас тартуға, қабілетіне, сұранымына қарай ынтымақтастықпен жұмыс істеуге баулу керек.

Сонымен, жоғары оқу орындарында білім алатын болашақ әдебиетші ұстаздарына арналған бұл оқулықты автор қазіргі жаңаша ойлау процестеріне негіздеп педогогикалық ғылыми-әдістемелік, тың ізденістерге сүйене отырып жазуға талпынды. Бұл орайда автор өзінің жоғары оқу орнында ширек ғасырдан астам үздіксіз әдебиетші ұстаз болып еңбек етіп, әдебиетті оқыту әдістемесі бойынша лекция оқу барысында жинақталған тәжірибесін пайдаланды.

Мектепте әдебиет пәні, оның маңызы мен негізгі міндеттері

– Әдебиетті оқыту әдістемесіне арналған стандарт пен бағдарламалар бекітіліп, солардың негізінде оқулықтарда берілген әдеби білімнің мазмұны мен құрылымы түзіледі.

– Нәтижеде Әдебиетті оқытуда қалыптасқан дәстүрді ғана басшылыққа алмай, жаңа әдістер мен тәсілдерді қолдану іске асырылады.

– Оқушылардың танымдық деңгейі мен білімді меңгеру мүмкіндіктері ескеріледі.

– Демек оқыту процесі нәтижеге бағдарланған білім моделімен айқындалады.

1. Сондықтан қазіргі кезеңде әдеби білім берудің мақсаттары экономика, саясат, мәдениет және т.б. өмірде болып жатқан түрлі өзгерістерге сәйкес бейімделіп, толықтырылып отырылады. Өз бағыт-бағдарын айқындай отырып, өзін-өзі дамыта, жетілдіре алатын, ой-өрісін арттыратын, өз бетімен білім алатын, өзгермелі өмір жағдайына бейімделе білетін, қоғамның белсенді азаматын қалыптастыру шарт. Әдеби білім негізінде әр түрлі оқиғалар мен өмірлік құбылыстарды ой елегінен өткізе алатын шығармашылық қабілетін арттыру.

2. Қазақ әдебиетінің классикалық көркем туындылары мен мәдениетін туысқан халықтар әдебиетімен салыстыра меңгерту. Көркем әдебиетті оқудың, талдаудың негізгі түрлерін ажырату және көркем шығарманың өзіндік ерекшелігін жете түсініп, саралай отырып, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды құрметтейтін азамат тәрбиелеу.

– Сондай-ақ эстетикалық талғамы жоғары, өзіндік ой пікірі мол, ұлттық дүниетанымы бай, шығармашылық қабілеті зор мәдениетті оқырман дайындау.

– Мұғалімнің көмегімен әдеби білім мен әдіс-тәсілдерді терең меңгере отырып, жаңа ақпараттық мағлұматтарды өзіндік көзқарасы тұрғысынан сын көзімен жіті бағалап, талдай білу дағдысын қалыптастыру. Әдеби шығармаларды оқыту мазмұнын егеменді еліміздің бүгінгі қоғамдық-әлеуметтік сұранысына сай үйлесімділікпен жетілдіре отыру. Көркем шығарма үлгілерін сапалы да саналы тәрбиенің негізі ретінде меңгертудің жолдарын іздестіру, әлемдік білім кеңістігіндегі жаңа бағыттарға сай оқыту.

Оқушыларды рухани, интеллектуалдық тұрғыда тәрбиелеу, өз елінің тарихын, әдебиеті мен мәдениетін, өнерін қастерлеуге баулу, дүниежүзілік өркениет жетістіктеріне ұмтылдыру әдебиетті оқыту әдістемесінің басты міндеттерінің бірі.

Екіншіден, мектепте әдебиетті оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі бақылау, арнайы ғылыми – зерттеу жұмыстарын жүргізіп отыру қазақ әдебиеті пәнінің өзіндік ерекшеліктері мен заңдылықтарын, сөз өнері ретіндегі табиғи қасиет-сипатын жан-жақты терең тануға жол ашады. Әдіс – амалдарды бірден – бірге дамытып отыру, әдістемелік проблемаларды әр қырынан қарастырып шешуге, нақты тұжырымдар жасап, ғылыми-теориялық қорытындылар дәйектеуге бағытталады. Мектепте оқыту үшін іріктеліп алынған әдебиеттің мазмұны мемлекеттік стандарт, бағдарлама, оқулық түрінде көрініс тауып, үнемі толықтырып отырылады. Сыныпта, сыныптан тыс оқу түрлерін толық қамти отырып, оқытуды ұйымдастырудың нақты әдістемесі арқылы жүзеге асырылады.

Үшіншіден, әдістер әр түрлі болуы заңды. Ең бастысы — «қалай оқыту керек?» Сұрағына жауап іздей отырып, мұғалім мен оқушының екі жақты әрекетін сабақтастыра айқындайды. Дұрыс жолға қойылған оқыту әдістемесі оқушылардың бойындағы әдеби білім мен дүниетанымын арттырып, өзіндік ғылыми көзқарас пен сенімді қалыптастырып, дамытуда тиімді нәтиже береді. Әдебиетте әдіс – тәсілдер, оқытудың түрлері сабақ процесінде мұғалім әрекетімен, оқушының пайдаланатын оқу құралдарының тиімділігімен тығыз байланыста іске асырылады.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Жалпы орта білім беретін мектептердегі әдебиет пәні мақсатының танымдық, тәрбиелік, дамытушылық міндеттерін саралаңдар.

2. Әдебиетті оқыту әдістемесінің ерекшеліктері қандай?

3. Әдебиетті өмірмен байланыстыра оқыту міндеттері туралы ой өрбітіңіз.

4. Әдебиетті қалай оқыту керек? — деген сұраққа өзіндік ой-тұжырымыңыз.

Әдебиетті оқыту әдістемесі пәнінің теориялық проблемалары

Көркем шығарма оқу проблемасы көркем әдебиетті сөз өнері ретінде қабылдап, ерекшеліктерін түсініп тануға, көркем әдебиетті оқуға деген қызығушылықты оятумен, жоғары эстетикалық талғамды қалыптастырумен тығыз байланысты. Нәтижеде,

1. Мәдениетті оқырман тәрбиелеудің негізі – оқушының бүкіл жан дүниесіне көркем туындының қалай әсер ететінін анықтап білу.

2. Шығарманы мазмұн мен түр бірлігінде, көркемдік тұтастықта қабылдай біліп, шығарма әлеміне енудің жолдарын іздестіру.

3. Көркем туындыны қабылдай отырып көркемдік-эстетикалық мәнін түсіну, өздігінен сауатты талдау, интерпретация жасай отырып, образды ойлау, қайта елестете алу қасиеттерін дамыту.

4. Әдебиет танымдық білім, ұғымдар, категориялар жүйесін меңгерудегі оқушылардың зерттеушілік қабілеттерін дамыту және олардың көркем туындыға оның кейіпкерлеріне, онда суреттеліп отырған өмір көріністеріне өзіндік көзқарасын, пікірін қалыптастыру.

5. Әдеби білім берудегі оқыту технологияларын, бағдарлама, әдістемелік нұсқауларды тиімді пайдалана білу.

6. Әдебиетті оқытуда дәстүрлі әдіс – тәсілдерді негізге ала отырып, оқытудың ұтымды жолдарын қарастырып, инновация мәселелерін көтеру.

7. Мұғалім, оқушы арасындағы ынтымақтастықтың негізінде оқытудың жаңа технологиясын енгізе отырып, шығармашылықпен жұмыс істеуге дайындау.

8. Сабақтың құрылысына өзгерістер енгізіп, жаңа моделін жасап құрастыру бағытында оқушылардың ой – пікір еркіндіктеріне мүмкіндіктер туғызып, шығармашылық зерттеу сипатындағы жұмыстарды кеңейту.

Әдебиетті оқыту әдістемесі пәні әдебиетті тиімді оқытып, меңгерудің жолдарын қарастырып, зерттеп отырады. Демек, әдебиетті оқыту әдістемесі – педагогикалық үрдіс, оқытушының әдебиетті оқытуы, оқушының көркем шығарманы оқуы болып табылады. Көркем туындыларды оқып үйрену негізінде оқушыларға әдеби білім мен тәрбие беру жөніндегі заңдылықтарға сүйене отырып, педагогика ғылымының теориясы мен ережелерін басшылыққа алады. Мұның өзі қазақ әдебиеті сабақтарында

оқушылардың танымы терең, талғамы жоғары дара тұлғалық қабілеттерін жан-жақты дамытуға игі ықпалын тигізетіні сөзсіз. Жалпы білім беретін мектептердің негізгі және жоғарғы сатыларында әдебиетті оқыту кешенді түрде жүзеге асырылады, үнемі даму үстінде болып, жас ұрпақты тәрбиелеуге өз үлесін қосады.

Әдебиетті оқыту әдістемесі — педагогикалық үрдісте оқушыларға әдеби білім мен тәрбие берудің ғылыми және тиімді жолдарын меңгертетін оқу пәні. Әдебиетті оқыту әдістемесі әдебиеттану ғылымдарымен бірге философия, эстетика, мәдениеттану, педагогика, психология, тіл білімі, тарих сияқты ғылым салаларымен тығыз байланыста дамиды.

Мектепте оқылатын оқу пәндерінің барлығы да оқушыларға ғылымның әр саласынан білім негізін меңгертеді. Солардың ішінен әдебиет пәнінің оқушыларға өмірді таныту, адамтану ғылымы тұрғысынан орны ерекше. Адам баласының ғасырлар бойы жасаған мұрасы ұшан – теңіз, олармен таныса отырып, оқушылардың білімі жан – жақты артады, өзіндік көзқарасы, дүниетанушылық қабілеті ақыл – ой парасаты дамиды. Әдебиеттің өзіне тән ерекшелігін, өзгеше сыр – сипатын танып біледі.

Бүгінде дара тұлғаны қалыптастыруға ерекше мән беріліп отырғанда, білім беру жүйесіне қойылатын талаптар күшейе түсуде. Мұның өзі тікелей білім мазмұнын жетілдіруге қатысты екені айқындала түседі. Оқыту — мұғалімнің білім берудегі жетекші әрекеті болса, оқу — оқушының танымдық, тәрбиелік әрекеті. Демек, әдеби білім негізінде оқушыларда оқиғалар мен өмірлік құбылыстарды ой елегінен өткізіп, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды құрметтеу сезімі біртіндеп қалыптасады.

Білім — дүниетанудың негізі болғандықтан, ол неғұрлым тереңдеген сайын дүниетаным да қалыптасып дами түседі. Таным — философиялық ұғым... Айналадағы материалдық шындықтың адам санасында бейнеленуі. Таным-адам санасын дамудың негізі. Жас өспірімдердің дүниетанымының қалыптасуында көркем шығарманың маңызы ерекше. Қазақ халқының бай ауыз әдебиетінен бастап, бүгінге дейін әдебиетіміздің қай-қайсысы болмасын баланың рухани жан дүниесінің баюына, ой – өрісінің дамып, дүниетанымның артуына көмектеседі.

Рухани дүниесі байыған сайын жүйелі білім мен тәрбие негізінде тұлғаға айналады. Демек, жастардың тұлға ретінде қалыптасуында әдебиет пәнінен игерген білімдерді адами қасиеттермен сабақтасып жатады.

Білім беруді гуманитарландыру – адамның рухани жан дүниесін, өмірге көзқарасын қалыптастыруда білімнің негізгі мазмұнына жаңа сипат беру, шығармашылық белсенділігі жоғары, әлеуметтік көзқарасы қалыптасқан, жан-жақты білімді, танымы жоғары маман тәрбиелеуге бағыттау. Бұл оқушының санасы мен дүниетанымын арттыруда қазақ әдебиеті пәніне жүктелер міндеттің аз еместігін танытып, мәні айқындала түседі. Оқушылардың дүниетанымының негізі, рухани әлемінің қайнар көзі саналатын көркем туындыларды бүгінгі заман талабы, уақыт сұранысына сай байланыстыра оқыту оқушының жеке тұлғалық қабілеттерін жан-жақты дамытатын оқырмандық мәдениеті мен тәжірибесіне қатысты ерекшеленеді.

Оқушыларда әдебиетті өнер деп тану, оның адамның жеке басына, қоғамдық өмірдің барлық саласына орасан зор ықпал жасай алатын күш-қуатын түсіну ұғымы тереңдей түседі. Көрнекті психолог ғалым П.Якобсон: оқушылардың көркем шығарманы тұтас бітім ретінде қабылдауының тиімді жолын көрсетеді. «Қабылдаудың барысы негізінде көркем шығарманың тұтас бітімін, оның бөлімдерін, олардың бір-бірімен іштей өзара байланысын айқын түсінгенде ғана көруші де, оқушы да, тыңдаушы да барған сайын тереңдей түсетін тұтас түсінік пайда болады, көркемдікті қабылдау қабілетінің биіктігіне қарай, ол әр алуан сүйініш-күйініш, ой, арман туғызады»³,— дейді.

Көркем шығармалардағы адамгершіліктің асқақ асуларына қаншалықты бойлаған сайын оқушының дүниетанымы, ойлау жүйесі биіктей береді. Демек, мұғалімдер қауымы оқушы жастардың өздігінен білім көтеру дағдыларын қалыптастыруда, олардың көркем әдебиет шығармаларын оқуға қызығуының рухани қажеттілікке айналуына айрықша назар аударулары керек. Бұл мәселелер қай кезде болмасын шет елдік, отандық зерттеуші ғалымдардың еңбектерінде арнайы сөз болып, қарастырылып келеді.

³ Якобсон.П.М. Психология чувств и мотиваций. – Москва. “Модэк” 1998. 30 с.

Мәселен, Ержи Фарино, Т.А.Калганова, Т.Ақшолақов, М.Мирқасимова, Б.Тухлиев, С.Матчанов, Р.Ниёзметова т.б еңбектерінде әдеби білім берудің талдау үлгілері өздігінен оқу, оқырмандық қызығушылықты қалыптастыру, мәтінмен жұмыс түрлері әр қырынан алып қарастырылған. Әр баланың дара тұлғалық қасиеттерін ашуға өзіндік іздесіне көмек, рухани күш берудің сан түрлі жолдары көрсетілген. Талдау барысында ғана шығарма барлық қырынан ашылып көрінеді, алуан түрлі сыр шертіп оқырман жүрегін баурайды, оқушы сонда ғана оның ішкі сырына тереңдей үңіледі, әсерленетіні мысалдар арқылы дәйектеледі.

Бүгінде әдебиетші мұғалімдерді, әдіскер ғалымдармен ата-аналарды оқушылардың көркем әдебиетті оқуға деген қызығушылығы алаңдатуда. 1994–1997 жылдар аралығында Ресей ғалымдарының зерттеулерін сараптай отырып қарасақ, бірінші кезекте оқушылар шетел әдебиетіне қызығушылық танытқан, екінші орында ХХ ғасыр орыс әдебиеті туындылары, сүйіп оқитын ақын-жазушыларының қатарына: Булгаков, Есенин, Пикуль (жоғары сыныптағылар), Н.Носов (орта сыныптар), үшінші орында орыс классикалық әдебиет өкілдері: Пушкин, Лермонтов, Толстой, Гоголь, Чехов, Тургенев т.б. аталған. Оқушылардың ғылыми әдебиеттерді, публицистикалық шығармаларды да оқитындықтары байқалады.

Оқырмандық тәжірибені шындай түсу, оқушылардың көркем шығарма оқуға қызығушылықтарын қажеттілікке айналдыру бүгінде өзекті мәселелердің бірі екендігі анық. ХХІ ғасырдың жастарын жан-жақты дамыған терең ойлы, дүниетанымы кеңейтіп тәрбиелеуде алынып жатқан асулар аз емес. Мұның бір шеті оқырмандық қызығушылықты қалыптастырып, оқу белсенділігін арттыруда екенін мұғалімдеріміз жақсы түсінеді.

Оқушылардың кітап оқу шеңберін бірте-бірте ұлғайта беру жүйелі оқу, пән бағдарламасы бойынша алатын білімдерін бір жүйеге түсіріп, әрі қарай тереңдету, оқырмандық мәдениетті қалыптастыруға педагогтарымыз айрықша мән беруде.

ХХІ ғасыр – ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениет дәуірі, бүгінгі таңда ақпараттық коммуникациялық технологияны дамыту білім беру саясатының түп қазығы, ажырамас бөлігі екені айқындала түсуде.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Бүгінде білім берудегі жаңа бетбұрыс, негізгі талаптар қандай?
2. Мектепте білім мен тәрбие үрдісін ұйымдастырудағы мұғалімнің рөлі.
3. Оқу пәндерінің құрамында әдебиет пәнінің алатын орны, оқытудың негізгі бағыттарын анықтаңыздар.
4. Әдебиетті оқыту әдістемесінің тән ерекшелігі, қарастыратын мәселелерін ажыратып көрсетіңіздер.
5. Әдебиетті оқыту – дара тұлға қалыптастырудың негізі екенін түсіндіріңіздер.

Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі пәнінің өзге ғылымдармен байланысы

Оқушыларға әдеби білім беру арқылы, оларға ақын-жазушылардың еңбектерін терең түсініп оқи білуде, олардың идеялық мазмұны мен көркемдік ерекшеліктерін ажырата, талдап ұғуда әдебиет теориясынан мағлұматтар жүйелі түрде берілуі тиіс. Сонда ғана оқушыларымыз көркем шығарманың мазмұны мен қалпын біргелікте қарастыра отырып, оның идеялық тақырыптық мазмұнын, образ-кейіпкерлерін, сюжетін, композициясын, тілін және жанрлық ерекшелігін көркем шығарманың қоғамдық, көркемдік және тарихи – әдебиеттік маңызын түсініп білген жазушының стилін таниды.

Сол арқылы әр жазушының өзіне ғана тән ерекшеліктерін ұғынады. «Стиль – жазушының барлық туындыларын түгел қамтиды. Жай қарағанда бір – біріне ұқсамайтын сықылды. Жазушының әр шығармаларын тереңірек зерттесек, өзара жақындығын, бірліктерін көреміз. Олар бір жазушының қолынан шыққан туындылар болғандықтан, әр қайсысы-ақ «мен пәленнің қаламынан тудым»,— деп, сыбырлап тұрғандай. Өйткені, стиль — жазушының өзі деп көрсетеді академик Қ.Жұмалиев.

Ал орыстың ұлы сыншысы В.Г.Белинский «слог» деген сөзді стиль мағынасында қолдана отырып, бүкіл ой, жазушының жан дүниесі, таланты, адамның мінез құлқы т.б. бәрі осында тоғысқанын айтады. Демек, стиль ұғымына жазушының тілі, сөйлем құрылысы, оқиға дамытуы, тақырыпты таңдауы көркем

туындының композициясы, жанрлық ерекшеліктері т.б. көптеген компоненттер кіреді.

Әр туындының өзіндік ерекшеліктерін танып, талдап түсіне білу жазушының өзіне тән шығармашылық ерекшелігін анықтауға жол ашады. Жазушының сөз қолданысын, шығарманың көркемдік ерекшелігін бағалауда, талдау жұмысының ғылыми шешімін табуда әдебиеттану ғылымының көмегі зор. Көркем шығарманы талдап оқуға үйрету – студенттің де, оқушының да ойлау қабілеті мен шығармашылық ізденісін, танымдық белсенділігін қалыптастырудың бірден – бір жолы. Әдеби теориялық білім шығарманы оқып-үйрену барысында, сол туынды бойынан шығарылып, игеріледі. Көркем әдебиеттің өзіндік ерекшеліктері, шығарма құрылымы, әдеби жанр түрлері, ақындық тіл туралы ұғым түріндегі түсініктер қалыптастырады.

Нәтижеде оқушылар әдеби кейіпкер болмысын даму, қалыптасу үстінде ұғынып түсінеді, шығармашылық белсенділігі мен өзіндік ізденісі артады. Сондай-ақ, әдеби білім деңгейінің өсуі жүйелі түрде әдебиет теориясынан берілетін ұғымдармен қатар әдебиет тарихы, стилистика т.б. бойынша алған білімдері толығырақ түсіп, көркем мәтінді игеру тәсілдері, олардың білім-біліктілігі арта түседі.

Әдебиетті оқыту әдістемесі ғылымы бірнеше ғылымдар аясында дамып, өзінің әдіснамалық негізін айқындаған арнайы ғылым саласы болып табылады. Оны төмендегі модельден көреміз:



Тіл білімімен байланысы

Көркем әдебиет сөз өнерінің туындысы болғандықтан, стиль мен тіл бір – бірімен тығыз байланысты болғанымен, бір нәрсе емес. Көркем шығарманың идеялық-тақырыптық мазмұнын, оқиғаны дамыту, адам характерін ашу, күйініш-сүйінішін жеткізу, шындықпен астастыра суреттей білу т.б. барлығы тілдің күші арқылы іске асырылады.

Ғұлама ғалым Әл-Фарабидің «Бақытқа жету туралы» трактатында «Тіл – ғылыми ойлаудың тіршілік ету, өмір сүру формасы болып табылады, тіл арқылы өрнектеледі, осы арқылы ғылым баяндалады, білім алынады»⁴, — деп тіл білімін бірінші орынға қоюы тегін емес. Сондай-ақ тіл біліміне тікелей қатысты логика, басқа ғылымдарды игеруде екінші орында тұруда үлкен мән жатқаны белгілі. Бұл ой-тұжырымдар бүгінде өзінің өзектілігімен құнды.

Адам тілінің басты қасиеті — айтылған ойды білдіретін, адамдардың бір-бірімен түсінісетін құралы. «Тіл –көркем әдебиеттің бірінші элементі» болғандықтан, әр жазушы өзінің ой-өрісіне сай пайдаланылады. Тілдің қызметі шексіз, ақын-жазушы шығармасында өзінің идеяларымен обрздарын тіл арқылы суреттеп, бейнелейді. Тіл — көркем әдебиеттің туындыны талдауға жататын құрамды элементтеріннің бірі болғандықтан, жазушы тілі де, кейіпкер тілі де шығарманың идеялық-көркемдік мазмұнын ашудың басты құралы болып табылады.

Адам санасында шындықты бейнелеу жинақтау құралы — тіл болса, сөйлеу — адамның интеллектуалдық әрекетінің ерекше түрі. Демек, әдебиетті оқыту әдістемесіне тіл білімінің қосар үлесі ерекше. Себебі, көркем шығармадағы сөздердің қай-қайсысы болмасын көркемдік қызмет атқарады.

Әр жазушы өзіне тән стилін қалыптастыруда тіл шеберлігіне келіп саяды. Көркем туындыда көркемдік қызмет атқармай тұрған бірде-бір сөз кездеспейді, олардың барлығы да көркем бейнелі, өрнекті сөздердің қатарында болады. Ал ақын-жазушының өз шығармасында бұларды қолдануы суреткердің шеберлігіне байланысты жүзеге асады. Сондай-ақ жазушының тіл шеберлігі суреттеп отырған құбылысына керекті сөздерді, көркем сөз құралдарын қиыстырып сөйлем құрауы арқылы да көрінеді.

Көркем туынды сөйлемдерінің құрылу ерекшеліктері шығармада айтылатын ойға сәйкес берілуі, сөздердің ұйқасы бар, сөйлемдердің синтаксистік жағынан әр түрлі болып келуі жазушының тіл шеберлігіне байланысты көрініс табады.

Көркем шығарманың тілі жазушының суреттеп отырған құбылысына қарай сөздерін қиыстырып сөйлем құрумен

⁴ Әл-Фараби. Әлеуметтік этикалық трактаттар. Алматы, “Ғалым”. 1975. 48-б.

байланысты айқындала түседі. Жалпы, адам баласының ғасырлар бойы жинаған тарихи-мәдени, рухани мұраларды тіл арқылы меңгерудің, өз ойын жеткізіп, өзін-өзі ұғынуға, өзгені танудыңда бірден-бір құралы екенін мойындай отырып, тілдің қоғамдық маңызын түсіндіру, ана тілінің бүгінгі таңдағы әлеуметтік рөлін айқындай түсу қажеттігі туындайды.

Демек, әдебиетті оқыту әдістемесі тіл білімімен, әдебиет теориясымен бірлікте байланысты. Әдеби-теориялық ұғымдарды оқушыларға қалыптаструда оқытушы алуан түрлі әдіс-амалдарды қолдана отырып жүзеге асырады. Студенттердің әдебиет теориясынан алғатын білімдерінің жан-жақтылығы келешекте мектепте әдебиет пәнін ғылыми жолмен оқудың принциптерін нақтылы айқындауға жол ашары сөзсіз.

Тарих ғылымымен байланысы

Қай халықтың көркем әдебиеті болмасын, сол халықтың көркем тарихы болып табылады. Мектепте қолданылып жүрген пән бағдарламаларында берілген әдеби шығармалар тарихи-хронологиялық ізбен орналастырылған. Тарихи-әдебиеттік түсініктер ақын-жазушының өмірбаянын өтумен байланысты толықтырып отырады.

Сынып жоғарылаған сайын оқушылардың тарих жөніндегі ұғым-түсініктері бірте-бірте күрделене түседі. Қазақ әдебиетінің, әр кезеңдегі әдеби құбылыстарын жан-жақты ашып көрсетуде, дұрыс мағлұматтар беруде Отанымыз тарихы ғылымының орны ерекше. Әдебиетімізге негіз болатын да тарих екені даусыз. Жоғары сыныптарда қазақ әдебиетінің жеке дәуірі кезеңдеріне байланысты тарихи әдебиеттік шолу тақырыптар баршылық. Бұларды түсіндіру барысында міндетті түрде тарихи және саяси әлеуметтік жағдайлар сөз болады. Мәселен, ХІХ ғасырдың бірінші жартысындағы тарихи жағдай, Батыс Қазақстандағы Бөкей ордасында патша өкіметінің отаршылдық саясатына қарсы көтерілген қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілісі сөз болғанда оның басшылары Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы туралы айтылатыны Махамбет тек көтеріліс басшысы емес, ақындығымен, жалынды отты сөздерімен халқына қызмет еткені айтылады.

Ақын өлеңдерін оқытуда оқушылардың дүниетанымын қалыптастырып, туған жерге деген патриоттық сезімін ояту мақсатында, ақын туындыларын, өлеңдерін көтеріліс тарихымен тұтастықта қарастырған жөн. Махамбет поэзиясы — қаһарлы да айбарлы, өзіне тән беделі, өр рухы бар жауынгер поэзиясы екенін оқушылар түсіну шарт. Олар Махамбет өлеңдері ерлік пен елдіктің үлгісі, бүгінде егеменді еліміздің өшпейтін рухымен сабақтаса беретін қазақ халқының тарихы екеніне көз жеткізе береді.

Нәтижеде тарихи және әдеби білім негізінде жастардың отан сүйгіштік рухани құндылық бағдарлары мен көзқарасы қалыптасады. Әдебиет пәні оқушыны тарих ғылымынан жан-жақты зерделеп, жақсы түсініп білуге бағыттайды.

Психологиямен байланысы

Әдебиет пәнін ғылыми жолмен оқытуда психология ғылымы да ерекше рөл атқарады. Әдебиетті оқыту әдістемесінің әр түрлі мәселелері психология ғылымымен тығыз бірлікте бірін-бірі толықтырып отырады. Әдебиетті оқыту әдістемесі психологиялық заңдылықтарға негізделіп, ереже, қағидаларды басшылыққа алады. Әдеби білім беруде оқушылардың психологиялық ерекшеліктері есепке алынады. Оқушының жалпы психикалық дамуы оқу мен оның өздігінен оқуына тығыз байланысты.

Бүгінде оқушылардың психикалық дамуы, ақыл-ой қабілеті ерте дамидыны белгілі. Ойлау күрделі психикалық үрдіс, ойлау үрдісі өзіне тән логикалық амалдардан: анализ, синтез, салыстыру, топтастыру, жалпылау, тұжырым қорытынды жасау т.б. тұрады. Әдеби білім беру арқылы жас ұрпақтың бойында еңбек сүйгіштік, шығармашылық пен ойлау білу, өз білімін үздіксіз жетілдіріп отыру дағдылары біртіндеп қалыптасады.

Көркем шығарманы оқытудағы маңызды жұмыс түрлерінің бірі-көркем сөз мәтінін, дұрыс оқуды ұйымдастыру болып табылады.

Әдеби мәтінді дұрыс оқып, талдау барысында пайда болатын психологиялық үрдістер теориялық ұғымның қалыптасуына әсер етеді.

Әдебиет пәнінің оқытушысы оқушыларды жүйелі зерттеп, оқырмандық қызығушылықтарын анықтайды. Олардың психологиялық жас ерекшелігін ескере отырып, оқыған

шығарманы қабылдау, түсіну дәрежесін саралайды. Әдебиетті өнер табиғатына сай оқыту арқылы жаңа психикалық қасиеттер қалыптасады, оқушының психологиялық дамуы өздігінен ойлауы жоғары сатыға көтеріледі. Ойлау, таным әрекетінің ең жоғарғы формасы, ол – күрделі психикалық үрдіс.

Демек, әдебиетті оқытудың шығармашылық сипатын күшейту оқушылардың оқу процесіндегі ой дербестігін, оқу әрекетін, образды ойлау, қайта елестете алу қасиеттерін дамытуға ықпал етеді.

Қазақ әдебиетін оқыту барысында пәннің білім мазмұнына қатысты теория мен тәжірибенің байланысы, оқушының психологиялық жас ерекшеліктерін ескере отырып, білімді ізгілендіру әлеуметтік сұраныспен сәйкестендіру, шығармашылықпен жұмыс істеуге бағыттау іске асырылады. Сондай-ақ баланың психикалық дамуын жетілдіруге, өздігінен ойлау әрекетінің жоғарылауына көмектеседі. Ең бастысы жаңа психикалық қасиеттердің де біртіндеп қалыптасуына жол ашылады.

Оқушылардың психологиялық жас ерекшелігіне сәйкес танымдық мүмкіндіктері әдеби білімді игеру барысында үнемі дамып отырады. Мұның өзі оқушыларды ойландыруға жетелеп, ерік-жігер және басқа да сезімдік қасиеттерін қалыптастыруға ықпал жасайды. Оқу үрдісінде олардың әдеби білімді меңгеру қабілеттері артады.

Әдебиетті оқыту процесінің негізгі мәселелерінің қай-қайсысы болмасын психология ғылымымен тығыз байланысты болып, бірін-бірі толықтырып отырады.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. «Поэзияның әсемдік әлеміне саяхат» атты сыр толғау жазыңыздар.

2. Жазушының өзіне тән ерекшелігі «стиль» екеніне мысалдар келтіріңіздер.

3. Қазақ әдебиеттану ғылымының методологиялық проблемаларын саралап көрсетіңіздер.

4. «Тіл — көркем әдебиеттің бірінші элементі» — деген ұғымға түсінік беріңіздер.

5. Әдебиетті оқытуда тарихи оқиғалардың орны қайтіп сипатталады?

6. Оқушылардың жас ерекшеліктерін анықтауда психология ғылымының орны туралы түсінік беріңіздер.

Мектепте әдебиетті оқыту әдістемесі пәнінің қалыптасу тарихы

Қазақ әдебиетінің пән ретінде мектепте оқытыла бастауы, оқулықтар, бағдарлама жасаудағы тәжірибелердің жинақталуы — әдебиетті оқыту әдістемесінің қалыптасуына негіз болды. «Методика» сөзі ежелгі грек тілінен аударғанда «таным тәсілі», «зерттеу жолы» деген ұғымдарды білдіреді. Яғни, әдіс дегеніміз нақты міндетті шешу, мақсатқа жетудің тәсілі болса, әдістеме әдістер кешені. Әдістеме пәні — педагогикалық процес, оқытушының әдебиетті оқытуы, оқушының әдебиетті оқуы. Әдістеменің негізгі бағыты — оқу үрдісін ұйымдастыру, білім беру және игеруге басшылық жасауда оқыту әдістерінің мазмұны мен түрлерін анықтайды.

Әдебиетті оқыту әдістемесі жас ұрпақты тәрбиелеудің кешенді міндеттерін іске асыруға қызмет жасайды. Қазақ әдебиетінің оқыту әдістемесінің біртіндеп дамуына, теориялық ой-пікірлер мен тұжырымдардың қалыптасуына негіз болған Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Ж.Аймауытұлының еңбектерінің маңызы ерекше болды. Ы.Алтынсарин «Педагогикалық жұмыстағы шешуші жауапты кезең мұғалімнің ең тиімді әдістерді таба біліп, білімді оқушылардың сапалы меңгеруінде», — десе, Ж.Аймауытұлының: «Әдістеме үнемі жетілдіруді қажет ететін, үнемі жаңаны табатын өнер», — деген пікірлері бүгінде мұғалімдеріміз үшін өте құнды. 1930 жылдардың өзінде «Ауыл мұғалімі» журналындағы әдістемелік ой-пікір насихатшысы болып, тәжірибе алмасуға өз үлесін қосты. Журнал беттерінде жарияланған мақалаларда әдеби мәтіндерді оқушылардың ұғыну, түсіну, талдау, мәселесіне басты назар аударылғанын көреміз.

Әдебиетті оқытудың әр түрлі мәселелеріне қатысты көркем шығарманың үздік туындыларын іріктеп алу, кітапты қалай пайдалану керек, мәнерлеп оқуға төселдіру, оқушылардың кітап оқуға деген белсенділігін арттырудың жолдары т.б. жайында С.Қожахметов, М.Мәметова, Ә.Үсенов т.б. мақалалары журналдың

бірнеше сандарында жарияланды. Бұл мұғалімдер үшін қажетті, құнды дүниелер болды.

Сондай-ақ, журнал беттерінде орыс және шетел педагогтарының оқыту және тәрбиеге байланысты пікірлерінің жарияланып тұруы білім саласындағы үлкен жетістіктердің бірі еді. Мәселен, оқыту жүйесінің негізін қалаушы неміс ғалымы И.Ф.Герbartтың ой-пікірлері назар аударарлық дүниелер. Зерттеуші-ғалым тәрбиелей отырып оқыту принципін енгізді. Герbart оқыту үрдісін бірнеше сатыға бөледі: жаңа тақырыптың өткен сабақтарда алған білімдермен тығыз байланыста болуы, теорияны түсіну, оны пайдалана білу, материалды бөліп алып талдау, талқылау, қорытынды тұжырымдар жасау жайындағы ғылыми негізде айтылған пікірлерімен қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда әдіскер-педагогтарымыз таныс болып, өз еңбектерінде тиімді пайдалана білді.

Мектепте қажетті оқу-әдістемелік құралдарын дайындап шығару жөніндегі қаулыларға сәйкес 1930-1940 жылдары әдебиетті оқыту жайында алғашқы тәжірибелер біршама жинақталып жариялана бастады.»Орта мектептегі қазақ тілі мен әдебиеті», «Әдебиеттік оқу материалдары» жинақтарында қазақ мектептерінде әдебиетті оқытудың әр түрлі үлгілері жайында әдістемелік ой-пікірлер тұжырымдалды. Кезінде бұл үлгілер мектеп мұғалімдері үшін үлкен көмек болды.

1933 жылы Халық Ағарту Комиссариатының жанынан педагогикалық ғылыми-зерттеу институты ашылып, С.Жиенбайұлы, Ш.Кәрібаев, Р.Г.Лемберг, Ш.Сарыбайұлы, Н.Сауранбаев т.б ғалымдар қызмет атқарды, 1934-1935 жылдары мұғалімдерді даярлау, мамандардың білімдерін жетілдіру сияқты іс-шаралар жүзеге асырылды.

XX ғасырдың алғашқы жартысы жаңа әдістемелік бағыттар мен ағымдардың пайда болуының жемісті кезеңі болды. С.Жиенбайұлының орта мектеп мұғалімдеріне, арнаулы орта және жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған «Қазақ тілі методикасы»(1941-1946) еңбегі әдістемелік тәжірибесі мен теориялық ой-тұжырымдары жинақталған құнды еңбектердің бірінен саналады. Еңбекте қарастырылған мәселелер әдебиетті оқыту әдістемесіне де өзінің игі ықпалын тигізді.

Оқулықта ана тілі методикасының педагогикалық негіздері, талдау үлгілері, кітап оқыту әдістемесі жайлы сөз болды. Әсіресе, автор оқытушылардың әрбір сабағы шығармашылық жолмен өту керектігіне ұсыныстар берді. «Методика – рецепт емес, әкімшілік нұсқау да емес, педагогикалық кеңес, жол-жоба», - деген пікірін көптеген зерттеушілер құптады.

1930-1940 жылдары ұлттық мектепті, қазақ тілі мен әдебиетін өркендетуге септігін тигізген тың ойлар мен тұжырымдар, педагогика мен психологиядағы жаңа көзқарастардың қазақ әдебиетін оқыту әдістемесіне өзіндік ықпалы болғанын көреміз. Қазақ мектебінде ана тілін оқытуға арналған тұңғыш әдістемелік құралдар А.Байтұрсынұлының «Баяншы» (1920), М.Жұмабайұлының «Бастауыш мектепте ана тілін оқыту жолы», «Педагогика», Ж.Аймауытұлының «Ана тілін қалай оқыту керек?», «Тәрбиеге жетекші», «Психология» (1924, 1926) т.б. еңбектер қазақ тілі мен әдебиетінің ғылыми негізде дамуына зор үлес қосты.

Әрине, ХХ ғасырдың алғашқы жартысында қалыптасқан қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесінің құрылымы, оқу құралдар деңгейі жоғары болғанымен, сол кезең үшін маңызы ерекше екені белгілі. Сондай-ақ бұл еңбектердің қай-қайсысы болмасын осы уақытқа дейін ғылыми-тәжірибелік мәнін жоймаған құнды дүниелер.

50-жылдары әдебиет пәні мұғалімдеріне көмек ретінде әдістемелік тұрғыдан оқу құралдары, ақын-жазушылардың өмірі мен шығармашылығын танытудағы көптеген еңбектер жарық көрді. 50-жылдардың оқыту әдістемесі ғылымындағы елеулі еңбектердің бірі: Ә. Дербісәлиннің «IX сыныпта Ы.Алтынсарин творчествосын оқып-үйрену» атты әдістемелік құралы, Ш.Кәрібаевтың «Әдеби оқу» (1951), Ә.Дайырова «Бастауыш кластарда кластан тыс оқу» (1953), С.Тілешова «V класта көркем шығарманы оқып үйрену», «Әдебиеттік оқу сабақтарындағы жазба жұмыстарының түрлері» (1957) т.б сияқты еңбектердің қай-қайсысы болмасын қазақ әдебиетін оқыту әдістемесіне қосылған алғашқы ауқымды, бағалы зерттеулер десек артық емес. Бұл еңбектерде әдеби талдау мәселесі, тіл дамытудың оқушылардың білім көлеміне, жас ерекшелігіне байланысты түрлендіріліп отыруы, сыныптан тыс оқудың тиімділігі т.б жан-жақты сөз болды.

Ең бастысы әдіскер-ғалымдардың әдебиеттік білімінің терең және тұрақты болуына, оқушыларды көркем шығарманы түсініп, талдай білуге, шығармашылықпен жұмыс істеуге бағыттау екеніне айрықша назар аударылды.

1957 жылы Алматы қаласында өткен қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің республикалық конференцияның рөлі зор болды. Конференцияда озат мұғалімдер мектепке қазақ тілі мен әдебиетін оқытуға байланысты өз іс-тәжірибелерінің жетістік жақтарын ортаға салды.

Оқу бағдарламасын, оқулықтарды жетілдіру, мәтін мен жұмыс, сыныптан тыс оқу, талдау үлгілері, жазу жұмыстарын жүргізу туралы жан-жақты әдістемелік тұрғыдан пайдалы кеңестер айтылып, талқыланды. Оқыту барысында тиімді әдіс-тәсілдердің түрлері, оларды шығармашылықпен пайдаланудың ұтымды жолдары көрсетіліп, келешекте әдебиетті оқытуға сәйкес жүргізілетін іс-шаралардың бағыт-бағдары айқындала түсті.

Конференцияда жасалған баяндамалардың көпшілігі жинақ болып басылды. Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуға байланысты айтылған тың ойлар мен ғылыми сараптау, тұжырымдар әдістеме ғылымының дамып жетілуіне бірден-бір себебін тигізді.

1961 жылы жарық көрген «Мектепте қазақ әдебиетін оқыту мәселелері» атты жинақта республиканың әр жерлерінде еңбек етіп жүрген әдебиет пәні мұғалімдері К.Зәкіров, Қ.Халықов, С.Аманбаев, Қ.Бадырақов, Ғ.Әміренов т.б. мақалаларының сұрыпталып ұсынылуы, жастарға әдеби білім мен тәрбие беру жолындағы игілікті іс-шаралар еді. Әдебиетті оқыту әдістемесі тарихында 60-70-жылдар жемісті жылдар болды деуімізге әбден болады. 1962 жылы Ә.Қоңыратбаев, «Әдебиетті оқыту методикасының очерктері»⁵ атты еңбегінде бағдарлама, оқулық, әдістемелік құралдар дайындауда Ш.Кәрібаевтың еңбегін ерекше бағалайды. Оқытудың тиімді әдістемелік жолдарын іздестірудегі еңбектерінің маңыздылығын саралап ашып көрсетеді. Сондай-ақ автордың 1966 жылы шыққан қазақ мектептерінің IX-X сынып мұғалімдеріне арналған «Әдебиетті оқыту методикасы» еңбегі қазақ әдебиетін оқытуда мектеп мұғалімдеріне қажетті көмекші құрал ретінде құндылығы зор болғанын көреміз. Көркем

⁵ Қоңыратбаев.Ә. Әдебиетті оқыту методикасының очерктері. 1962. – 30 бет.

шығарманы оқушыларға меңгертудің ұтымды жолдарын, жазушы стилі, оның тіл ерекшелігі, шығарма кейіпкерлерін талдау барысындағы әдіс-тәсілдер, т.б. сұрыпталып ұсынылады.

А.Көшімбаев 1962 жылы «Сегіз жылдық мектепте әдебиетті оқыту методикасының мәселелері» еңбегінде «Кітапшада көрсетілген ереже, қағидалар келтірілген үлгі мысалдарды пайдалануда әрбір мұғалім өзіндік шығармашылық танытып, педогогикалық және методикалық шеберлігін үздіксіз байытып, жетілдіріп отырғанда ғана, оқу-тәрбиелік процесті дұрыс ұйымдастыруда жетістікке жете алады»⁶, -деп жазды. Ал, 1969 жылы жарық көрген «Қазақ әдебиетін оқыту методикасында» қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің ғылыми пән екенін дәлелдеп көрсете білді.

Сондай-ақ әдебиетті оқытудың мақсат, міндеттері мен мазмұнын аша отырып, басқа ғылым салаларымен байланысты, оқытудағы жетекші принцип, қолданылатын әдіс-тәсілдер, көркем шығарманы талдау, мәнерлеп оқу, сыныптан тыс жұмыстар, ауызша, жазбаша тіл дамыту, т.б басқа мәселелерге тоқталды. Қазақ әдебиеті әдістемесінің әдебиеттану ғылымының дамуынан кеш қалуының себептерін ашуға тырысты.

Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі ғылымының бастауында тұрған көрнекті-әдіскер ғалымдар: Ә.Қоңыратбаев пен А.Көшімбаевтың еңбектерінің маңызы ерекше. Әдебиетті оқыту әдістемесінің негізін қалаудағы ғылыми-әдістемелік мұралары кейінгі әдебиетті оқытуға байланысты зерттеуші ғалымдардың ғылыми жұмыстарында, әдістемелік еңбектерінде жалғасын тауып, дами түсті.

1966 жылдары оқыту жүйесінде біршама өзгерістер енгізілуіне сәйкес, жаңартылған бағдарламалар жарық көре бастады. 1967-1968, 1968-1969, 1969-1970 жылдары С.Қирабаевтың «Әдебиетті жаңа программамен оқытудың кейбір мәселелері», Ә.Дайырованың «Қазақ әдебиетін оқытуда жаңа бетбұрыс», Қ.Өміралиевтің «Абайдың нақыл сөздерін оқу-тәрбие ісінде пайдалану», М.Мырзахметовтың «Абай шығармаларын Әуезовше оқып үйренейік», С.Тілешованың «IV-VI класстарға арналған қазақ әдебиетінің жаңа программалары мен оқулықтары жөнінде»,

⁶ Көшімбаев.А. Сегіз жылдық мектепте әдебиетті оқыту методикасының мәселелері. Алматы: “Мектеп”, 1962. 86 б.

Т.Ақшолақовтың « VIII-X класс программалары мен оқулықтарын жетілдіру жолдары» т.б еңбектерінде оқу мазмұны, мектеп дамуындағы өзгерістермен қатар, қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінде де жаңа идеялар, ой-пікірлер көрініс тапты. Мәселен, Е.Дайырбаевтың «Мектепте шығарма жаздыру методикасының кейбір мәселелері» (1963), Ә.Дайырованың «Орта мектепте І.Жансүгіров творчествасын оқыту» (1969), «Оныншы сыныпта мәтінмен жұмыс істеу», т.б. әдістемелік еңбектері республика мектептеріне кеңінен таратылып, ұстаздар тарапынан қолдау тапты. 60-70 жылдары озат мұғалімдер тәжірибесі де жинақталып мектептерге пайдалануға ұсынылады. Қ.Тасболатовтың «Әдебиет сабағында оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру жолдары» (1974) әдістемелік құралында әдебиет сабағын проблемалап оқытудың теориялық жақтары, «Абай жолы» романын проблемалық тәсілдермен оқыту оқушыларды шығармашылық ізденіске жетелеу мәселесі жан-жақты сөз болады. Автор: «Проблемалық «оқытуды оқушының өткен білген материалы көлемінде, бірақ толық біліп меңгеріп болмаған білімі көлемінде жаңаны ашуға көмектесетін тәсіл амалдары тауып қолдана білетін дәрежеге жеткізген жағдайда ғана қолдану тиімді»⁷, — деп өзінің көп жылғы тәжірибесіне сүйеніп, құнды тұжырымдар білдіреді.

Әдіскер ғалым Т.Ақшолақов «Проблемалы оқыту оқушы үшін проблемалы ситуация қоя білгенде ғана мүмкін болмақ»⁸, — деп проблемалық жағдай туғызу үшін оқулықтағы сұрақ-тапсырмаларды соған бағыттау керектігін көркем туындының идеялық-эстетикалық табиғатын танытуда оқушылардың өздігінен ізденісін жүзеге асырудағы оқулықтағы тапсырмалардың қызметін ашып көрсетті.

1975 жылы жарық көрген Т.Ақшолақовтың «Көркем әдебиетті оқыту» атты әдіснамалық еңбегінде автор шығарманың эмоциялық қуатына ерекше назар аудара отырып, көркем туындыны эстетикалық біртұтас құрылым ретінде қарастырады. Автор «Қалыпты сөздер шығарманың көркем құрылымына ену арқылы әр түрлі рең алады, алуан өрнек-бояу жасайды. Сол сөздер бір-бірімен іштей кірігіп эстетикалық қарым-қатынасқа түсу арқылы өнер

⁷ Тасболатов.Қ. Әдебиет сабағында оқушылардың танымдық. Алматы: “Мектеп”, 1974. 56 б.

⁸ Ақшолақов.Т. Қазақ әдебиетін оқыту. Әдістемелік құрал. Алматы: 1995. 50 б.

әлемін тұғызады»⁹, - деп сөз сырып ашуда жазушы шеберлігінің айқын көрінетінін нақты мысалдармен дәлелдеп көрсетеді.

Мектепте қазақ әдебиеті пәні оқытуды жетілдіруде 1990-2000 жылдары әдістемелік бағыттағы ғылыми мақалалар жинағының рөлі ерекше болды. Бұл мақалалардың қай-қайсысында болмасын әдебиетті оқытудың өзекті мәселелеріне арналып дәлелді мысалдармен дәйектеледі. Сондай-ақ ақын-жазушылардың, А.Құнанбаевтың, Ж.Жабаевтың, М.Әуезовтің арнайы мерейтойлары қарсаңында ғылыми мақалалар зерттеу еңбектер, жинақтар жарық көрді, ғылыми практикалық конференциялар өткізілді. Мұнда ақын-жазушылар шығармаларын жаңаша оқытудың жолдары, ұтымды әдіс-тәсілдер ұсынылды. Жинақтарда басылған (Ә.Дайырова, Г.Құрманбаева, С.Дүйсебаев, Б.Әрінова, Н.Керімбаев, Қ.Жаманбаева т.б.) ғылыми зерттеу мақалалары әдістеме ғылымына қосылған маңызды еңбектер болды. Көркем шығарманы талдаудың теориялық негіздерін арнайы зерттеп, пән мұғалімдері үшін талдаудың үлгілерін жүйелеп көрсетуде ғалым-әдіскер Т.Ақшолақовтың еңбегі бүгінде өз құнын жойған жоқ.

Қазақ әдебиетін мектепте оқыту әдістемесінің ғылым ретінде дамып қалыптасуына жеке ұстаздардың озат тәжірибелерінің маңызы ерекше болды.

Атап айтқанда, әдіскер Қ.Айтқалиев сабақтың тиімділігін арттыруда, әдеби-теориялық ұғымдарды меңгерту, оқушыларға білім мен тәрбие берудегі атқарылатын ұтымды іс-шараларды өзінің көп жылғы тәжірибесі негізінде жинақтады. Тәуелсіздік алғаннан соң әдіскер-ғалымдардың педагогикалық және әдістемелік ізденістеріне кең жол ашылды.

Тәжірибелі ұстаз Қ.Бітібаеваның атаулы мектебінің іс-тәжірибесі қазақ мектептеріне кеңінен насихатталды. «Әдебиетті оқыту әдістемесі» (1997), «Әдебиет сабағының түрлері» (1989), «Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары», «Әдебиетті тереңдетіп оқыту мәселелері», әдіскер ғалымдар Т.Қалдыбаевтың «Әдебиет сабақтарында тіл ұстарту» (1999) Қ.Йулдашевтің «Адабиет үқитишнинг илмий-назарий асослари» (1996), М.Мирқосимованың «Адабий тахлил методикаси» (1993), С.Матжоновтың «Мактабда адабиетдан мустақил ишлар» (1996), «Китоб үқишни биласизми?»

⁹ Ақшолақов.Т. Қазақ әдебиетін оқыту. Әдістемелік құрал. Алматы: 1995. 48 б.

(1993), Б.Тұхлиевтің «Адабиет үкитиш методикаси» (2006), Р.Ниёзметованың «Адабиет үкитиш методикаси» (2020) сияқты т.б. оқу-әдістемелік кітаптарда толығынан баяндалып, мұғалімдерге көмекші құрал ретінде пайдалануға ұсынылды. Сондай-ақ, бұл әдістемелік еңбектерді ұстаздар қауымы бүгінде әдебиетті оқыту барысында шығармашылықпен пайдалануда. Демек, озат мұғалімдер тәжірибесін таратудың, әдістеме ғылымының дамуында, әдебиетті оқытуды жақсарту, жетілдіруде маңызы ерекше екенін көреміз.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Қазақ әдебиеті пәнінің алғашқы бағдарламаға дейінгі оқытылу жайы (алғашқы оқулықтар) қандай дәрежеде болды?

2. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің даму кезеңдерін (1932-1957) (1957-1990) жүйелеп көрсетіңіздер.

3. Жаңа буын оқулықтарының өзіндік ерекшеліктері неде?

4. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің қалыптасып дамуындағы педогогикалық оқулар мен ғылыми-тәжірибелік конференциялардың рөлі қандай?

5. XX ғасыр алғашқы жартысындағы жаңа әдістемелік бағыттарға шолу жасаңыздар.

6. Тәуелсіздік алғаннан кейін әдебиетті оқыту әдістемесі ғылымында қандай тың өзгерістер жүзеге асырылды?

Әдебиетті оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер

«Метод»- әдіс грек тілінде «зерттеу», « таным тәсілі» деген мағынаны білдіреді. Ал әдіс дегеніміз-белгілі бір мақсатқа жетудің, нақты міндетті шешудің жолы, тәсілі. 1920-30 жылдардың өзінде пәнді оқытудың әдіс-тәсілдеріне мән беріліп, әдістеме ғылымының маңызы арта түсті.

Кезінде «Қазақ» газеті бетінде ұлттың болашағы үшін әдебиеттің қызметі, оны оқып білудің жолдарына ерекше мән берген ұстаз-ғалым А.Байтұрсынов «Мынаны естен ешқашан шығаруға болмас, тәуелсіз дербес өмірге өзінің ана тілінде сөйлейтін және төл әдебиеті бар, оны терең танып меңгеруге,білуге талпынатын халық қана таласа алады»-деген көрегендікпен айтқан пікірінің мәні бүгінде құнды.

Сондай-ақ 1920 жылдары Әлихан Бөкейханұлы өзінің «Серуен жасап зерттеу әдісі» атты еңбегінде оқудың құр жаттанды болуына

қарсы екендігін, ойсыз жаттаудың білім сапасының төмендеуіне әкеп соғатынын көрсетеді.

Ә.Бөкейханұлының бұл пікірі ғұлама Әл-Фарабидің «Философтардың қойған сұрақтарына жауаптар» еңбегіндегі «Жаттап оқығаннан, түсініп оқыған жақсы, жаттап алуға ұмытылған кісі мақсатына жетпейді, еңбегі зая кеткендей болады»,— деген пікірмен сабақтасып жатқанын көреміз.

«Шын білім тәжірибеде ғана туады. Білім жолының негізі — тәжірибе болады, жаттап алып білген білім кісіден сұрап киген тон сияқты. Тойда тонымды бер деп шешіп алғандай, жаттап алып білген білім мектептің табалдырығын аттай бере естен шығады да ұмытылады» дей келе, зерттеу, тәжірибе, жаңа материалды баяндау білім алудағы ең пәрменді әдістер деп санайды. Ә.Бөкейханұлы кітаптың білім алудағы маңызын бірінші орынға қояды.

«Ақыл зерек тексеріп, тергеп, терең бойлап тоқып, кестелеп көзбен көргеннен, қолмен ұстағаннан қорытынды шығарады. Бұл неше сыннан өтіп, таспадай сыдырылып, таяқтай жанылып білім негізі шығады»,— дейді ғалым.

Ал, ұлтына «Оян қазақ», — деп ұран салған қайраткер, ақын, жазушы, ғалым М.Дулатов «Қирағат» оқулығының алғы сөзінде: «Балаларды оқыту өз алдына бір ғылым - педагогика. Мектеп бағдарламасында бірінші орын алған нәрсе - қирағат, баяндап, түсіндіре оқытудың жолдарын жас мұғалімдер ескеріп білулері қажет», — деп қандай әдіс болмасын жүйелі, берік білім қалыптастыруға негізделе отырып, оқушылардың саналылығы мен белсенділігін арттыру керектігін дәлелдеп көрсетті.

Бұл пікірлердің қай - қайсысынан болмасын, туған халқы алдындағы перзенттік борышын адал орындаған қазақтың зиялы азаматтарының құнды ой - тұжырымдары білімді ұрпақ тәрбиелеуге арналғаны, оқыту теориясы, әдістеме ғылымына қатысты да салиқалы ойлар айтқаны анық байқалады.

Көрнекті әдіскер – ғалым В.В.Голубков «Әдебиетті оқыту әдістемесі» еңбегінде әдебиет сабағындағы негізгі үш түрлі әдісті көрсетеді: 1. Лекциялық әдіс. 2. Баяндау әдісі. 3. Өздік жұмыстарының әдісі. Осы негізгі әдістерді көрсете отырып, автор әрқайсысын жіктеп береді. Мәселен, әдебиет сабақтарында баяндау әдісі, сұрақ - жауап түріндегі әңгіме әдісі, мұғалімнің кіріспе сөзі, қорытынды сөзі, түсініктеме бере отырып оқу әдісі, талдау жасау

мақсатымен қолданылатын көркем сөз мәтінін мәнерлеп оқу әдісі т.б. сөз болады. Педагог - ғалым М.Н.Скаткин: «Әдіс дегеніміз — мұғалімнің оқушыны білуге жетелейті жолы, оның ақыл - ой күшін дамыту жолы»¹⁰, — деп орынды пікір білдіреді. Әдістер « қалай оқыту керек? « деген сұрақтың шешімін іздейді.

Оқушылардың шығармашылық қабілетіне қарай И.Я.Лернер мен М.Н.Скаткин әдістің 5 түріне тоқталып, топтап, жүйелеп ұсынады.

1. Түсіндірмелі - иллюстративті әдіс.
2. Репродуктивті әдіс.
3. Проблемалы - түсіндіру, өзекті мәселені мазмұндау.
4. Эвристикалық, ізденушілік әдісі.
5. Зерттеу әдісі.

Бұл әдістердің қай - қайсысы болмасын оқушылардың шығармашылық, мүмкіншілігін, өз бетімен жұмыс істеу қабілетін арттыруға көмектеседі.

Ал Н.И.Кундяшев болса, көркемдік қабылдаудың тиімді жолдарын көрсетеді. Шығармашылық оқуға баса назар аудара отырып, тәжірибелік әдістерді жіктеп береді. Ю.К.Бабанский әдістерді топтап беруді ұсынады: 1) Оқу - танымдық әрекетін ұйымдастыру; 2) Осы әрекетке ынталандыру, қызықтыру; 3) Оқу - танымдық әрекеттің тиімділігін тексеру, бақылау.

Әдіскер – ғалымдар М.Г.Качурин, Б.Г.Маранцман, Г.Н.Ионин т.б. Жоғарыдағы әдіс-тәсілдерді дамыта отырып, әдебиетті оқытуда өздерінің тиімді әдіс-тәсілдерін жүйелеп көрсетеді: 1) көркемдік интерпретация әдісі ; 2) шығармашылық әдіс, бұрынғы білімдерін жаңғырту; 3)ізденім әдісі, жаңа ақпарат алуға қызығушылығын туғызу т.б.

Әдіскер-зерттеуші А.Көшімбаев өзінің «Қазақ әдебиетін оқыту методикасы» (1968) еңбегінде әдебиетті оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдерді осы негізге сүйене отырып талдап көрсетеді. Сабақты оқытудың әдіс-амалдарын түрлендіре отырып өткізу мұғалімнің іс-шеберлігіне байланысты екені айтылады.

Әдістердің құрамды бөлігінің бірі — оқушылар мен мұғалім әрекетінің тәсілдері. Зерттеуші ғалым Т.С.Сабыров: «Тәсіл амалдардың жиынтығы, оқушылардың таным-әрекетін ұйымдастыру

¹⁰ Скаткин.М.Н. Проблемы теории учебника отечественной дидактики. Москва: “Наука”, 1992. 18 с.

тәсілдері, білім берудегі мұғалім мен оқушылардың өзара әрекет моделі», — деп анықтама береді. Демек, тәсілдер мұғалімнің басшылығымен нақты міндетті шешуге бағытталған әрекет екенін көреміз.

Оқытудың әдістемелік тәсілдері алуан түрлі болғандықтан, әр тәсілді орынды пайдалана білу мұғалім шеберлігіне байланысты іске асырылады. Әдіскер ұстаз Қ.Бітібаева академик Ю.Н.Бабанскийдің «Оқу-тәрбие процесін оптималдандыру» (1982) еңбегіндегі әдістер 3 топқа жинақтап көрсетілгенін, әр топтың бірнеше оқыту әдістерінен тұратын корсете отырып, тәжірибелік зерттеу әдістерінің тиімділігін ашып, басшылыққа алады. Әдебиетті оқытудағы орны ерекше, тиім әдістер жүйесін ұсынып, оны сабақта пайдаланудың жолдарын нақты мысалдармен дәлелді көрсетеді

Әдістеме ғылымында әдіс түрлерінің қолдалыну бағытына сай әр пәннің өзіндік ерекшеліктері мен оны тәжірибеде пайдалануға сәйкес өзіне тән әдістері болады. Қандай әдістер болмасын пән мазмұнын терең меңгертуге бағытталады. Әр әдістің қолданылатын орны оқыту барысында анықталып, мұғалім басшылығымен іске асырылады. Оқытушының іс-әрекетіне қарай әдістердің атауы сан түрлі болып түрленіп келеді. Кейде бір әдіс бірнеше әдіспен қабаттасып келуі мүмкін.

Әдебиетті оқытуда мұғалім сөзінің маңызы ерекше, мәтіндерді мазмұндау, әңгімелеу арқылы оқушының танымдық әрекетіне жол ашылады.

Оқытудағы әдістердің барлығы да сөздік әдістерімен байланысты. Мұғалім мен оқушының бірлесе жүргізген жұмыстарының нәтижесі сөздің көмегінсіз байланысады. Демек, мұғалім мен оқушы әрекеті тәсілдерінің жиынтығы. Әдістемелік тәсілдер-нақты міндеттерді шешуге бағыттайтын әрекеттер жиынтығы. Әдіс-тәсілдер бірнеше түрлі болып келеді, мұның өзі мұғалімге әр тәсілді шеберлікпен, орынды пайдалана білуді міндеттейді.


Жалпы білім беру саласында қолданылып келе жатқан педагогикалық оқыту әдістері баршылық. Сондай-ақ, 1) сабақта оқыту үрдісін ұйымдастыру әдістері; 2) білім алу көздеріне байланысты оқыту әдістері; 3) сабақ құрылысына, мұғалімнің қоятын мақсатына қарай оқыту әдістері.

Бұл жалпы әдістерді сабақ барысында қолдану арқылы әр бағыттағы жұмыс түрлері, көптеген тәсілдер қабаттаса қолданылып, сабақтың түрленуіне жол ашады. Кезінде А.Байтұрсынұлы: «Әдіс-қажеттіліктен, керекшіліктен шығатын нәрсе.Әдістің жақсы-жаман болмағы жұмсалатын орнының керек қылуына қарай», -деп текке айтпаса керек.

Оқыту әдістерін жіктеуде сабақтың танымдық мақсатына қарай, оқушылардың жаңа материалды қабылдауы, түсінуі, өзіндік ой-тұжырым жасауына бағыт-бағдар беріледі. Олар арнайы әдеби тапсырмалармен жұмыс жүргізе отырып, ауызша-жазбаша сұрақтарға жауаптар әзірлейді. Оқыту үрдісінде әдістер бірін-бірі толықтырып, тығыз бірлікте байланысады, әдістемелік жүйесі жасалып, оқыту мақсаты айқындалады. Мысалы, мектеп бағдарламасы бойынша Абай шығармалары төменгі сыныптан бастап оқытылады. Оқушылардың танымдық әрекетін туғызуда басты назар мәтінге үңіле қарап, нені меңгеріп, игеретінін айқындауға аударылады.

Сабақтың барлық кезеңінде қарапайым әңгімелеу әдісі арқылы мәтінге қызығушылығын қалыптастырып, сұрақтар бойынша олардың жеке пікірлерін туғызу, дәлелдеп отыруға төселдіру қажет. Бұл-даярлық, мотивациялық кезең. Абай шығармаларын оқытудан бұрын «Абай ұлылығы неде?» деген сұрақ төңірегінде әңгіме қозғаған дұрыс. Абай сөзі халық білімінің жиынтығы, өлеңмен өрнектелген тағылым қазынасы, қазақ елінің әлеуметтік ақыл-ой дамуының биік шыңы екенін ұғындыру. Абай мұрасын танып білу, оқып үйрену үзбей жүйелі түрде жүргізілуінің нәтижесінде ақын поэзиясы жан-жақты зерттеліп лайықты бағасын алуына сай, бүгінде Абайтану ғылымы қалыптасқаны жайында мағлұматтар беру.

М.Әуезовтің Абайдың айналасын, ақындық ортасын ақынның өзі алған нәрі және өзгеге берген нәрі деп екі салаға жіктеп көрсеткені жайында түсініктер беру (сызба арқылы көрсету).



Оқушылар кестені әдебиет пәндеріне сызып жазады.

2. Абайдың өнеге алған үлгі мектебі жайында әңгіме-сұхбат.

а) Дана ақынның нәр алған қайнар көзі-өз халқының саф алтындай ауыз әдебиеті;

ә) Екінші бір тапқан қазынасы-Шығыстың ұлы шайырларының көркем классикалық поэзиясы.

б) Батыстың ұлы ақындарының туындыларынан бастау алғанын нақты мысалдармен әңгімелеу, ұлы ақынды таныту барысындағы ізденістер.

1. Ұлы Абайдан жеткен аманат, асыл сөздер – келешек ұрпақ үшін таптырмас құнды қазына Абай даналығының шексіз екендігіне көз жеткізу. Оқушылар Абай даналығының туралы іздене отырып еркін сөйлеуі, ой – тұжырым жасауы.

«Ақын жырлап отырған мәселеге сен қалай қарайсың? Сенің жүрегің қалай толқиды, не айтасың?»,— деп әңгімеге тарту барысында, оқушылар мұндай әңгімелесу, ой – бөлісуге өзіндік үнімен келеді. Проблемалық сұрақтарға жауап іздеу барысында оқушылар топқа бөлініп, өздерінше ой – толғанысқа түседі, әр түрлі пікір, көзқарас білдіреді.

I топ.

Абай тағылымы, бүгінгі ұрпаққа қалдырған ақын аманатының бүгінгі заманмен үндестігі.

Ұлы Абай білімнің негізі — еңбекте, талаптануда ерінбей іздене білушілікте екенін баса айтады. Ақын сөзі болашаққа бағыт - бағдар сілтейді. Мысалы,

Пайда ойлама ар ойла,
Талап қыл артық білуге
Артық ғылым кітапта
Ерінбей оқып көруге,—

деп оқушыларды ой еңбегіне шақырады, тереңнен сөйлеуге баулиды, логикалық қабілетін дамытады. Немесе:

Біреуді көркі бар - деп жақсы көрме
Лапылдақ көрсе қызар нәпсіге ерме!
Әйел жақсы болмайды көркі менен
Мінезіне көз жетпей көңіл берме,

деген жолдарындағы даналық ойды бүгінгі жастарымыз тереңірек ұғып - түсінсе артық емес, Ақын «Қыран бүркіт не алмайды салса баптап» өлеңінде:

Қарқылдап қарға қалмас арт жағынан,
Күйкентайы үстінде шықылықтап,
Өзі алмайды , қыранға алдырмайды,
Күні бойы шабады бос салақтап,—

деген өлең жолындағы қияда самғайтын қайсар қыранға , оның еркін самғауына зиянын тигізіп, бөгет болып жүрген «күйкентай» мен «Қарғалар» бейнесіне оқушылар назарын аудару.

II топ.

Ақын ұлылығын ұлағатты қара сөздері танытып, толықтыра түседі.

Бұлардың барлығы бүгінгі ұрпақ үшін таусылмас - мол қазына. Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар, содан қашпақ керек. Әуелі — надандық, екіншісі — еріншектік, үшіншісі — залымдық деп білесің. Білімсіздік — хайуандық болады Еріншектік күллі дүниенің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік — бәрі осыдан шығады» (38 қара сөз).

«Баланың жақсысы — қызық», жаманы — күйік « (18 қара сөз) «Қазақ тыныштық үшін, ... ғылым үшін, әділет үшін қам жемейді... егер малды болса, әкесін жаулауды да ұят көрмейді» (5-қара сөз).

Өз қалқының келешегі туралы кемеңгер ақынның ой-толғанысын, қазақ қауымының мінез - құлқындағы келеңсіз

жайларды түсініп, оқушылар мұндай жағымсыз психологиядан құтылудың жолын іздейді.

Абай көтерген идея — жалпы адамзатқа ортақ идея. Ақынның өлеңдерінде көтерілген адамгершілік, гуманистік мәселелер қара сөздерде терең дәлелденіп тұжырымдармен түйінделіп отыратынына оқушылар көз жеткізеді. Жағымсыз қылықтардан аулақ болуға, адам өмірінің мәні неде екенін түсінуге жетелейді. Ақынның адамгершілік қасиеттерді насихаттайтын т.б. қара сөзінде болашақты болжай білгенін, кемеңгерлігін танып біледі. «Біріңді, қазақ, бірің дос көрмесең істің бәрі бос» деп бірлік, ынтымақты сақтауға үндейді. Ұлы Абай өзінің өшпес туындыларымен мәңгі жасай беретінін оқушылар үлкен сенім мен әңгімелей отырып, айтып жеткізе біледі.

Көркем шығарманы жан-жақты меңгеріп, терең түсіне отырып талдауда әңгімелеу әдісінің орны ерекше. Ұлы Абай туындыларын шығармашылықпен еркін әңгімелеу барысында оқушының ой белсенділігі, дүниетанымы, өзіндік пікір - тұжырымы, ізденісі артады. Ақын айтқан заман шындығын ұғынып, философиялық идеясын түсінудің алғышарттары жасалады. Ең бастысы оқушылар көркем шығарманы талдай білуге ұмтылады, ой толғанысына түседі.

Мұғалім мен оқушының оқу үрдісіндегі қарым-қатынасы сан алуан, көп қырлы болып келеді. Оқытушы өз пәнін өте жетік білгенімен, оқушылардың қызығушылығын оятып, шығармашылық әрекетін туғыза алмаса, айтарлықтай табысқа жете алмайды. Демек, оқыту әдістерін тиімді пайдаланудың жолдарын іздестіру, мұғалімнің үзбей жүргізетін жүйелі іс - әрекетіне байланысты іске асырылады.

Оқушы мен оқытушыны арасындағы жұмыс түрлеріне сәйкес, әдістердің атауында әр түрлі болып келеді. Бүгінде ғалымдар әдістің көптеген түрлерін көрсетеді. Әр әдістің қолданылатын орны, өзіндік мақсаты бар. Сабақтың мақсат міндетіне байланысты оқытушы қай әдіс - тәсілдің қандай жағдайда пайдаланылатын іріктеп алып, мүмкіндіктерін саралап анықтайды.

Оқыту әдістерін жан-жақты толықтыра отырып, сабақ барысында қажеттілікке қарай бір әдістен екінші әдістің басқа түріне ауыса білуі керек. Түрлі тапсырманы орындауда әр түрлі жағдайда әрекет етуде әдістердің түр-түрін қолданған жөн.

Бүгінде әлемдік деңгейде оқытудың тиімді жолдары мен әдіс-тәсілдерін іздестіру жұмыстары кең көлемде қарастырылуда. Оқыту әдістері - әдістеме құрай отырып, динамикалық қозғалыста болатын өміршең ғылым. Ол үнемі уақыт сұранысына, заман талабына сай дамиды, жаңарады, өзгереді, толығырақ. Мұны жаңа технологияларды пайдалану арқылы өткізілген сабақтар дәлелдей түседі.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. В.В.Голубков «Әдебиетті оқыту әдістемесі» еңбегінде (1962ж.) қандай әдістерді тиімді деп көрсетті?

2. Кезінде ұрпақ тәрбиесіне мән берген «Алаш» қайраткерлерінің оқу-ағарту саласындағы ой-пікірлерін жинақтап көрсетіндіздер.

3. Әдебиетті оқытудағы қолданылатын негізгі әдіс-амалдар қандай? (Мысал келтіріңіз).

4. Абай шығармаларының тәрбиелік мәні жайлы түсінік беріңіздер.

5. Қазақ әдебиетінің оқу-әдістемелік ғылым ретінде қалыптасуына шолу жасай отырып, бүгінгі өмір талабына сай оқыту мәселелерінің өзіндік бағыт-бағдарын ерекшеліктерін анықтаңыздар.

Эпикалық шығармаларды оқыту

Эпикалық шығармаларға әңгіме, роман, эпопея, мысал, хикаят (повесть) жатады. Эпикалық шығармалардың өзіне тән ерекшеліктері олардың негізгі бір мазмұнға құрылуы, сюжет, композициясы, тақырыбы, көркем бейнелері, яғни көркем компоненттерінің барлығы. Сондықтан оларды талдау барысында, ең алдымен, әдебиет теориясынан білім беріледі. Мысалы, әңгіме жанры деген не, оның хикаяттан немесе романдан айырмашылығы не? дегендей. Әдеби-теориялық білім бастауыш ұғымнан бастап, сынып жоғарылаған сайын, оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты күрделене түсуі керек. Эпикалық шығармаларды оқытуда, талдауда міндетті түрде мына мәселелер басшылыққа алынады:

1. Көркем шығарманың сюжеті, көтерген тақырыбы, проблематикасы.

2. Көркем образдары, образдар галереясы.

3. Автор - көркем туындыны жасаушы, көркем туындыны жазушы. Автор және көркем туынды.

Көркем шығарманы талдау оны оқудан басталады. Көркем туындыны толық оқымай, мазмұнын жетік меңгермей тұрып, оны талдау мүмкін емес. Әңгіме, мысал сияқты шағын жанрларды талдау (барлық көркем компоненттерін қосып) роман, эпопеяларға қарағанда әрі қолайлы, әрі жеңіл болады. Әңгіме мен мысалды талдауда мұғалімнің олардың көркем табиғатын таныту, барлық бітім-болмысын сөз етуге мүмкіндігі мол. Ал роман, эпопеяны бағдарламада көрсетілген аздаған сағаттарда толық дәрежесінде талдау мүмкін емес. Сондықтан, әсіресе, осындай көлемді шығармаларды оқыту үшін, мұғалім айрықша еңбектенеді. Ең бастысы, қандай мәселелерге көңіл бөлу керек, талдаудың қай түрі тиімді, қандай әдіс-тәсілдер нәтижелі болмақ, міне, осы мәселелерге мұғалім ерекше назар аударады. Оқушылар роман, повестерді оқи отырып, автормен, кезігеді, онымен іштей сырласады, олар авторды да, оның туындыларын да өз пікірі, эмоциясы, дүниетанымы арқылы қабылдайды. Ал мұғалім мақсаты – сол алғашқы, өзіндік қабылдауларды ғылыми негізге бағыттау, дұрыс бағыт бағдар беру болып табылады. Көлемді шығармаларды талдауда да мұғалім көркем мәтінмен жұмыс істеуге ерекше ден қоюы керек. Әрі оны тұтастай қарастыруды ойластырғаны жөн (мазмұн мен форма бірлігін сақтай). Эпикалық шығармаларды талдау әр буында өзіндік ерекшеліктерімен даралана талданады (сыныбы, жасына қарай). Мысалы, бастауыш буында (Ү-ҮІІ) сюжеті, композициясы, кейіпкерлеріне назар аударылса, ҮІІІ-ІХ сыныптарда ол тереңдей түседі, авторлық тұрғыға, оның негізінде жатқан проблематикаға көңіл бөлінеді, ал жоғары сыныптарда әдебиеттану ғылымының басты талаптарымен талдау, әдеби-теориялық негізде тереңірек талдау жүзеге асуы тиіс.

Көркем туындының сюжеті мен композициясы

Эпизодтармен жұмыста мына мәселелерге ерекше көңіл бөлу керек:

1. Қай буында болмасын, оқушылар өздері оқыған шығармалардың мазмұнына, оқиғасына ерекше көңіл бөледі. Ал оқиғалар бір-бірінен туындап жатады, жалғасып жатады, оқиғаның басталуы, дамуы, шарттары, шешімдері бар. Олардың барлығы оқиға құрылысына жатады. Талдауда ең алдымен оқиға, композиция

назарға алынады. Солар арқылы кейіпкерлер іс-әрекеті, характері ашылады, шығарма негізіндегі авторлық ой да көрінеді. Талдаудың бұл түрінде мұғалім ең басты эпизодтар, оқиғаларға көңіл бөледі, соны бөліп алады, оқушыларға мазмұндатады, мәнерлеп оқи отырып, әрі түсіндірмелі әдіспен өзіндегі ой, жазушы позициясы, тақырып беріледі. Оқушы әр кейіпкер негізінде үлкен бір ой жататынын білуі керек. Образға талдау әр буын да, әр жағынан қарастырылады. Мысалы, V-VI сыныптардың оқушылары әдеби кейіпкерден гөрі, Барлас пен Байкөкшені, немесе, Қарашоқыны сол қалпында өмірде болған адам деп қабылдайды. Олар үшін әдеби кейіпкер жоқ, оның есесіне тірі адам, өмірде болған адам ғана бар. Талдау барысында, сынып жоғарылаған сайын, олардың әдеби кейіпкер туралы түсінігі қалыптасады, оларға сын көзбен карауы, олардың негізінде жатқан авторлық ойға көз жүгіртулері басталады. Мұғалім де кейіпкер іс-әрекетін түсіндіру үшін, әр түрлі сұрақтар қояды. Бір кейіпкер мен екінші кейіпкерді салыстыру жұмыстарын жүргізеді, әр кейіпкерге деген автор көзқарасын, қарым-қатынасын анықтау мақсатында әдіс-тәсілдер пайдаланады. Мысалы: Сәлмен мен Жарасбайдың қайсысы Бақтығұл тағдырында ерекше орын алады? немесе Сәлмен мен Жарасбайдың қайсысы катал, әділетсіз, ұнамсыз?» («Қараш-Қараш оқиғасы»). Бақтығұл саған ұнай ма? Ұнамаса, қандай мінезі, іс-әрекетін айтар едің?» тәрізді сұрақтар осы буындағы оқушыларды образ табиғатын түсінуге, өз пікірлерін айта білуге жетелейді. Жоғары сыныптарда көлемді эпикалық шығармалар оқытылады. Ескертіп кеткеніміздей, роман, эпопеяларда бірнеше образдар, яғни образдар галереясы беріледі. Оның барлығын талдап біту мүмкін емес, сондықтан ең негізгі кейіпкерлерді талдау нысанаға алынады. Сондай-ақ кейіпкерлерді іс-әрекеті, шығармадағы орны, авторлық ойға байланысты топтап, жинақтап талдау да образ талдаудың басты әдіс-тәсілдерінен саналады (төменде мысалдар беріледі). Образ талдауда мәтінді оқи отырып, көркем туындының негізгі оқиғаларына оқушы назарын аудартады. Мысалы, М.Әуезовтің «Әженің әңгімесінде» мына оқиғаларды сұрыптап алуға болады:

1. Әжесінің ертегісі, әңгімелері халық әдебиетімен жас Абайды таныстырды.

2. Барлас, Байкөкше акындар Абай аулында, аналар үйінде.

3. Ақындардың Абайға, Абайдың ақындарға деген ыстық ықыласы. Ақындар батасы.

Басты оқиғаларды мазмұндату, оған жоспар жасату сюжет-композициялық талдаудың ең негізгі әдіс-тәсілі болады. Басты оқиғаларды оқушылардың өзін қатыстырып отырып, сұрыптатып алуда мұғалім сұрақтар қояды. «Балалар, осы әңгімедегі ең басты оқиға деп, қай оқиғаны айтар едіңдер?» немесе «Абайға әсер еткен, оны ерекше толқытқан қай оқиға, соны айт» деген сұрақтар арқылы оқушыларды осындай жұмыстарға жетелеу тиімді болмақ. Ары қарай оқушылар бөліп алған басты оқиғаларды тақтаға немесе дәптерге жазғызып, оған тақырып қойғызып (мұғалім өзі де көмекке келеді), әңгімеге тұтастай жоспар жасатуға болады. Басты эпизодтарды бөліп ала отырып, онымен жасалатын жұмыста мұғалім көркем туындыны мүлде ұмытып кетпейді, қайта сол эпизодты ашып, оны тұтастай қарастыру жолдарын ізденеді. Ең бастысы шығарманы мүше-мүше етіп бөліп тастамай, бірлікте қарастырып отырған дұрыс.

а) Эпикалық шығармаларды образдар бойынша талдау — мектепте ең көп қолданылатын дәстүрлі әдіс. Мұндай талдаудың күрделілігі сол — олардың іс-әрекеті арқылы оқушыларға әдеби-теориялық ұғымдар туралы білім беруге де назар аударылып отырады. Тип, прототип, образ туралы алғашқы ұғымнан бастап сынып жоғарылаған сайын, олардың саны да, түсіндірудің тереңдігі мен ауқымы да арта түседі.

ә) Эпикалық шығармаларды оқыту, талдау барысында оның негізіндегі авторлық ойға, авторлық көзқарасқа көз жүгірту — басты мәселелердің бірі. Оқушы көркем туындыны оқып отырғанда, авторды ұмытып кетеді (қай сыныпта, қай буында болса да). Оларды, әсіресе, төменгі сыныптарда оқиғалар жүйесі, кейіпкерлер іс-әрекеті қызықтырады. Олар «Бір атаның балаларын» оқып отырып, «Нартай мен Ертайды айырмаса екен» деп, толқып отырса, «Көксеректе» қасқырдың іс-әрекетін қызықтап кетеді. Мұғалім төменгі буынның өзінен бастап-ақ көркем туынды негізіндегі авторлық ойға оқушылар назарын аудартып, бұл мәселеде жүйелі жұмыс істеп отыру керек. Авторлық ойды, қай шығарманы алмайық, оңай таба салу мүмкін емес, ол образдардай, олардың іс-әрекетіндей айқын, «мен мұндалап» тұрмайды. Авторлық ой шығармада жасырын жатады. Мұғалім мақсаты оны «жарыққа

шығару» болып табылады. «Жарыққа шығарудың» бірнеше жолдары, тиімді әдіс тәсілдері бар. Кейде егер шығарма бірінші жақтан берілсе немесе әңгімеші арқылы баяндалса, оқушылар оны автордың өзі екен деп қабылдайды. Мысалы, «Шұғаның белгісі», т.с.с. Бұндайда мұғалім әңгімелеуші мен автор бөлек адам екенін, бұл тек суреткердің бір стильдік ерекшелігі, тәсілі екенін айтуы керек. Осы көркем шығарманың жазылу мәнері, тілі, құрылысы, суреттеу, баяндау, портреттеу тәсілдері — бәрі-бәрі авторға, оны тануға жол ашады. Мысалы, «Қорғансыздың күніндегі» боран немесе «Көксеректегі» жарық айлы түн сияқты пейзаждардың кейіпкер тағдырларына тікелей әсері бар екенін, сол пейзаждар арқылы М.Әуезов қорғансыздардың тағдырын алдын ала білдірсе, «сүттей жарық айлы түн» Абайдың өмірлік ақ махаббатын бейнелейтінін, т.б. талдау барысында оқушылар түсінеді. Көркем туындыдағы «авторды» таныту — күрделі де маңызды мәселе. Оны тағы қандай жолдармен жүргізуге болады? Мәселен, І.Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясын оқытуды үлгі ретінде ұсынуға болады. Аса көрнекті қазақ жазушысы, ақын, публицист, қоғам қайраткері Ілияс Есенберлин Ақмола облысы, Атбасар қаласында 1915 жылы дүниеге келеді.

1940 жылы Кенметаллургия институтын тамамдайды. Инженер, шахта бастығы, болып қызмет атқарады. Соң Отан соғысына қатысады.

Әдебиет майданына поэзиямен келеді. 1945 жылы «Айша», «Сұлтан» атты поэмалары жарық көреді.

Проза саласында 1960 жылдардан көріне бастайды. Нәтижеде тарихи роман жанырын дамытуға ерен еңбегі үшін Мемлекеттік сыйлықтың иегері атанады.

Жазушының шығармаларының басты ерекшелігі:

Есенберлиннің романдары арқылы қазақ тарихының бірнеше ғасырға созылған тарихи әрі көркем полотносы жасалды. Сюжет пен композицияның тұтастығы, характер жасау шеберлігі айқын.

«Көшпенділер» трилогиясы, «Алмас қылыш», «Жанталас», «Қаһар» атты үш кітаптан тұрады. Оқытушы қазақ әдебиетіндегі тұңғыш трилогия ретінде маңызын тарихи деректермен түсіндіріп береді. Соң трилогияның көркемдік әлемін маңызын оқушыларға түсіндіреді.

Әңгіме жанрын оқыту

М.Әуезовтің 8-сыныпта берілген «Қараш-Қараш оқиғасы» хикаясын оқыту алдында оқушылардың таным қызығуы, ынтасы, белсенділігін арттыру мақсатында, әңгімедегі оқиғалар өмір шындығынан алынғанын, Бактығұл өмірдегі Рысқұлдың прототипі екенін (әрине, прототипке түсінік беру қажет) қосымша материалдарды пайдалана отырып, әңгімелеу қажет. Яғни, Тұрар Рысқұлов жайында деректер, қуғын-сүргінге ұшырауы, т.б. туралы. Жалпы шығарманың көтерген проблемасы феодалдық замандағы қорғансыздар, кедейлер тағдыры, әділетсіздік, жауыздық, ел ішіндегі барымта, ұрлық, күндестік сияқты сахара өмірінің небір шындық картинасын керсету, әділдік іздеу, шындық іздеу, сол жолдағы адасу, кек қайтару сияқты бас қаһарманның жанталасқан іс-әрекеті, психологиялық күй-жағдайлары повестің негізгі өзегі, қазығы болып табылады. Әңгімені оқытуда тек мазмұны ғана емес, ең бастысы, оның негізгі проблематикасы, жазушының идеялық-эстетикалық мұраты, сол жолдағы табысы сөз етілуі керек. Сюжет, композиция тұтастығы, тіл көркемдігі, характерлердің жасалу жолдары айналасындағы еңбек те ең негізгі мәселелер. Әдеби-теориялық ұғымдарын тереңдету, хикая, прототип, кейіпкерлердің психологиялық күй-жайы, сюжет, композиция, суреттеу, портреттеу, баяндаулар туралы да түсінік беру сабақтың басты мақсаттарының бірі болып табылады. Повесті талдау ең алдымен мазмұнын меңгеруден басталмақ. «Қараш-Қараш оқиғасы» көлемі жағынан көлемді, көтерген проблемасы жағынан салмақты болғандықтан, бағдарламада берілген санаулы сағаттардың ішінде оны талдау да күрделі мәселе. Сондықтан мұғалім ең тиімді деген әдіс-тәсілдер іздеуі керек. Мазмұнын сыныпта, әрі үйде меңгерту жөн. Шығарманың ұзақтығын ескеріп, әрі оқушының тез оқуы, қызығуын ұйымдастыру мақсатында, тарауларына тақырып қойып, ол талдаулардағы басты оқиғаларды көрсетіп, жоғарыдағы үлгіде көрнекі етіп жазып, пайдаланып отырудың маңызы зор.

Бөлімдер	Тақырып	Басты оқиғалар
I	Іште кеткен кек	1. Тектіғұлдың ауруы, ауыр тағдыры. 2. Аянышты өлім.
II	Кек жолындағы жортауыл	1. Бактығұлдың өш алу жолындағы Сәлмен жылқысына барымтаға аттануы. 2. Биені ұрлап әкетуі.

III	Құғыншылар	1. Биені әкеп сойып алуы. 2. Құғыншылар үстінен дөп түседі.
IV	Пана іздеу	1. Масқара соққыға ұшырауы. 2. Намыс, ар, қорлану.
V	Адасу	1. Арқар атуы. 2. Жарасбай ауылына оны тарту етуі. 3. Жарасбайға айтқан өкініші, тілегі.
VI	Екі жүзді аярлық	1. Жарасбайдың сенімдігі серігі. 2. Бактұғылдың ақ жолдан таюы. 3. Барымтаның жиелеуі. 4. Әділет іздеп әділетсіздікке еріксіз баруы.
VII	Құғын	1. Ел ішіндегі тартыстың ұлғаюы. 2. Жарысбайдың сатқындығы. 3. Билер соты, үкім.
VIII	Өш алу	1. Қашып құтылуы. 2. Құғын. 3. Тау-тасқа жасырыну. 4. Жарысбайды атып өлтіріп өз алуы.

Мазмұнын сыныпта оқыған кезде мұғалім оқылып жатқан бөлімдердің басты-басты эпизодтарын ашатын сұрақтар қойып, тұжырымдап отырады. Ал үйге берер алдында сол бөлімдердің мазмұнын қысқа түрде өзі айтып беріп, өз беттерімен оқуды тиімді ұйымдастыру үшін сұрақтар беріп, соған жауап дайындауды талап етеді. Мысалы, IV бөлімді үйге өз беттерімен оқып келу тапсырылса, мынадай сұрақтар, тапсырмалар жүйесін ұсынуға болады:

1. Соққыдан оналған Бақтығұл қандай шешімге келеді?
2. Арқар ату себебі не?
3. Оны Жарасбайға неге сыйға тартады?
4. Жарасбайға қандай тілек, өтініш айтады?
5. Жарасбай ол өтінішке қалай қарайды?

Мәтінмен жұмыс кезінде мұғалім, әсіресе, оқиғалармен қабаттаса келіп отыратын суреттеу, портреттеулерге ерекше көңіл бөлуі керек. Сол себептен де осы үйге берілген бөлімді сұрақтар арқылы талқылай отырып, кітаппен жұмыс, яғни практикалық жұмыс арқылы портреттеу, суреттеулерді таптырып, олар қандай

тілмен берілген, оның шығармадағы орны, маңызына да тоқталып отыру тиімді болмақ. Әңгіме-хикаяны оқытуды қандай әдіс-тәсілдермен жүзеге асыру керек, ол солардың өзіне тән ерекшеліктеріне байланысты болып келеді. Мысалы, осы «Қараш-Қараш оқиғасында» практикалық жұмыстардың рөлі ерекше. Себебі, суреттеулер, портреттеу, мінездеу, баяндаулар, кейіпкерлердің психологиялық әр түрлі жан дүниесінің сипатталуы өте жиі кездеседі, тілі де күрделі (сөйлемдердің ұзақ, құрмалас сөйлемдерге құрылуы, пейзажды беруде бейнелі, образды суреттеулердің молынан кезігуі, диалогтар мағынасының астарлы ойларының тереңдігі, т.б.). Тіпті, мазмұнын меңгерту де, яғни мазмұндату да мұғалімге оңайға түспейді. Мысалы, Бактығұл келе жатқан Талғар сайының көрінісін суреттейтін жерді балалардың айтып беруі – мүмкін емес нәрсе. Мұғалімнің өзіне де сол қалпында суреттеп беру қиындыққа түсер еді. Сондықтан да мазмұнын айтқызу кезінде ондай суреттерді кітаптан оқи отырып айтқызу тиімді болмақ. Әсіресе, бұл шығарманы оқу барысындағы ең тиімді әдістердің бірі – мәтінге жуық мазмұндату, портреттеу, көріністер, диалогтегі ұтымды сөздер, көркемдегіш айшықты сөздерді сақтай отырып, мазмұндату болып табылады. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін, шығармадағы суреттеулер, портреттеулерді жинақтап, ұнтаспаға мәнерлеп оқу арқылы жаздырып, тындатып, сөйтіп, құлақтарына сіңісті ете отырып, сол арқылы ойша көз алдарына сол сурет, көріністерді келтіріп отырудың да маңызы ерекше. Мазмұнын меңгерту жұмысынан кейін идеялық-эстетикалық мәніне әдеби талдауды проблемалық сипаттағы, пікірталас тудыратын, іздендіру сұрақтары арқылы жүзеге асыруға болады. Әңгімелеу, пікірлесу, әдеби шағын пікірталастар бұл сабақтарда да жетекші әдіс болмақ.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Тектіғұл өлімінің негізінде қандай саяси-әлеуметтік мән жатыр? Ол өлімнің шығармадағы орны?
2. Бактығұлдың барымтаға аттануы, ұрлық жасауына қалай қарайсыз? Ақтайсыз ба, қаралайсыз ба? Қуғыншылар ізге қалай түсті? Бактығұл неге ұсталып қалды?
3. Жарасбай болысқа баруын күптайсыз ба, жоқ па?
4. Бактығұлдың басты-басты қателіктерін, адасуларын атаңыз.

5. Ол адасуларға тек Сәлмен. Жарасбайлар ғана кінәлі ма едіңіз? Өзіне кінә қояр ма едіңіз?

6. Жарасбай мен Сәлменге салыстырмалы мінездеме беріңіз.

7. Жарасбайды өлтіру қылмыс па? («Ия» десеңіз де, .."жоқ» десеңіз де ойыңызды дәлелдеуге тырысыңыз.)

8. Билер алдындағы «Неде болса да ақпын», «Менде айып жоқ» деген ойынан бастап, Бақтығұл монологін қайта оқып шығыңыз. Осы монологтің маңызы неде деп ойлайсыз?

9. Сол билер алдындағы «Егер осы Қоқыш сөзіндей Жарасбайдың айтқаны шын болса, ...» деп басталатын Бақтығұл сөзінің мәнін түсіндір. Осы абзацтың Бақтығұл бейнесін ашуда маңызы бар ма?

10. Ақылды, әрі күшті рухы бар Бақтығұл неге қол шоқпар барымташы, сорлы малайға айналады?

11. «Қараш-Қараш оқиғасы» арқылы жазушы қандай мәселелерді көтерген? Шығарма неге «Қараш-Қараш оқиғасы» деп аталған?

12. Автордың бас кейіпкері Бақтығұлға деген сезімі, қарым қатанасы қалай? (Мәтіннен үзінді оқи отырып дәлелдеңіздер.)

Мысал жанрын оқыту

Мысал — аллегориялық жанр. Айтылатын ой ашық берілмейді. Астармен, меңзеумен беріледі. Жануарлар әлемі, құс, есімдік, тағы басқа мысалдар бас кейіпкер ретінде алынады. Өткір сын да, ащы сатира да, байсалды юмор, келемеж, мысқыл да осы мысал жанрында. Әдебиетті оқу бағдарламасында мысалдар көбінесе оқытудың бастауыш буынында беріледі. Ең алдымен, мысал жанры, оның өзіндік ерекшелігі туралы әдеби-теориялық ұғымнан мағлұмат, түсінік берген жөн. Яғни мысалда ойдың ашық, айқын берілмейтіні, жорамал, меңзеу астарлы түрде берілетіні, кекесін, мысқыл, әжуа, юмор, ащы сатира оның негізі көркемдік тәсілі екендігін оқушыларға әңгімелеу, баяндау әдісімен жеткізген дұрыс. Мысалдарды оқу, талдау барысында бұл түсініктерге қайта оралып, осы ұғымдарды оқушылардың өзіне андатып, түйіндетіп отыру керек. Алдымен, әдеби-теориялық ұғым беру, оқушыларды оқығалы отырған көркем шығарма ерекшелігін аңдауларына, ары қарай оны талдау белсенділіктерін арттыруға жетелейді. Оқығалы отырған мысалды алдын ала үйде оқып келу тапсырылса, оның

тиімділігі тіпті зор болмақ (мұғалім мысал жанры туралы кіріспе түсінікті сол тапсырманы беру алдында айтуы керек). Мұғалім ол үшін оқушыларға мынадай үлестірме көмек нұсқау таратып, өз беттерімен оқу, түсіну, талдау жасауға жетелейді. Мысалы, 5-сыныптағы И.Крыловтың «Есек пен бұлбұл» мысалын алайық (Абай аудармасы).

– Есек пен бұлбұл туралы не білесіндер? Есек қандай хайуан, бұлбұл қандай құс? (Өздеріңізге арнап көгілдір экраннан беріліп жүрген әр түрлі хабарларды, өздеріңіз оқыған ертегілерді еске түсіріңіздер).

– Есектің өтініші, яғни бұлбұлға ән салып бер деуіне көңіл қойыңыз.

– Бұлбұл әнінің «мың түрлі күйге салған» құдіреті сипатталатын шумақтарды табыңыз. Адам, жан-жануар, табиғаттың сол кездегі қалпын көңілдеріңізге тоқыңыздар.

– Есектің бұлбұл әніне берген бағасы, сыны айтылатын шумақты тауып, назар аударыңыз. «Әтештен үйрену керек» деген ақылға қосыласыз ба? Қосылмасаңыз, себебін дәлелдеуге тырысыңыз.

– Ең соңғы шумақтың мазмұнына ой жүгіртіңіз:

а) Қалай ойлайсыз, неге ақын «Мұндай сыншыдан құдайым бізді сақтасын» деп, қорытындылайды?

ә) Өзіңіз осы қорытындыға келісесіз бе?

б) Қорытындыға автордың көңіл-күйі туралы не айтар едіңіз?

– Осы мысалда есек, бұлбұл, әтештер арқылы ақын не айтпақшы болған деп ойлайсыз? Қандай астарлы ой бар?

– Өзіңіз сабақта осылардың қайсысының сөзін мәнерлеп оқып едіңіз?

Мысалдарды талдаудың ең тиімді әдісі – рөлге бөліп оқу, инсценировка–көрініс жасау болып табылады. Көрнекіліктің де маңызы зор. Оқушылардағы сурет бойынша немесе басқа нәрсе ойластырып, қарапайым ғана қатты қағаздан макеттер жасап (оған бұлбұл, есек, әтеш мүсіні), мысал оқу барысында оқиға көз алдында өтіп жатқандай көрініс берілсе, оқушылардың ынтасы, қызығушылығы артар еді.

Сабақтың кіріспе бөлімінде мұғалім мысал жанры туралы тағы да қайталап, өздері үйден танысып келген «Есек пен бұлбұлды» жазған орыс жазушысы И.Крылов, оны аударған Абай аталары

туралы шағын әңгіме, дерек береді. Мысал алдын ала оқуға тапсырылғандықтан, мына сұрақтармен оқушыларды пікірлесу, әңгімелесуге шақыруға болады.

– Балалар, «мысал» деген не, кім айтып береді?

– Өздеріңіз оқыған мысалдың мазмұнын, болған оқиғасын қайсыларыңыз әңгімелеп айтасыз?

– Бұл мысалдағы кейіпкерлер кімдер? Олар арқылы ақын нені, кімдерді сөз етпек болған. Мысал жанрына тән «Есек пен бұлбұлда» қандай астарлы ой бар деп ойлайсыз?

– Өзіңіз кімді құптайсың, ақын кімді құптайды деп ойлайсыз? Ойыңызды мысалдан үзінді ала отырып, дәлелдеуге тырысыңыз.

Осы мазмұнда әңгімелесу оқушылардың мысалды қай дәрежеде оқып, меңгергенін білдіреді, әрі өз пікірлерін айта білу, өз беттерімен көркем мәтінді талдау, сөйлей білу, тілін дамытуға игі ықпалын тигізеді. Алдын ала осындай шағын пікірлесу арқылы балалардың қаншалықты өз беттерімен оқып, меңгергенін білгеннен кейін, мысалды мұғалім мәнерлеп оқып (мұғалім оқып тұрғанда, макетті көркемділіктерден көрініс берілсе), оқушыларды рөлге бөлгізіп оқытып, мәтінмен жұмыс істеуі керек. Түсініксіз сөздерге түсіндірме жасау да аса қажетті мәселелердің бірі. Мәтінмен жұмыс істеп болған соң мұғалім өзі сұрақ қоя, әрі жауап бере отырып, әрі оқушылар пікірін толықтыра отырып, мысалға талдау жасайды.

– Балалар, «Есек пен бұлбұл» мысалы арқылы ақын нендей мәселелер көтерген? Мысалдың негізінде қандай астарлы ой айтылған? Ең алдымен кімдерді тыңдағыңыз келеді?

– Неге осы мысалда бас кейіпкерлер етіп есек, бұлбұл, әтеш алынған?

– Олар арқылы қандай адамдар, нелер айтылмақ болған?

– Мысалдағы негізгі ойды беру үшін, ақын қандай әдіс-тәсіл пайдаланған?

– «Есек пен бұлбұлда» мысал жанрына тән әжуа, мысқыл, ащы сын, сатира, келемеж бар ма?

Сабақты қызықты етіп өту үшін, жоғары сыныптың қабілетті оқушыларымен мысалды инсценировкалап, талдау алдында көрініс беріп, әншілердің айтуындағы «Бұлбұл әнін» де пайдаланса, артық емес. Мұндай сабақтарды әдеби-композициялық сабақтар деп атайды.

Жалпы, қай әдеби жанрда жазылған шығармаларды талдамасын, мұғалім сабақ өткелі отырған тақырып ерекшелігі, сынып ерекшелігіне назар аударып, сонан соң барып, пайдаланылатын көрнекілік, т.б. оқу жабдықтарын, әдіс-тәсілдерді, сабақ түрлерін үйлестіре, тиімді дегендерін сұрыптап ала білу керек. «Есек пен бұлбұл» сияқты барлық, мысалдар көлемі жағынан тұжырымды, қысқа, айтар ойы жағынан қомақты, салмақты болып келеді, әрі жоғарыда айтқанымыздай, айтылмақ ой жасырын жатады. Оқуға жеңіл, әрі қысқа осындай мысалдар тез оқылады, ал, түп негізіндегі салмақты мәселелерді тез аңғару оңай емес. Мысалдың осы бір ерекшелігін ескере отырып, мұғалім оны сыныпта оқып, балаларға оқытып, практикалық тапсырмалар да беруге болады. «Есек пен бұлбұлды» мынадай бөлімдерге бөлуге болады:

I бөлім. «Жолықты бір бұлбұлға тоғайдағы» (бұлбұлға кездесуі).

II бөлім. «...бір сайрап берсең...» (есектің өтініші).

III бөлім. «Өнерге салды бұлбұл...» (бұлбұл әні).

IV бөлім. «...сен біраз әтеш әнін үйрен...» (есектің ақылы).

V бөлім. Авторлық қорытынды: «...құдайым бізді сақтасын...»

Осындай жұмыстарды алғашқы сабақтарда балалар мен бірге орындап, оларға басшылық жасап, келесі мысалдарды оқушылардың тек өздігінен, жеке дара, мұғалім көмегінсіз талдауына ұсынуға болады. Ақын стилі, көркемдік тәсілін талдауға да мысалдарды оқытуда ерекше көңіл бөлу керек. Ол үшін әр бөлімдегі (жоғарыда көрсетілген) ақын тәсіліне назар аударған жөн.

Мысалы:

I бөлімде — авторлық баяндау, суреттеу;

II бөлімде — диалог, сұрақ;

III бөлімде — баяндау, суреттеу;

IV бөлімде — диалог, ақыл;

V бөлімде — авторлық қорытынды, шешім, ақыл-нақылдардың орын алатынын дәлелдеу дұрыс болып саналады.

Үйге тапсырма балалардың сабақты қалай меңгергеніне байланысты беріледі. Жалпы қабілеттеріне әсер ету, білім дағдыларын жетілдіру мақсатында рөлге бөліп, жатқа мәнерлеп оқу, көрініс көрсету сияқты шығармашылық сипаттағы тапсырмалар беру аса тиімді болып келеді.

Әдебиет сабағы ақыл-өнегеге, ғибратқа, даналыққа, имандылыққа, адамгершілік үлгілерге толы болу керек десек, мысал туындыларынан осының бәрін кездестіруге болады. Сондықтан осы «Есек пен бұлбұл» арқылы әділдікті, өнерді, кішіпейілділікті үлгі ете отырып, әділетсіздік, тұрпайылық, топастықтан жирендіру жұмыстарын жүргізу керек. Мысал жанрын оқытуда да оқушылардың таным белсенділігін арттыратын, әсіресе, әдеби тартысқа жетелейтін, іздендіру, зерттеу жұмыстарына баулитын әдіс-тәсілдерді пайдалану тиімді болмақ.

Төменде мысал жанрын оқытудың үлгісі мысал ретінде беріледі.

Сабақтың тақырыбы: Қазақ әдебиетінде аударма жанры

Крылов – Ыбырай

Крылов – Абай

Крылов – Ахмет.

Сабақтың түрі: Кіші зертханадағы ғылыми, зерттеу, іздендіру сабағы.

Сабақтың көрнекілігі: Интерактив тақта арқылы ғалымдар пікірі.

Пайдаланылған әдебиеттер: Крылов, А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынов мысалдары.

Қолданылатын әдіс-тәсілдер: Көркем мәтінмен жұмыс, пікірлесу, дәлелдеу, салыстыру, проблемалық сұрақтар, миға шабуыл.

Сабақтың кезендері мен бағыты	Орындалатын тапсырмалар
<i>I кезең:</i> Аударма жанры туралы өзіндік ізденістері арқылы оқушылар хабарлама жасайды.	Аударма жанры, оның әдебиеттанудағы маңызы мен мәніне тоқталу.
<i>II кезең:</i> Оқушыларды үш топқа бөліп, алдына әр түрлі салыстыру тапсырмалар беріледі:	Үш ақынның аударма шеберлігі, соның ішінде мысал жанрына келу себебін анықтау, өзіндік пікір жинақтау. Мұғалім: Ғалымдар пікірі негізінде әр топтың білімділерін жинақтап,

Крылов – Ыбырай, Крылов – Абай және Крылов – Ахметтердің мақсат – міндеттерімен таныстырады.	толықтырып, ортақ ойларын ортаға салады.
<i>III кезең:</i> Проблемалық сұрақтар арқылы пікірлесу қорытындылау, миға шабуыл, ой салу.	Сұрақтар: 1. Қалай ойлайсыздар, қазақтың көрнекті ақындарының барлығы неге Крыловқа жүгінген? 2. Егер ертең ақын болсаңыз, Крыловты аударар ма едіңіз? 3. Крыловтың мысалдарында сыналған кемшіліктер қазіргі қоғамда бар ма?
<i>IV кезең:</i> Оқушыларды мұғалім бағалайды.	Бағалау парағы бойынша бағаланады.
<i>V кезең:</i> Үйге тапсырма	Зерттеулерін және өз пікірлерін жинақтайды. Еркін, дәлме-дәл, тура аударма жасап келеді.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Мысал жанрының басқа жанрлардан айырмашылығы неде?
2. Мысалдағы диалогтің атқарып тұрған маңызы туралы не айтар едіңіз?
3. Мысалдың соңындағы авторлық қорытындыға назар аударындар. Қай мысалда автордың өз пікірі айқын берілген? Қайсысында ол оқырман назарына сілтеген?
4. Мысалда авторлық ойдың айқын көрінуін ажыратыңыз.
5. Мысал жанрын оқытуға арналған сабақ үлгісін беріңіздер.

Ертегілерді оқыту

Бүгінгі оқулықтарда ертегілердің қара сөзбен жазылған түрлерімен қатар, өлеңмен жазылған түрлері де берілген. Негізінен ертегілер V – IX сыныптарда оқытылады. Қай жанрда жазылған ертегі болмасын, балалар оны ерекше қызығушылықпен оқиды. Оқушыларды ынталандыратын – оның қиял-ғажайып оқиғалары, бас кейіпкерлердің басынан кешетін небір қызықты істері, батырлығы, жүректілігі сияқты қасиеттермен ерекшеленеді. Оқушыларға оқиғасы қызықты ертегі арқылы қандай білім беруге

болады, икем-дағдысына қандай талаптар қою керек? Міне, бұл мәселелер әр мұғалімді ойландыруы тиіс. Ертегілерді оқытуда ең басты мына мәселелерге көңіл бөлу керек.

– Ертегілердің жанрлық ерекшелігін таныту. Яғни, әдеби – теориялық түсінік беру;

– Сюжет пен композициясындағы тұтастық пен өзіндік ерекшеліктерді білдіру;

– Тіл құрылысы ұйқаспен, тақпақпен келуі, баяндау, суреттеу, портреттеу шеберлігі, бейнелі сөздердің мол келуі, оқиғаларының қызықтығы, жатықтығы. Ертегінің бай тілі — халқымыздың ғасырдан-ғасырға келе жатқан байырғы, тарихи тілі екендігі.

– Ертегілерде негізінде халқымыздың асыл арманы. ұшқыр қиялы, гуманизм, адамдық биік мінез-құлқының, тыныс-тіршілігі көрініс табады. Қай ертегі болмасын, арманына, тілегіне сай, тек жақсылықпен, бақытқа жетумен аяқталады.

Ертегілерді оқытуда қандай әдіс-тәсілдер, оқу формалары, сабақ типтері тиімді саналады? Ең алдымен, оқушыларға ертегіні оқыту, мазмұнын толық меңгерту мәселесін ойластыру керек. Мазмұнын меңгерте отырып, оның негізіндегі идея, айтайын деген терең ой туралы сөз қозғау. Мазмұнын меңгертуде мәнерлеп оқу, әңгімелеу, баяндау, мазмұны тұтас сақталынған жоспар, ең басты оқиғаларға негізделген тұжырымды жоспар, эпизодтарға бөлу, әр эпизодқа ат қою, сұрақтар, тапсырмалар жүйесін ойластыру, оқушылардың қабілеті, икем-дағдысын арттыруға байланысты жұмыс түрлерін жүргізу, соның ішінде өтілгелі отырған ертегіге сәйкес ертегілер құрастыруға баулу, пікір айта білу, өз беттерімен талдауға дағдыландару, мәтінге жуық мазмұндату, басты оқиғаларды ғана қамтып, мазмұндату мәселелерін ойластыру. Ертегілерді оқыту жолдарына мысал ретінде «Керкұла атты Кендебай» ертегісі арқылы қарастырайық. Ертегі мазмұнын толық меңгерту, мәтінді оқыту максатында, әрі мұның оқушылар оқығалы отырған тұңғыш көлемді ертегі екенін ескеріп, мұғалім оны эпизодтарға бөліп, көрнекі етіп жазып қояды. Оқу, талдау барысында сол бөліктерге оқушыларға ат қойғызады. Ертегіні мына эпизодтарға бөлуге болады:

I. Кендебайдың тууы және Керкұла құлын тарихы.

II. Мергенбай батырдың баласы, оның басынан өткен жайлар.

III. Кендебайдың Мергенбайды іздеп, сапарға аттануы. Керкұланың көмегі.

IV. Кендебайдың малшы болуы.

V. Алтын құйрықты құлын тарихы. Оны Кендебайдың тауып, хан қолына табыс етуі.

VI. Ханның жаңа шарты. Кендебайдың оны да орындауы.

VII. Ата-анасына қосылып, баланың бақытқа жетуі. Кендебай батырдың елі.

Ертегіні оқу барысында мұғалім: «Балалар, қазір мына эпизодты оқимыз, ондай қандай оқиғалар болады екен, кәне, тындап отырайық», — деп, олардың назарын үнемі негізгі эпизодтарға аударып отыру керек. Эпизодты оқып болған соң, сұрақтар арқылы қолма-қол мазмұндатудың маңызы зор болмақ.

Сұрақтар: Мысалы, 1-эпизодқа

1. Ертегі қандай сөздермен басталды?
2. Қазанқап кедейдің іс-әрекеті, кәсібі туралы не айтылған?
3. Кендебай дүниеге қалай келді? Оның сипатын, мергенділігін айтып бер.
4. Кендебай Керкұла құлынға қалай ие болды? Құлын қалай есті?

Мазмұндап болған соң, эпизодқа тақырып қою жұмысын жүргізу керек. Онда да балалардың өз пікіріне жол ашқан жөн. Балалармен бірге отырып, «Кендебай және Керкұла құлын тарихы» деген тақырып қоюға болады. Мұғалім эпизодқа тақырып қоюдың негізгі шарттарын балаларға түсіндіреді, яғни тақырып сол эпизодтың ең басты, негізгі оқиғасы айналасында қойылатынын ескертеді.

Ертегі мәтінін оқу да бірнеше әдіс-тәсілдермен жүргізіледі. Мұғалім өзі мәнерлеп оқып, оқушыларды да қатыстырып отыруы керек. Бүкіл сынып болып, кезектесе оқуға немесе жекелеген балаларға оқытуға да болады. Соңында оқушылар мәтінді үнемі іштей ілесе оқып отырады, мәнерлеп оқуға дағдыланады, мұғаліммен бірге бәрі де мәтінмен жұмыла жұмыс істейді. Сондай-ақ эпизод бойынша кезектесе оқудың да тиімділігі бар (тақтадағы көрнекілікті негізге алып). Ертегі мазмұнын меңгерту кезеңінде қызықты эпизодтарынан инсценировка көрсетуге болады (үйірме мүшелерінің көмегі және жоғары сыныптың қабілетті

оқушыларымен бірге). Онда кездесетін архаизм сөздерге түсінік беріп, сөздік жұмысын жүргізу басты тәсілдердің бірі.

Содан кейін ертегі мәтінін мазмұндату жұмыстары басталады. Мазмұндату да бірнеше әдіс-тәсілдермен жүргізіледі. Мысалы:

а) мәтінге жуық толық мазмұндау;

ә) эпизодтарға байланысты басты оқиғаларын теріп мазмұндау;

б) өздеріне ұнаған оқиғаларды ғана мазмұндау;

в) мұғалім сұрағына жауап беру арқылы мазмұндау. Мазмұнын толық меңгерткеннен кейін, ертегіге әдеби талдау жүргізіледі. Әдеби талдауды түсіндірмелі әдіс, проблемалық баяндау, сұрақ-жауап, практикалық тапсырмалар (проблемалық сипаттардағы сұрақ тапсырмалар берудің тиімділігі зор), әңгімелесу, пікірлесу, т.б. әдіс-тәсілдер арқылы оқушылардың өзін қатыстыра отырып, жүргізген дұрыс.

Оқушыларға қойылатын сұрақтар проблемалық сипатта (іздендіру әдісінің элементтері арқылы) болуы керек, себебі ол оқушылардың ойлау белсенділіктерін арттырады, білімді өз ынталарымен алуға жағдай жасайды.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. «Керкұла атты Кендебай» ертегісі неге қиял-ғажайып ертегісіне жатады?

2. Ертегі арқылы халық нені айтпақ болған?

3. Халық арманын қай жерден көруге болады?

4. Өзіңізге Кендебай ұнайма? Әсіресе, қандай мінездері, іс-әрекеттері ұнайды?

5. Кендебай арқылы халық нені армандаған, соны айтуға тырысыңыз.

6. Қалай ойлайсыз, Керкұла ат болмаса, Кендебай Мерген батырды құтқара алар ма еді?

7. Екі ханға салыстырмалы мінездеме беріңіз. Өзіңізше қайсысы өте ұнамсыз, әділетсіз?

8. Жетім баланың ертегідегі орны туралы әңгімеленіңіз.

9. Ертегіні өзіңіз ары қарай қалай жалғар едіңіз?

10. Кендебайға ұқсағыларыңыз келе ма? Келсе, әсіресе қай қасиеттеріне ұқсағыңыз келеді?

Батырлар жырын оқыту

Батырлар жыры — ауыз әдебиетінің маңызды да күрделі жанры. Оның оқытуға қиындығы — ұзақтығы, тілінің бүгінгі оқушылар үшін сонылығы, поэтикалық ерекшелігінде. Әсіресе, оны оқыту 6-8-сыныптар арасында мұғалімге көп еңбек сіңіруді қажет етеді. Батырлар жырын оқытуда мұғалім басты-басты мына мәселелерге көңіл бөлу керек (6-8-сыныптарда);

Кіріспе жұмыстар

«Батырлар жыры» туралы (эпостық жырлар) алғашқы әдеби-теориялық ұғым беру. (Оқушылардың жас ерекшелігін ескере отырып).

– Батырлар жырындағы халық арманы, оның негізінде халық тарихының жататыны. Сондықтан Мазмұнын меңгерту бағытындағы жұмыстарды атқару керек.

1. Жырдың сюжеттік-композициялық жоспарын жасап, оны балалардың көз алдына іліп қою. Мысалы, 6-сыныптағы «Қобыланды батыр» жырына мынадай жоспар жасауға болады:

Тоқтарбайдың дәулеті жайлы.

Тоқтарбайдың перзент көруі (Қобыланды мен Қарлығаш)

Қобыландының арманы (Бүкіл Қыпшақ тілегі)

Естеміске Құртқаның жайын айтқызды.

Құртқаның ақыл-парасаты мен сұлу сипатының суреттелуі.

Қобыландының Құртқаға сөйлеуі.

Құртқаның Тайбурылды баптап тәрбиелеуі.

Тайбурыл шабысының суреттелуі.

Қобыландының ерлігін сипаттау.

Қобыланды мен Қараманға салыстырма мінездеме беру.

«Ат — батырдың сенімді серігі» екендігін дәлелдеу.

Ұзақ жырға, әрі оқиғалары да күрделі жырға осындай жоспар құру балалардың жырдағы басты оқиғаларды тез қабылдауы, аңғаруы, әрі сол бойынша мазмұнын жүйелі түрде тұжырымды етіп айтып беруіне көмек-нұсқау рөлін атқарады.

2. Жырды күйтабақтан тындатып (басқа жырды да оқытуға болады), жырдың оқылу мәнерімен таныстыру.

3. Жырды мәнерлеп оқу. Басты-басты эпизодтарға бөліп оқып, ізінше мазмұндатып отыру. Мазмұндауды сұрақ-жауап әдісімен жүргізу, басты оқиғаларын айтқызу. Аннотация жаздыру.

4. Жырды оқып біткен соң, мазмұнын толық айтқызу. Ол үшін үйге тапсырма бергенде, жауаптарының тезисін, жоспарын жасатқызу. Мазмұндау жүйелі болу үшін, соған қарап айтқызу.

5. Оқушылар жауабын бір-біріне толықтыртып отыру.

6. Бір-біріне қоятын сұрақтарын әзірлету.

7. Ұнаған жерлерін жатқа оқытқызу.

8. Жауаптарында да жырдан үзінді келтірте отырып айтқызу. (Мақалмен айтқызуға болады, бала қабілетіне қарай).

Жырға әдеби талдау жасау

А) Жырдың идеясын тақырыбын ашу. Оны мұғалім әңгімесі, сұрақ-жауап арқылы жүзеге асыру. Мынадай сұрақтар қоюға болады:

1. Қалай ойлайсыздар, жырда қандай мәселелер сөз болады? Жырдың негізінде жатқан басты ой неде?

2. Жырдың негізгі ойы қай бейне арқылы көбірек көрінеді?

Ә) Жыр кейіпкерлері туралы пікір жинақтау:

1. Қобыландының қандай қасиеттерін ерекше бөле-жара айтар едіңіз? Сұрақ-жауап, практикалық жұмыстар арқылы талдау.

2. Қобыланды бейнесін жасай отырып, халық не айтпақшы болған? Халық арманы туралы не айтар едіңіз?

3. Құртқаға қарап бұрынғы қазақ әйелдері қандай болған деп ойлайсыз? Оның бейнесінің негізіндегі халық арманын не деп түйіндер едіңіз?

Б) Тіл көркемдігі, өлең құрылысына талдау жасау. Практикалық жұмыс, сұрақ-жауап:

1. Жырдан асыра, әсірелей суреттелінген жерлерді табу, оның маңызына тоқталу.

2. Теңеулерді, эпитеттерді табу. Аллитерация, ассонанстарға назар аудару. Оның қолдану маңызына тоқталу.

3. Диалогтерді тауып, оның жырдағы орнын, маңызын ашу.

4. Өздеріне ұнаған айшықты сөздер, сөз тіркестерін тапқызу. Ұнау себебін дәлелдету.

Батырлар жырын талдауда көрнекі құралдардың да тиімділігі бар. «Ер Тарғын» жыры оқу бағдарламасында болмаса, үлгі ретінде Тарғын бейнесін оқыту төмендегі көрнекі құралды пайдалануға болады.

Үлгі:

Оқиға	Тарғынның іс-әрекеті	Қысқаша мінездеме
1. Қуғын 2. Қарт Қожақпен бетпе-бет	а) Қорықпай қарсы алады. ә) Кішілік жасап, әдеп сақтап, кезегін береді. б) Қарт Қожақтың керемет батыр, күш иесі екенін түсінеді.	Тарғын – үлкенді сыйлай білетін, басқаның артықшылығын мойындай білетін ер. Ол нағыз батыр, намысшыл.

Жалпы жыр туралы ғалымдар, фольклористер пікірін жазып, іліп қою, қажеттілік туса пайдалану. «Батырлар жыры — өнерімізде» атты стенд жасауға да болады. Мысалы, артистер ойынынан көрініс, кітаптарды суретті безендіру.

Әдеби – теориялық ұғым беру: қанатты сөздерді теріп жазу. Архаизм, тарихи сөздерді қолдану орнын түсіндіру. Аллитерация, ассонанс, гипербола, литота, троп, фигура түрлеріне поэтикалық талдау жасау, олардың қолдану орны мен маңызын дәлелдеу. Соң сөздік жұмысын жүргізу.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Жырда қандай мәселе сөз болды?
2. Жырды оқып болған соң мазмұнын айтқызу.
3. Жырдың негізгі ойы қай бейне арқылы көбірек көрінеді?
4. Жырдағы әйелдер бейнесіне тән ортақ қасиеттерді саралаңыз.
5. Жырдағы ең ақылды, парасатты және Отан алдындағы борышын қорғай білетін кейіпкер кім деп ойлайсыз?
6. Поэтикалық фигураларды қолдану орнына мысал келтіріңіз.

Лириканы оқыту

Лириканы оқыту күрделілігі оның жанрлық ерекшелігінде ғана емес, ең бастысы, оқушылардың оған деген көзқарасы, қарым-қатынасында. Әсіресе, 5-8-сыныптар оқушыларының көбі поэзиядан гөрі, қызықты мазмұны бар, айтайын деген ойынын бәрі бадырайып тұратын прозалық шығармаларды ұнатады. Мұғалімге оқушыларды лирикалық шығармаларға қызықтыру, тарту жұмыстарынан гөрі, прозалық шығармаларға қызықтыру, тарту жеңілрек тиеді. Лирикалық шығармаларда ақын өз ойы, өз сезімі, өз күйін тікелей кейіптеу арқылы жеткізсе, лириканың сол өзіндік қасиеттерін түсіну үшін, баланың да ақынжанды жүрегі, нәзік сезімі, ұшқыр ойы болуы керек. Ал ондай сергектік, нәзіктік барлық

адамда бола бере ме?! Лирикалық шығармаларды құлақпен емес, жүрекпен, сезіммен қабылдау керек десек, ол шығармаларды бала қалай меңгерді, нені сезді, неге тебіренді, қандай көңіл күйде болды, оны тексеру де мұғалімге оңайға соқпайтын мәселелер. Міне, сондықтан да лириканы оқытудың күрделілігі осында жатыр.

Әсіресе, 5-8-сыныптарда сабақ басталмас бұрын, көңілді сазды, назды музыка қойып қою, мүмкіндігі келсе, өтілгелі отырған лирикалық шығарманың әні болса, әнімен қойып коюдың, күйлерді тыңдаудың оқушыларды сабаққа әзірлеуде маңызы зор.

Мысалы: 8-сыныпта Қасым Аманжоловтың «Туған жер» өлеңін. 5-сыныпта С.Сейфуллиннің «Ақсақ киік» өлеңін өтер алдында олардың әндерін де тыңдатудың пайдасынан басқа зияны болмақ емес.

Лирикалық шығармаларды 5-8-сыныптарда оқытуда мына мәселелерге кеңіл бөлу керек:

а) Лирика туралы әдеби-теориялық бастапқы ұғым беру. Оны, біріншіден, тереңдете беру. Яғни, сабақтың алғашқы кіріспесінде лирикалық шығармалар, олардың өздеріне тән негізгі қасиеттері туралы сөз ету. Мысалы, 5-сыныпта, алдында өздері оқып өткен ертегі, өлең, мысал, әңгімелермен салыстыра отырып, лириканың өзіндік ерекшеліктерін тұжырымдап, қарапайым қысқа ғана түсінік беру.

ә) Өлеңді үйде алдын ала оқып, танысуға беру. Ол үшін үлестірме-нұсқау ұсынуға болады. Мысалы: Абайдың «Күз өлеңін алайық»

Үлестірме нұсқау.

– Өлеңді асықпай 2-3 рет оқып шық, түсінбеген сөздерің болса, оқулықтағы түсініктемеге қараңыз, не белгілеп қойыңыз.

– Күз суреті қалай бейнеленген, мәтіннен табыңыз. Мәнерлеп оқуға дайындалыңыз. Қандай мәнермен оқыр едіңіз?

– Өлең қандай көңіл күймен жазылған? Ең соңғы өлең жолына карасаңыз, бәлкім, жауабын табарсыз?

– Күз суретімен қоса, кімдер бейнеленген? Олардың іс-әрекетін айтып беруге талаптаныңыз.

б) мұғалім өлеңнің поэтикалық көркем тіліне, құрылымына міндетті түрде назар аударуы, өзі талдамас бұрын, оқушылармен жұмыс жүргізуі керек. Яғни олардан өздеріне ұнаған шумақтар, әдемі, сұлу деген бейнелі сөздер, ұтымды, шебер шыққан сөз

тіркестерін сұрап білудің маңызы зор. Себебі, лириканы оқытудың басты мақсаттарының бірі — оқушыларды поэзияны сүйеге баулу, оның кестелі тілін сезіне білуге, эстетикалық ләззат ала білуге, әдемі, көркем сөйлей білуге баулу болып та былады. Мұндай жұмыс оқушыларды өз беттерімен әдеби мәтінді талдауға да дағдыландырады.

в) өлеңді әуенмен, сазымен мәнерлеп оқуға, жатқа оқуға ерекше көңіл бөлу.

г) өлеңдегі ақынның көңіл күйін білу, оқушылардың өз сезімі, өлеңнің әсеріне де назар аудару.

д) тақырыпқа сай музыканы, бейнелеу өнерін, басқа да өнер туындыларын, көрнекілікті, үйлесімді тиімді пайдалану

ж) тиімді, көңілді оқу жағдайын туғызу. Жағымды жағдай туғызу.

з) қабілеттерін, шабыттарын ояту, белсенділіктерін арттыру мақсатында шығармашылық сипаттағы әдіс – тәсілдер пайдалану.

и) әр түрлі сабақ үлгілерін іздену. (Мысалы, концерт сабақ, пәнаралық байланыста өтетін сабақтар, т.б.); музыка пәні, бейнелеу өнері, т.б. пәндер мұғалімдерімен сабақты бірге өткізу).

Абайдың «Күз» өлеңін талдаудың кіріспесінде оқушыларға алдын ала берілген үлестірме-нұсқауды пайдаланып, әңгіме жүргізіледі (жоғарыда айтып өтілді). Ол үшін мұғалім үлестірме-нұсқауларын іштей бір қайталап, негізгі тапсырмаларды еске түсіртіп алғаннан кейін, енді өзі мәнерлеп оқиды. Оқушыларға да іштей тағы бір оқуды тапсырады. Өлеңді бірден өзі талдаудан бұрын, балаларды алдын ала ойландырып, толғандырып талдауды олардың қатысуымен жүргізу, әдеби талдауға баулу, поэзиялық шығармаларды өз беттерімен оқытып, пікірлеріне жол салуда мұндай тәсілдің маңызы зор. Оқушылар оқып болғаннан кейін, мәтін бойынша жұмыс жүргізіледі.

Осы «Күз» өлеңін өту барысында Левитанның немесе басқа суретшілердің осы тақырыптағы суреттерін іліп қоюға болады. Суретке қарап отырып, өлеңдегі күздің сөзбен салған бояуын салыстырып, сол арқылы ақын мен суретші үндестігі, оның себебін анықтау жұмыстарын жүргізу өте тиімді келеді. Оқушылармен біріге отырып, «сұр бұлтты», «суық аспанды», «сары түсті табуға болады». Осы сабақта оқушыларға өз ауылының күзін еске түсіріп, оны Абай «Күзімен» салыстыру да тиімді болады.

Қорытындылап айтқанда, лирикалық шығармаларды өтуде оқушылардың шығармашылық жұмыстарына да ерекше көңіл бөлу керек. Өлең жаздыру, сурет салдыру немесе шығарма – суреттеме жаздырудың маңызы зор.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Лирика жанры туралы түсінік беріңіз.
2. Лирика жанрын оқытуда қандай мәселелерге мән беру керек?
3. Өлеңдегі лирикалық кейіпкерлерге баға беруде қандай әдіс – тәсілдерді қолдану керек?
4. Оқушылар өлеңді қандай мәнермен оқу керек?
5. Өлеңдегі ақын шеберлігіне мән беріңіздер.

Поэманы оқыту

Поэмаларды оқыту әдістері олардың жанрлық ерекшелігінен туындайды. Поэмалардың басым көпшілігі сюжет пен композиция, образдар жүйесінен тұрып, күрделі, ауқымды проблемаларды көтереді. Мұндай поэмаларға С.Сейфуллиннің «Көкшетауы», Ілияс Жансүгіровтің «Құлагер», т.б. поэмалары жатады. Поэмалардың тағы бір түрі – лиро-эпикалық, лирикалық поэмалар болып бөлінеді. Сәкеннің «Альбатросы», С.Торайғыровтың «Кедейі», Ілиястың «Даласы» осындай поэмаларға жатады. Лиро-эпикалық поэмаларда шиеленіскен оқиғалар болмайды, дегенмен, поэманың басынан аяғына дейін әңгімеші рөлін атқаратын лирикалық кейіпкер, оның сезімі үлкен рөл атқарады. Лиро-эпикалық поэмаларды оқытуда мәнерлеп оқуды, поэма көтерген проблеманы меңгерту үшін, мәтіндік талдауды, автордың ізімен талдауды қолдану тиімді болып келеді. Мысалы, Ілиястың «Даласын» оқытудың жемісті жолы – алдымен мәтінді меңгерту. Ол үшін мәнерлеп оқи отырып, әр бөлімге аннотация беру керек. Аннотацияны оқушылар үйден жазып келіп, сыныптағы талдау жұмыстарында пайдаланады. Поэманың күрделілігін ескере отырып, оның әр бөлімі бойынша төмендегідей мазмұндық, жоспар жасап, іліп қоюға, керегінде пайдалануға болады.

Үлгі:

	Поэма бөлімдері
1. Арнау	Ақын толғауы.
2. Ақтабан	Қазақ даласының шапқыншылыққа ұшырауы. Ақтабан Шал әңгімесі.

Ары қарай сұрақ-жауап арқылы поэмадағы лирикалық кейіпкер (ақын) әңгімеші-тарих шал туралы, поэманың идеялық проблематикасы жайында әңгіме қозғалады. Тіл көркемдігі, өлең құрылысындағы ерекшеліктерге де міндетті түрде талдау беру керек. Сюжетті поэмаларды образдық талдаумен де, мәтіндік талдаумен де оқытуға болады. Ең тиімдісі – аралас талдау. Төменде сюжетті поэмаларды қалай өтуге болады, соның бір үлгісі ұсынылып отыр.

1. Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасы өзінің көтерген проблемасы, тақырыбы, маңызы жағынан роман тектес шығарма. Поэмаға әдеби талдау алдында оның мазмұнын түгелдей оқыту, меңгерту айналасында еңбек ету керек. Осы мақсатта мұғалім үйге алдын ала тапсырмалар береді.

Жалпы сыныптық тапсырма:

1. Поэманы түгелдей оқып, мазмұнымен танысу.
2. Әр бөлімге қысқаша аннотация жазу. Топтық тапсырма топ санына, сыныптағы оқушылар санына байланысты.

I топ

Поэмадағы Көкше көріністерін С.Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасындағы Көкше көріністерімен салыстыру (поэтикалық тілі, әр ақынның өзіндік стилі, т.б.).

II топ

10-сынып әдебиеті бойынша Ақанның «Құлагер» өлеңін поэманың «Бай, бай, Құлагерім» бөлімі бойынша Ақанның Құлагерді жоқтау өлеңімен салыстыру.

Мақсат: Ілияс өз поэмасында Ақанның «Құлагер» өлеңін қалай пайдаланғаны туралы іздендіру.

III топ

Абайдың «Аттың сыны» өлеңін поэмадағы «Құлагер» сынымен салыстыру (Күреңбай сыншы берген сипаты).

Мақсат: Екі ақынның ат сынын берудегі шеберлігі, яғни поэтикалық үндестік туралы іздену. Тапсырманы мына үлгіде орындауға болады:

Абай	Ілияс	Поэтикалық үндестік
Тәует бас, қамыс, құлақ, қоян жақ	Тәует бас, қамыс құлақ, қуарған жақ	

Жеке тапсырмалар:

1. «Құлагер» поэмасы туралы ғалым-сыншылар, әдебиетшілер пікірі бойынша қысқаша хабарлама жасауға дайындалу.

Ескерту: Материалдарды мұғалім ұсынады, әрі осы жұмыста басшылық жасайды.

2. Жоғары сынып оқушылары оқулық бойынша Ақан сері туралы қысқаша хабарлама жасайды.

IV топ

Поэма бөлімдері бойынша басты-басты оқиғаларын саралап, сюжеттік-композициялық жоспар жасау, оны сабаққа пайдалану үшін, кестеге жазып қою («Ас» бөлімінен бастап алу).

Үлгі:

Бөлім	Басты оқиғалар	Ақанның іс-әрекеті
«Ас»	Сағынай асы, үш жүздің оған «құйылуы» Ақанның Құласымен	Халықтың Ақанды құрметтуі.
«Құлагер»	Елдің Құланы көруге жүгінуі. Құлагерге берген халық бағасы. Күреңбайдың сыны. Батыраштың қызғанышы	Атын көзінен таса етпеуі. Жаршыға айтқан өтініші. Ақанның өткір тілімен Батырашты жерге қаратуы.

Поэмалар жоғарыда айтылғандай, көлемі, ауқымы ұзақ, шығармалардың қатарына жатады. Бір-екі сағат ішінде оны тұтастай өзінің мәні, мағынасы, әдебиеттен алатын орнына қарай барлық қасиеттерімен оқушыға жеткізе білу үшін, мұғалім ең тиімді деген әдіс-тәсілдер, оқу формалары, оқу жабдықтарын сұрыптап алуы керек. Әдебиетті оқытуда көрнекіліктің орны ерекше екені белгілі. Әсіресе, көлемді шығармаларды, оның ішінде поэмаларды оқытуда оның маңызы зор. Мүмкіндігіне қарай ол көрнекілік поэманың көтерген тақырыбы кейіпкерлері, поэтикалық тілі, ақын стилін тұтастай қамтитын, оқушы алдында жинақы түрде тұжырымды етіп берілетін дәрежеде жасалуы керек.

Көрнекілік үлгісі (мұғалім үшін қосымша материал):

«Құлагер» поэмасы. Сюжеті, композициясы, поэтикалық компоненттері

Бөлімдері	Поэманың басты оқиғалары	Ақынның көркем әдісі мен поэманың көркем компоненттері
«Толғау»	Ақан толғанысы	Көтеріңкі леп, асқақ сезім. Баяндау. Поэтикалық тілі: метафоралар, теңеулер (бұлбұлым, дүлдүлімін, тұздай, қамырдай)
«Туған жер»	Көкшетау туралы толғанысы	Суреттеу, әңгімелеу, мүсіндеу, баяндау, шешендік сұрақтар. Поэтикалық тілі: теңеу, эпитет (сұлудың көзіндей, бал бұлақ, бура тас)
«Ақан»	Ақан сері, оның басынан өткен жағдайлары. Ақан туралы хабар	Суреттеу, баяндау, әңгімелеу, мінездеу, шешендік сұраулар, лирикалық шегініс
«Ас»	Сағынай асы, ас көрінісі, асқа келушілердің сипаты	Баяндау, әңгімелеу, портреттеу, суреттеу, метафора, эпитет
«Құлагер»	Ақанның асқа келуі. Құлагер туралы Күреңбай сыны	Әңгімелеу, мүсіндеу, диалог. Поэтикалық тілі: эпитет, метафора, теңеу.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Поэманың тарихи негізі туралы қандай дәлелді пікір айтар едіңіздер?
2. Поэмада Құлагерден Ақан жайлы көп айтылған. Солай бола тұрса да, поэма неге «Құлагер» деп аталған?
3. Поэмадағы ақын ойы туралы пікір білдіріңіздер.
4. Поэмадағы Ақан тағдырын қалай сипаттайсыз?
5. Поэмада палуандар күресі қалай суреттеледі?
6. «Құлагер» трагедиясына қандай ой-пікір білдіресіз?

Драмалық шығармаларды оқыту

Әдебиеттің басқа жанрына қарағанда драмалық шығармаларды оқытудың өзіндік ерекшелігі бар. Ол ерекшелік драмалық туындылардың жанрлық табиғатына тікелей байланысты болып

келеді. «Пьеса-драма, комедия — әдебиеттің ең қиын формасы», — дейді М.Горький. Себебі, әдебиеттің проза, лирика жанрларында айтатын ой, кейіпкерлер іс-әрекеті, көрінісі, сахна бірінші кезекте болады. Орыс жазушысы Гоголь: «Пьеса тек сахнада ғана өмір сүреді» деуі осыған дәлел. Авторлық ой, мақсат, көзқарас бұл шығармаларда көмескі жатады. Ол әр кейіпкер сөзі, іс-әрекетінде өмір сүреді де, оқырман, көрерменнен ерекше ықылас қойып, мұқият тыңдауды, көруді, ойлауды талап етеді. Драмалық шығармаларда оқиғалар оқырман көз алдында жаңа өтіп жатқандай әсер қалдыруы керек. Күшті сюжет, ең бастысы, өткір, шиеленісті тартыс, өмірдегі қарама қарсылықтар — драманың өзегі негізгі арнасы. Әсіресе, драмалық кейіпкерлердің өзіндік ерекшелігі бұл жанрдың өзіндік табиғатын дәл даралап береді. Орыс сыншысы Белинский драма кейіпкерін: «Өзіне ғана тән ерекшелік сипаты бар жеке адам» десе, ұлы Дидроның: «Драмада адам өміріндегі ең маңызды, өнегелі дейтін, жұртқа қызықты жағдай ғана бейнеленуі керек», — деуі осыдан туса керек. Драмада қаһарман белгілі бір мақсат үшін күреседі, сол себепті оның күші зорайып, іс-әрекет қимыл арқылы көрінеді. Драмадағы тағы бір ерекшелік, қаһармандар іс-әрекеті әр жаққа шашырамай, бәрі бір жүйе, бір желі, бір арнада өрбіп, дамиды.

Драмалық шығармаларды талдау әдістемелері:

Талдауды бастамас бұрын, балаларға өтілгелі отырған драмалық шығармаларды алдын ала оқыту керек. Балаларға оқу барысында ақыл-кеңес, бағыт-бағдар беру міндетті түрде жүзеге асырылады. Әсіресе, ең негізгі, басты тартыстар, шиеленістерді көрсететін акт, суреттерге ерекше көңіл бөлінуге тиіс. Оны мұғалім үлестірме-нұсқау арқылы да жүргізеді. Мысалы, Ғ.Мүсіреповтің «Козы Көрпеш - Баян сұлу» трагедиясын оқу барысында мынадай нұсқау ұсынуға болады:

— Трагедиядағы басты тартыстар, оқиғалар, соған назар аудар:

а) Қарабайлар өлімі, ескі әдет-салт, оған қарсы жастар сезімі, махаббаты.

ә) Аяр, сұм Жантық әлемі. Оның ішкі есебі. Қарабайға да, Қодар, Қозы — Баянға да құрған зұлым торы.

б) Қара жүрек Қодар. Оның ақ махаббат алдындағы кешірілмес күнәсі. Малдың, топастықтың, аяр азғырудың құрбаны болуы.

в) Қозы мен Баян, олардың ақ сезім, махаббаты және дала жауыздығы.

г) Күнікей мен Мақпал. Олардың бойындағы гуманизм, дала тағдырларына қарсы айбынды үні.

д) Трагедияның зұлымдық пен жауыздық, сарандық, аярлыққа қарсы қаһарлы үні мен өлмес, өшпес махаббатты дәріптейтін өр, асқақ, салтанатты, қасиетті үні.

Осындай үлестірме-тапсырмаларды ұсына отырып, оқушыларды ойландыратын, іздендіретін сұрақтар беру де тиімді, дұрыс болмақ.

1. Қалай ойлайсыздар. Қодардың Қозыны өлтіруінде тек өзі кінәлы ма, әлде Жантық кінәсы одан асып түсіп жатыр ма?

2. Трагедияда өзіне, әсіресе, не ұнады, не ұнамады? Ойыңызды, пікіріңізді дәлелді айтуға тырысыңыз. т.б...

Талдау алдында оқушыларға әдеби-теориялық ұғым берудің маңызы зор. Жалпы, әдеби-теориялық, ұғым тәжірибеде туынды оқылып болған соң, беріледі. Бұл дұрыс емес. Ұғым екі кезеңнен тұруы керек. Бірінші кезең көркем туындыны бастау алдында беріледі, екінші кезең көркем туынды талданып біткен соң, беріледі. Бірінші кезеңде кіріспе ұғымы беріледі. Мысалы, осы драманы талдау алдында драмалық шығармалар, оның түрлері (трагедия, комедия, пьеса, акт, көрініс, перде, сурет, ремарка, монолог, диалог, тартыс) туралы алғашқы ұғым беріледі. Талдау барысында, соңында нақты мысалдар арқылы бұл теориялық ұғым тереңдете берілуі керек. Мысалы, монолог туралы кіріспе ұғымда ол кейіпкер сөзі екені, драмалық туындыларда монологке ерекше мән берілетіні айтылса, екінші кезеңде осы монологтардың драмада атқарып тұрған маңызы, орны ашылуы керек. Мәселен, актідегі Жантық монологі бүкіл трагедиядағы Жантықтың кім екендігін оқырманға да, көрерменге де айқын ашып тастайды. Жантықтың небір аяр істерін, оның себебін осы монолог дәлелдейді. Қарабай койнына зәр жыландай кіріп алған Жантық ең алдымен сол Қарабайдың өзін шағады. Қодар мен Қозы бірін-бірі өлтірсе, қауқарсыз Қарабайды Жантық өзі бір жайлы етпей ме, сөйтіп, Баян да, қыруар мал да Жантекендікі болып қалмай ма? Әлсін-әлсін Қарабайды жану, Қодарды қылмысқа итермелеу мақсаты, тіпті шығарманың ең негізгі шиеленісі де сол Жантекеннің іс-әрекетінде жатыр ғой.

Талдауды драмалық, шығармаларды күйтабақтан талдау, немесе, содан көрініс көрсетуден бастаудың маңызы зор. Сондай-ақ, оқушылар қызығушылығын арттыру мақсатында драманың жазылу тарихы, оны ойнаған артистер туралы әңгімелеу, туынды туралы әдебиетшілер, сыншылар пікірі жазылған көрнекіліктерді пайдалану тиімді болмақ. Талдауда мәтінге сүйену, үнемі соған арқа сүйеу, әсіресе, драмалық шығармаларды оқытудың алтын арқауы болып табылады. Мұғалім ең негізгі көрініс, актілерді, монолог, диалогтерді бөліп ала отырып, сол бойынша жұмыс істеуі керек. Мәнерлеп оқу, түсіндірмелі оқу, рөлге бөліп оқуға ерекше назар аударылады. Мәтінді осылай оқи отырып, сұрақ-жауап, проблемалық жағдаят тудыру, оны шешу. т.б. әдіс-тәсілдер арқылы талдау ары қарай жүргізіледі.

Талдау барысында жиі-жиі оқушыларды қозғау салып, олардың қиялы, ойына ерік беріп отыру да драмалық шығармаларды оқытудың тиімді жолдарының бірі. Мысалы, «Қозы Көрпештегі» ең соңғы көріністі талдай отырып: «Кәне, балалар, осы оқиғаны сахнадан көргендей айтып беріңіздерші» немесе «Осы көрініс сахнада жүріп жатыр дейік, көз алдына қалай келтірер едіңіз?» деген сұрақтармен оқушылардың қабілетіне, шығармашылық ойына да жол ашып отыру керек. Оның басты себебі, драмалық шығармаларды оқыта отырып, мұғалім театр көрерменін тәрбиелейтінін де ұмытпағаны дұрыс. Немесе, мына актіге, не оқиғаға қандай көрініс берер едіңіз, қандай декорация жасар едіңіз? дегендей де сұрақтар жоғарыдағы мақсаттан тұмақ. Кейіпкерлер монологі, диалогін үнтаспадан (мәнерлеп оқылған) тыңдау, қабілетті оқушыларды алдын айтқызудың да өзіндік орны бар.

Драмалық шығармаларды оқытудың басты мақсатының бірі, жоғарыда айтып кеттік, оның табиғатын, әдебиеттің басқа жанрларынан өзіндік ерекшелігін таныту. Осы мақсатта, мысалы, «Қозы Көрпеш» лиро-эпикалық жырын (трагедия негізі осы жырдан алынған) «Қозы Көрпеш - Баян сұлумен» салыстырудың маңызы зор. Трагедияны талдау барысында мынадай сұрақтар қоюға болады:

Салыстыру сұрақтарын алдын ала үйге беріп, оқушылардың ойлауына жағдай жасаған дұрыс. Салыстыру жұмыстары арқылы жыр мен драманың айырмашылығын ажырату, аңдату жүзеге

асырылады. Қорытынды сұрақ ретінде (6-сұрақ); «Оқушылар, қалай ойлайсыздар, жыр мен драманың айырмашылықтары неде?»

Драмалық шығармаларды оқытудың жолдары көп. Ол — әрбір мұғалімнің ізденісі, шеберлігіне де байланысты шығармашылық жұмыс. Дегенмен, оның өзіне тән оқыту әдістері, сабақ түрлері болады. Концерт – сабақтар, композициялық сабақтар түрі драманы өтудегі тиімді сабақ түрлеріне жатады. Төменде драмалық шығармаларды оқытудың барысын көрсететін сабақ үлгісі берілген.

М.О.Әуезов – драматург

Сабақтың негізгі элементі, мазмұны	Оқыту әдісі. Оқыту формасы	Оқу жабдықтары
Кіріспе: М.О.Әуезов – драматург	Алдын ала тәжірибелік тапсырма беру. Аннотация, анкета сұрақтары. Әңгіме элементі бар сабақ (сөздік әдіс). Сабақтың ең басты формасы — концерт – сабақ	Интерактив тақта: а)иллюстрациялар б)қосымша материал. М.Қаратаев, М.Әуезов «Әдебиет мақтаны» («Жұлдыз», 1977)
«Еңлік – Кебек» трагедиясы. Жазылу тарихы. Оқиғаның өмір шындығына құрылуы.	Үйге өз беттерімен орындауға берілген тәрбиелік, танымдық тапсырмалар (сауалнама, инсценирова, топтық тапсырмалар, сұрақ-жауап)	Интерактив тақта: а)иллюстрациялар б)сахналық көріністер
Феодалдық қасірет пен адал махаббат	Сахналау, мәнерлеп оқу	
Трагедияның поэтикалық тіл шеберлігі, автордың шешімі.	Кітаппен жұмыс. Проблемалық жағдаят.	Интерактив тақта: Нені білу керек? Кесте.

Жоғары сынып оқушыларына шығармашылық қабілетін дамыту үшін үйге жеке-жеке тапсырмалар беріледі. Мәселен, бір қатар оқушылар «Еңлік – Кебекке» киносценарий жазып келуі

мүмкін, екінші бір топ оқушылар «Түнгі сарын» трагедиясына киносценарий жазады. Кейбір оқушылар өздеріне ұнаған пьесалар бойынша диалог, монологтарды мәнерлеп оқуы мүмкін.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Жырда қандай кейіпкерлер бар? Олар трагедияда сақталған ба?
2. Қандай кейіпкерлер трагедиядағы жырда жоқ?
3. Қандай оқиғалар жырда алынған? Қайсысын автор қосқан?
4. Кейіпкердің жырдағы сөйлеу тілін автор трагедиясында пайдаланған ба?
5. Жырдағы негізгі тартыстар трагедияда пайдаланылған ба?

Ақын-жазушылардың өмірбаянын, шығармашылық жолын оқыту

Мектепте ақын-жазушылар өмірін оқытудың маңызы зор, әрі ол әдебиетті оқудың күрделі бір саласы болып табылады. Қай ақын-жазушыны, суреткерді алмайық, оның шығармашылығында, қол жеткен табысында өзі өмір сүрген орта мен шыққан ортасы, өмір жолының ізі жатады. Қай шығарма суреткердің қай өмір кезеңіне байланысты туған, ол шығарманың жазылу себебі не, т.с.с, мәселелерге де олардың өмір жолы жауап бермек. Мысалы, С.Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасы қиялдан туған шығарма емес екені, оны жазу кезінде Көкшеге үш рет баруынан туған дүние екені мәлім. Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге болады. Немесе, Міржақып, Сұлтанмахмұттардың, Мағжандардың «Алаш» туралы өлеңдері сол партияда болулары немесе сол қозғалыс кезінде оған жақтас, пікірлестіктерінен туғандығы баршаға аян. Сондықтан суреткер өмірі оның шығармашылығынан біртұтас қарастырылу керек.

Бағдарламада ақын, жазушы өмірбаянын оқыту 9-11-сыныптарда тарихи әдебиеттік ізбен беріледі. Ал 5-8-сыныптарда әдебиеттік оқуларда емес, жекелеген шығармаларын талдау ұсынылады. Сол себептен де әр оқушы өздері оқып жатқан шығарма кімдікі, шығарманың жазылу тарихы туралы тұжырымды түрде хабар алса, артық болмайды. Сондықтан 5-8-сыныптарда да суреткер өмірінен мәліметтер берудің тиімділігі 6-сыныпта М.Мағауинның «Бір атаның балалары» шығармасын оқу алдында оқушыларға әңгімелеу әдісімен Мұхтардың қысқаша өмірін

таныстырып, әсіресе, соғыс жылдарындағы жетім балалардың мәселелеріндегі азаматтық, күрескерлік, ұлтжандылық қасиеттерін айтып берудің маңызы зор. Сондай-ақ М.Шахановтың «Отырар дастанын» оқушыларға оқытып, қайта жалғастырып, акынның өлеңдегі Қайырханға ұқсастығы бар ма, неге акын осы Қайырхандай халық ұлдары туралы жиі жазады деген сұрақтармен оқушыларды ойландырып, өз халқын сүйетін адал, батыр ақындар өзі ғана халқын ондай тақырыптарға бара алатындығы жәнінде сөз қозғау тиімді тәсіл болмақ. 8-сынып оқулығында Абайдың Әбіш туралы өлеңдері беріледі. Әбіш кім болған (оқулықта қысқа ғана мәлімет беріледі), Абай оған неге бірнеше өлеңдер жазған, ол өлеңдер әкенің баласын жоқтауы ғана ма деген сұрақтарды мұғалім акын өміріне шолу жасай отырып, түсіндіреді. Тіпті, берілген шығарманы талдау, оған қызықтыру үшін де бұл тәсілдің маңызы ерекше, мұғалім әңгімелей отырып, Абай өлеңдерінің басты-басты кезеңдеріне тоқталады. Халық үшін «мыңмен алысқан» ұлы акын өз балаларын сол «Халық ұлы, адам ұлы» болу үшін тәрбиелегенін, әсіресе, Әбішінен үлкен үміт күткенін, бірақ, Әбіш қазасы ол үмітті үзіп, ақынды кайғыға ұшыратып, қолына қағаз алғызғанын әңгімелеудің тиімділігі зор. Оқушылардың қызығушылығын арттыру, танымын дамыту мақсатында М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясынан мысалдар келтірудің де маңызы бар. Мысалы, Абайдың «Өзімді сүйсіндірмес, тірі болып, сау болса, халқын да сүйсіндірер. Қараңғы сахарасына жарық, сәуле әкелер алғашқы адал буын сен болармысың!» деген Әбіш туралы толғауын немесе «Қапыда» бөлімі бойынша Әбіштің қайтыс болар алдындағы әкесіне жазған қоштасуын оқып беруге болады. 5-8-сыныптарда суреткердің бүкіл өміріне тоқтаудың қажеті жоқ. Өміріне тұжырымды түрде шолу жасап, әсіресе, оқығалы отырған шығармаға байланысты мәселелерге ғана көбірек көңіл бөлу керек.

Тәжірибеде жазушы өмірбаянын арнайы сағаттар бөліп, шығармашылығын талдау алдында оқыту және оны хронологиялық жүйемен оқыту орын алған. Орыс әдебиетін оқытуда соңғы тәсіл кең орын алады. Ал қазақ әдебиетін оқытуда бұл соңғы тәсіл кей жағдайда келе келе бермейді. Оның басты себебі жазылып қалған деректердің болмауы, тағы басқа себептері бойынша ақын-жазушылардың өмірі, шығармаларының дүниеге келуінің нақты мерзімі белгісіз болуы. Егер мұғалім қосымша материалдар

пайдалана отырып, кең көлемде жазушымен алдын-ала таныстырып, оның тек өмірі ғана емес, халқына сіңірген еңбегі, өмір сүрген ортасына байланысты әр қилы өмір жолы сөз етілсе құба-құп. Мысалы, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ш.Құдайбердиев, М.Дулатов, Ж.Аймауытов т.б. өтуде осы тәсіл тиімді болмақ. Себебі, халқымен жаңа табысқан бұл боздақтардың трагедиялық әрі бақытты өмірлерін, жазықсыз кеңестік идея мен сталиндік сұмдықтың құрбандары болғандықтарын жан-жақты арнайы түсіндірудің маңызы ерекше.

Ақын-жазушылардың өмірбаянын өтуде оның өмір кезеңдерінің басты оқиғалары, оларға байланысты туған шығармалары туралы маңызды мәліметтер жинақтап, хронологиялық кесте жасауға болады.

Үлгі:

Сәкен Сейфуллин (үзінді)

Жылы	Негізгі оқиғалар	Жазған шығармалары
1894	Ақмола уезі, Нілді болысы 1-ауылда дүниеге келді	Үлкендердің өтінішімен өлең шығара бастауы (толық сақталмаған)
1905	1. Нілді зауытына келіп, Лаврентийдің қолында орысша үйрене бастады. 2. Жұмысшылар көтерілісінің күәсі болды	
1913	Омбы қаласында	Қазан қаласында «Өткен күндер» өлеңдер жинағының басылуы.
1914	семинарияда оқуы, саяси	
1916	жұмыстарға араласуы.	

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Ақын-жазушылардың өмірі мен шығармашылығын оқытудың тиімді жолдарын атап айтыңыз.

2. Суреткердің өмірі мен шығармашылығын қандай тәсілдермен оқыту керек?

3. Ақын-жазушылардың өмірі мен шығармашылығын оқытуда қандай мәселелерге мән беру керек?

4. Кеңестік идеология және сталиндік сұмдықтың құрбандары болған тұлғаларға өзіндік ізденістер жасаңыздар.

5. Ақын-жазушылардың өмірі мен шығармашылығын оқытуда қандай сабақ түрлерінен пайдалануға болады?

Шолу тақырыптарын оқыту

Шолу тақырыптары ІХ-ХІ сыныптар бойынша беріледі.

Әдеби құбылыстарды тарихи-қоғамдық мәселелер ауқымында қарастыруда, үлкен бір кезеңдегі әдеби дамулар мен жағдайларды қоғам сипаты, оның саяси-әлеуметтік бейнесімен бірге түсіндіруде бұл тақырыптардың маңызы ерекше болып табылады.

Бағдарламада берілетін сағат санының аздығы, бірақ шолулардың ауқымдылығы, маңызы оны оқытудың өзіндік күрделілігін көрсетеді. Шолуларда ең алдымен тарихи-саяси мәселелер, қоғам дамуының жалпы сипаты беріледі, ары қарай мәдениет, әдебиет, өнерге олардың әсері сөз етіледі. Әдеби бағыттар, жанрлар, ағымдар туралы айтыла отырып, ақын-жазушылар шығармашылығы (сол кезеңдегі), олардың негізгі жетістіктері әңгімеленеді. Қай ақын-жазушы болмасын, ол — өз дәуірі, өз қоғамының бел баласы, соның өкілі. Олардың еңбектері, өздері өмір сүріп отырған қоғамды, оның тыныс-тіршілігін, бейнесін сөз өнерімен бірелері, сол кезеңге байланысты әдебиетке қосқан үлесі шолу түрінде беріледі. Соңғы кезеңдердегі тарихи өзгерістер, өткен мен қазіргіге жаңаша көзқараспен қарау шолу тақырыптарын өтуде мұғалімге маңызды жұмыстар жүктейді. Ол қандай жұмыстар?

1. Халқымыздың тарихы түбімен қайта қарастырылуда, бағалануда. Ол жөнінде біршама (тарихшылардың) зерттеу еңбектері басылуда. Мысалы, Исатай мен Махамбет бастаған көтеріліс тек шаруалар көтерілісі ғана емес, оның ұлт-азаттық сипаты да дәлелденуде. Тарихи шындық бұрмаланып, екі жарым ғасырдан артық “Қазақстан Ресейге өз еркімен қосылған” деген бір жақты пікірлер айтылып келген, қазір ол туралы нағыз шындық беті ашылуда. Хан болса, би-сұлтан болса, бәрін “жау”, бәрін “қанышер” деген ұғымнан арыла бастадық. Кейбір ақын-жыраулар да кертартпа, сары уайымшыл, ескіні көксеушілер, ұлтшылдар деген қарғыбаудан (коммунистік идеяның қарғыбауы) босатылып жатыр. Міне, қоғамымыздағы осындай ұлы өзгірістер енді әдебиетке де мүлде жаңа көзқараспен қарау идеясын өзінен-өзі әкелуде. Ақын-жазушы, жыраулар, тіпті ауыз әдебиетіміздің де тамаша туындыларын қайта қарастыру, оларды коммунистік идея тұтқынынан аршып алып, сөз өнерінің нағыз саф алтындарын тарихымызға әкелу, әрі оқу бағдарламаларына енгізу қасиетті борыш болмақ. Сол себептерден де мұғалім бағдарлама, оқулық

қашан қайта жасалды деп отырмай, әдебиетті оқыту мәселесіне жаңаша қарау керек. Соның ішінде әдебиетті тарихи кезеңдермен байланыстыра берілетін шолу тақырыптарының мазмұны, берілетін білім жүйесін қайта шолу, қайта саралау әр мұғалімге үлкен жауапкершілік артады. Материалдар жинақтау, оларды оқулықтағы материалдармен байланыстыру, толықтыру, тиімді әдіс-тәсілдерді сұрыптау, материалдардың күрделілігі, маңызын ескере отырып, оны оқушыға жеткізудің жеңіл, қонымды жолдарын дөп басып табу — тек шеберлікті ғана емес, талмай іздену, терең білімді де қажет етеді. Мысалы, қазір әдебиеттің партиялық сипаты, социалистік реализм әдебиеті туралы түсініктер қайта қаралуда (бұл мәселелер XI сыныптағы кіріспе шолуда беріледі).

Сабақ мазмұнын, онда берілетін білімді тәртіпке келтіре отырып, енді оны балаға жеткізудің тиімді, қонымды деген әдіс-тәсілдерінен іздену қажет болып табылады.

Сонымен шолу тақырыптарын өтудің тиімді әдіс-тәсілдері, жолдары қайсы, мұғалім ең алдымен қандай мәселелерді басшылыққа алу керек, неден бастау керек? Қай шолу тақырыбында болсын, қамтылатын материал ауқымы кең де, керісінше, оны өтуге бөлінген уақыт тапшы. Әдебиетті оқытуда шолу тақырыптарының бір маңызы сол, ол бүкіл бір кезең әдебиеті туралы оқушыларға алдын ала хабар береді, жан-жақты түсінік жасайды.

Осы мол дп маңызды материалдарды мұғалім іріктеп, саралап, ең негізгі, ең маңызды мәселелердің дәнін, түйінін бөліп ала білу керек. Сабақ алдында “Бүгінгі сабақтың ең маңызды мәнді мәселелері”, “Нені міндетті түрде білу керек?” деген кесте-плакатты пайдалануға болады.

Үлгі:

XIX ғасырдың II жартысындағы қазақ әдебиеті

Бүгінгі сабақтың ең негізгі, мәнді мәселелері — сол кезеңдегі тарихи-әлеуметтік жағдайлар.

а) Кең-байтақ қазақ өлкесі Ресей империясының құрамында. Қазақстан Ресейге өз еркімен қосылды ма? Соңғы кездегі тарихи шындықтар туралы жаңалықтар;

ә) Әлеуметтік, мәдени, әдеби байланыстар, оның прогрессивтік маңызы;

б) Әдебиетте ағартушылық, демократтық, гуманистік, азаматтық бағыттың өрістеуі. Релизм әдісінің, сыншыл реализмнің қалыптасуы. Өрлеу дәуірінің басталуы (әдебиетте).

Ғылымның, педагогиканың, мәдениеттің өрістеуі, олардың ірі өкілдері:

а) Ш.Уәлиханов — қазақтың ұлы ғалымы, қазақтың төл ғылымының негізін салушы, этнограф, тарихшы, тілші, әдебиетші, фолклорист, суретші, заңгер, географ, саяхатшы ағартушы, демократ;

ә) Ы.Алтынсарин — қазақ педагогі, жаңаша оқыту саласының негізін салушы. Жазушы, ақын, аудармашы, балалар әдебиетінің атасы, ұлы гуманист, демократ ағартушы;

б) А.Құнанбаев — қазақтың классикалық әдебиетінің шұғылалы шыңы, көркем, жазба әдебиетінің, әдеби тілінің негізін салушы, Батыс, Шығыс, орыс әдебиеті, мәдениетін халқына таратушы, ойшыл-философ, ғажап аудармашы, қазақ әдебиетіне түбірімен өзгеріс әкелген жаңашыл ақын, сыншыл реализм әдісінің негізін салушы, гуманист, демократ-ағартушы.

Халық ақындары: Шортанбай, Мұрат, Кердері шығармашылықтары:

а) халықты қанаушылар, байлықтың құлдарын өлтіре сынаулары;

ә) патшаның отарлау саясатына қарсы ұлтжанды үндері, Ресейге қосылудың шынайы, көлеңкелі жақтарын ашына жырлауы;

б) осы ақындар туралы әр түрлі пікірлер. Соңғы кездегі тарихи шындыққа негізделген бағалар, ойлар.

Абайдың ақынды мектебінің қанат жаюы (Ақылбай, Мағауия, Әсет ақындар туралы).

— Әнші, ақын, композиторлардың бір тобы. Ән өнері, музыка мәдениетінің дамуы. Біржан сал, Ақан сері, Жаяу Мұса шығармашылығы.

— Әдеби бағыт, реализм, сыншыл реализмнің көркем әдебиет әдісі ретінде дамуы. Реализмнің сыншылдық, ағартушылық, гуманистік, азаматтық сипаттары. Прогрессивтік романтизмнің де бой көрсетуі, оның маңызы.

Тақырыптың түйіні жазылған бұл кестені үлестірме-нұсқау ретінде балалардың алдына беру тиімді болмақ, себебі, үйде дайындалу кезінде де пайдалануларына қолайлы келеді.

2. Шолу тақырыптарын өтуде көрнекіліктің маңызы. Мысалы, осы “XIX ғасырдың II жартысындағы әдебиетті” өтуде Абай, Шоқан, Ыбырай туралы көрме-витрина, олар туралы ұлылардың бағалары, пікірлері жазылған кесте-плакаттар, альбомдар, карта-сызба, көркем туындылар (Абай, Шоқан, Ыбырай туралы жазылған), оқу фильмдерін орынды пайдалану оқушылардың қызығушылығын арттырады, көлемді тақырыптардан жалығып кетуден сақтандырады. Әрине, бұл көрнекіліктерді тиімді пайдалана білу жолдары бар. Сабақ өтетін кабинетті мұражайға айналдырып жіберіп, оқушы назарын, білім мазмұнынан гөрі, айналада ілулі тұрған дүниелерге бұрып жіберу үлкен кемшілік болар еді. Кейде сабақ өтуден бұрын, “XIX ғасыр. Қазақ қауымы, әлеуметтік жағдайлар. Әдебиет, мәдениет, көркемөнер” деген тақырыппен кабинетке көрме ұйымдастыруға болады.

Міне, осылайша оқушылардың қызығушылығын арттырып, алғашқы мәліметтерді сөзбен емес, осы көрнекіліктермен беруге болады.

Көрме-витриналарды да саралап, тақырыпшаларға бөліп ұйымдастыру керек.

Мысалы, 1-кесте-плакатты мына үлгіде жасауға болады:

“Ұлылар туралы ұлы сөз”

Шоқан суреті	Ыбырай суреті	Абай суреті
“Ш.Уәлиханов — шығыстану әлеміне күйрықты жұлдыздай жарқ етіп шыға келгенде, шығысты зерттеуші ғалымдар оны ерекше құбылыс деп, түгел мойындады” (Н.И.Веселовский)	“Ы.Алтынсарин — қазақ арасынан шыққан тұңғыш кемеңгер адам еді, ол қараңғы халқының ішіне еуропалық мәдениеттің жарық сәулесін таратты” (“Оренбургский листок” газеті)	“Абай — қазақтың классикалық поэзиясының шұғылалы шыңы”. (М.Әуезов)

2-кесте (карта-сызбалар):

а) “Шоқан саяхаттары, ғылыми еңбектері, тұрған жерлері”.

ә) “Сахарадағы тұңғыш шамшырақтар” (Ыбырайдың ашқан мектептерінің карта-сызбасы).

б) “Абай — әлемінің сүйікті ақыны” (Абай шығармалары аударылған елдерді көрсететін карта-сызбай).

3-кесте:

Ұлылар сөз алғанда...

Қалың елім қазағым...

а) “Көшпелі елдерді тобыр санау Еуропада үстем болып келеді. Олар көшпелі моңғол немесе қазақтар дегенде, тұрпайы, мал тәрізді тағылар деп келеді...

Сол тағылардың көбінің жазба түрінде немесе ауыз әдебиеті, аңыз әңгімелері бар. Өлеңге, әсіресе, суырып-салма өлеңге бейімділік — барлық көшпелі елдердің өзіне ғана тән ерекшелік”.

Шоқан.

ә) “Қазақ халқы қарапайым, өнері жоқ халық, бірақ біз қарапайымдылықтың өзінен де көп жақсылық табамыз”.

“Қазақтарғақ — осы дарынды, ақыл есі мол халыққа кешікпей тұрып рухани және қоғамдық даму жолына түсетін дұрыс бағыт беру қажет болып отыр”.

Ыбырай.

б) “Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,
Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың,
Жақсы менен жаманды айырмадың,
Бірі — қан, бірі — май боп енді екі ұртың”.

Абай.

4-кесте:

“Ұлылардан қалған сөз...” (ақыл, нақыл, ғибраттар).

Осындай дүниелермен қоса “Ұлылар бейнесі — көркем әдебиетте”;

“Ұлылар бейнесі — театр, кинода, бейнелеу өнері, сәулет өнерінде” деген кітап витринасын тақырыптармен ұйымдастыру, үлгі-жоба жасап қою сияқты жұмыстар істеуге болады.

“Қазақстан Ресейге өз еркімен қосылған ба?” деген тақырыппен ғалымдар, тарихшылар пікірінен тұжырымды үзінділер жазып қою, т.с.с. саяси мәселелерді қамтитын материалдардан да көрініс берудің маңызы зор.

3. Хронологиялық кесте жасап, басты-басты мәселелерді топтап, жинақтап, оқушылардың көз алдына қою да тиімді. Мысалы, ХІ сыныпта соғыс жылдарындағы әдебиетке арналған шолуда төмендегідей хронологиялық кесте қолдануға болады.

Мұндай кестелер проза, драмаға да жасалынады. Хронологиялық кестелерде барлық авторлар мен олардың барлық шығармаларын тікей беру дұрыс емес. Ең бастысы, тақырыпты ашатын, жаңа, маңызды шығармалар мен авторлар іріктелініп алынады. Оны мұғалім де, оқушы да тиімді пайдалануына болады. Мұндай жұмыстардың фотомонтаж түрінде де жасайды. Мысалы, “Соғыс жылдары әдебиетте” деген тұжырымды тақырыппен, басты-басты ақын-жазушылар суреті беріліп, шығармаларының аты жазылып, бар болса суреттер жапсырылып, тұтастай бір көрініс (панорама) беріледі.

4. Шолуларды өтуде оқушылардың өзіндік жұмыстарына ерекше көңіл бөлінеді. Мұғалім көмегімен олар әр түрлі тақырыптарға шағын хабарламалар әзірлейді. Бұл хабарламалар неге негізделуі керек? Осы сөз етіліп отырған тақырыпты оқытуда пәнаралық байланыс ерекше қарастырлады. Себебі, бүкіл бір кезеңнің әдебиеті ғана емес, оның өнері, әлеуметтік жайы, бітім-бейнесі шолуларда тұтастай панорамалық ауқымда беріледі. Әдебиет мұғалімі сол көріністі ықшам, әрі мазмұнды беру мақсатында тарих, орыс әдебиеті, бейнелеу өнері, музыка пәні мұғалімдерімен де байланысады. Ол мұғалімдер көмегімен оқушылар шағын хабарлама әзірлейді. Хабарламаларына қызықтыру үшін, көрнекіліктер де жасап әкеледі (мүмкіндігіне қарай).

1-хабарлама: “Соғыс дәуіріндегі бейнелеу өнері”.

2-хабарлама: “Соғыс дәуіріндегі музыка”.

3-хабарлама: “Соғыс дәуіріндегі театр, кино өнері”.

11-сыныпта “Қазіргі қазақ әдебиеті” яғни 60-80 жылдар әдебиеті бойынша шолу тақырыптары беріледі. Мұғалім өз қалауы бойынша, ерекше дарынды ақындарға арнайы сағаттар бөліп, олардың поэзиясымен оқушыларды таныстыруына болады. Жалпы оқулықтарда, оқу бағдарламаларында қазіргі қазақ әдебиеті мен оның ерекше талантты өкілдерін оқытуға өз дәрежесінде көңіл бөлінбеген. Монографиялық оқыту қолға алынбай келе жатыр. Мұғалімге қазір шығармашылық еркіндік берілуде, осыны пайдаланатын мұғалімдер Олжас, Мұқағали, Төлеген сияқты шоқ жұлдыздар шығармаларын (1-2 сағат болса да) монографиялық жолмен оқытып келеді. Мұғалімге де, оқушыларға да күрделі дүние — оқулықта олар туралы қысқаша шолу ғана беріледі. Бір-екі сағат ішінде ақынның бүкіл шығармашылық бетін, поэзиясын,

оның дәнін, әдебиетке қосқан үлесін, оқырман жүрегінен алған орнын жеткізудің, ең бастысы, ол поэзияны оқушының қабылдауын ұйымдастырудың қаншалықты қиын екені түсінікті жайлар. Қазір ұлы ақын деп бағаланып жүрген Мұқағали лирикаларын оқушылардың өз беттерімен оқуын ұйымдастыру, әрі арнайы сабақта таныстырудың маңызы зор. Ең алдымен, оқушылардың түгелдей ақын өлеңдерін оқып, танысуын ұйымдастырған жөн. Оқу барысында мынадай тапсырмалар беріледі.

Сауалнама толтырады:

— Өзіңе қай өлеңдері ұнады, оның себебі?

— Поэтикалық талдау жасауға талаптан.

— Ұнаған өлеңдерді тақырыбына қарай сұрыпта.

— Мүмкіндігіне қарай өзіңе ұнаған өлеңдер туралы сын-зерттеулер, қосымша материалдар жинақта.

Сыныптан “белсенді топ” сайлап, осы процесті оларға жүргіздірткен жөн. Берілген уақыт біткен соң, “белсенді топ” ассистент оқушылар көмегімен сауалнамаларды жинап алып, сұрыптап, ұнатқан өлеңдердің тақырыбына қарай сыныпты топ-топқа бөлуге болады.

Топқа алдын ала берілетін проблемалық сипаттағы тапсырмалар жүйесі:

I топ: М.Мақатаевтың Отан, туған жер, оның адамдары туралы өлеңдерінің айналасында пікір қозған, сол туралы өз пікірлерін қорғау.

II топ: Ақынның махаббаты, достық тақырыбындағы жырлары туралы пікірлесу, оны қорғау.

III топ: Поэзия, өзі туралы өлеңдерін талдау, пікірлерін қорғау.

IV топ: Емхана, тағдыр, өлім мен өмір туралы (элегиялық сипаттағы) жырлары айналасында пікірлесу, пікір қорғау.

Барлық топ мына проблема айналасында жұмыс істейді: “Мақатаев поэзиясының идеялық-эстетикалық ерекшелігі, табысы”.

Әр топқа нәтижелі жұмыс үшін, көмек ретінде мынадай үлестірме нұсқаулар таратуға болады:

— Өзіңе ұнаған ақын жырларын сұрыптап алып (тақырып негізінде), мына мәселелерге көңіл бөл:

а) Өлеңнің көтерген проблемалары, өзіндік ерекшелігі;

ә) Бұл өлең несімен ұнады, оны нақты мысалдармен (өлеңнің өзіне мысалдар келтіру арқылы) дәлелде;

б) Өзің талдап отырған жырлар туралы ақындар, ғалымдар естелігіне, пікіріне назар аударып, әрине, ондай материалды тапсаң, сол туралы өз ойыңды ортаға сал (оларға қысыласың ба, жоқ па — екі жағдайда да ойыңды дәлелді етіп жеткіз);

в) Өзің талдап отырған тақырып айналасындағы басқа да ақындар жырларына назар аударып, жалпы Мақатаев поэзиясының өзіндік беті, өзіндік үні туралы пікір қорытындыла, ақынның өзіндік табысы, ізденісін сарала;

г) “Мен Мұқағали поэзиясынан не таптым?!” сұрағының айналасында ізден;

д) Басқа топ жұмыстарына қоятын сұрақ әзірле;

е) Мұқағали лирикалары туралы өтетін осы сабаққа қандай тақырып қояр едің?

Ары қарай ақын поэзиясы туралы қосымша материалдар тізімі, азды-көпті сын-зерттеулер ұсынылады. Бұл материалдар оқушылардың өз беттерімен талдау, пікірлесу жұмыстарына көмек береді. Сабақты “пікір қорғау” түрінде өткізуге болады. Ақын шығармаларын өз беттерімен оқи отырып, өз пікірлерін жинақтап, әр түрлерін дәлелді түрде қорғау жұмыстары жоғары сыныптарда лирикалық шығармаларды оқушыларға өз беттерімен оқытудың тиімді жолдарының бірі болып табылады. Сондай-ақ, әдеби пікірталасқа баулуда бұл жұмыстың тиімділігі зор. Сабақтың кіріспесінде әр оқушы тақырып айналасында пікір таластырады. Әркімнің әр түрлі тақырып таңдауы, әр түрлі пікірде болуы заңды нәрсе ғой.

Ары қарай әр топ өзінің шағын сабағын жүргізеді. Оны әр топтың жетекшісі өзі жүргізеді. Әр оқушы өз пікірін өлеңнен үзінді оқи отырып, немесе сыншылар еңбегінен нақты мысалдар келтіре отырып, дәлелдейді. Бір топ екінші топқа сұрақтар қояды, толықтырады, әдеби викториналар арқылы сабақты одан әрі жандандыруға болады. Әр топ өз тапсырмасы туралы сөйлеп болған соң, сол топтың жұмысына қорытынды ретінде ғалымдар пікірінен үзінділер оқудың маңызы ерекше болып табылады. Себебі, сыншы-ғалымдар пікірі оқушылар ойын, түсінігін тереңдетеді, айқын жолға салады, таба алмаған сұрақтарына жауап бергізеді. Санаулы уақыттар ішінде (мейлі 1 ай оқысын өз бетімен) ірі

ақындар шығармашылығын толық меңгеру — үлкен адамдарға да күрделі, қиын дүние. Ал мұндай сабақ түрлерінен оқушылар ойларына ой қосады, пікірлеседі, таласады, оқып үлгермеген дүниелерін басқалардан естиді, қызықса, оны ары қарай оқиды. Жалпы, жоғары сынып тек лирика ғана емес, басқа да жанрларды өтудегі ең тиімді әдіс — еркін пікірлесу, әдеби таласқа түсу, өз пікірлерін дәлелді қорғай білу. Сондықтан мұндай тиімді оқыту жолдарын іздену — әр мұғалімнің басты мақсаты болмақ.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Әдебиет сабақтарында шолу тақырыптарды өтуде қандай мәселелерге аса мән берілуі керек?

2. Халқымыздың тарихында есімі елге танылған тұлғалар туралы мәлімет жасаңыздар.

3. Мұғалім шолу тақырыптарды өтуде қандай жұмыстарды жүзеге асыру керек?

4. Шолу тақырыптарын өтуде көрнекілік түрлеріне қысқаша сипаттама жасаңыздар.

5. “Ұлылар туралы сөз” тақырыбында пікірталас, өзіндік пікір білдіру мәселелеріне аса мән беріңіздер.

6. Сыныптан тыс жұмыстарды, шағын сабақтарды ұйымдастыруда қандай мәселелерге мән беру керек?

Әдеби-теориялық ұғымдарды оқыту

Мектептегі әдебиет теориясынан берілетін білім көркем шығарма табиғатын танудың құралы, кілті болып есептеледі. Одан білім беру жеке қарастырылмайды, ол көркем шығармамен тығыз байланыста, оны оқып-үйрену кезінде қалыптасады. Оқу бағдарламасында оқушылардың жас ерекшеліктеріне, сыныптарына, онда оқылатын көркем шығармалардың сипатына қарай, берілетін білім мөлшері белгіленген. Оқушыларда оқылатын материалдар ерекшелігіне байланысты әдебиет теориясы ұғымдарына түсінік беріліп отырады. Мысалы, «мысал» жанрынан берілген шығармадан кейін «мысал» деген не, оның сипаттамалары туралы анықтамалар беріледі. Сонымен, мектепте оқушыларға берілетін әдеби-теориялық ұғымдар жүйелі түрде, көркем шығармамен тығыз байланыста, оның негізгі ерекшеліктерін танытатын құралдар ретінде, әдебиеттанудың маңызды бір саласы дәрежесінде үзбей оқытылады. Оқушылардың әдеби-теориялық

білімдерін көркем әдебиет әлемін түсіне білу, талдай білуде практикада пайдалануға машықтандыру оны оқытудың басты міндеттерінің бірі. Оқу бағдарламасы, сол бойынша жасалған оқулықтарды парақтай отырып, әрі осы сыныптардағы оқушылардың жас ерекшеліктеріне, оқылатын көркем туындылардың құрамына қарай отырып, әр сынып бойынша төмендегі жүйеде әдеби-теориялық ұғым беруге болады деп есептейміз:

5-сынып

Халық ауыз әдебиеті туралы қысқаша түсінік. Әдебиет туралы кіріспе әңгіме.

Ауыз әдебиетінің негізгі жанрлары: мақал, мәтел, жұмбақтар, батырлар жыры, қиял-ғажайып ертегілер, әдеби ертегілер туралы алғашқы ұғым.

Мысал жанры. Әдебиеттегі дәстүр туралы, аударма туралы алғашқы түсінік.

Өлең, оның өзіндік ерекшелігі, құрылысы жайында кіріспе әңгіме.

Әңгіме жанры. Сюжет, эпизод туралы сөз.

Әдеби кейіпкерлер, олардың портреті туралы.

Лирика, табиғат лирикасы туралы алғашқы ұғым.

Гипербола, эпитет, теңеу, кейіптеу туралы түсінік.

Көркем шығарманың тақырыбы туралы алғашқы әңгіме.

Монолог, повесть, баллада туралы алғашқы ұғым.

6-сынып

Шыншыл ертегілер, аңыз, әңгімелер, жаңылтпаштар туралы түсінік.

Өлең құрылысы, ұйқас түрлерінен хабар беру.

Суреттеу, баяндау, әңгімелеу, композиция туралы түсініктерін кеңейту.

Өмірбаяндық әңгіме жанры туралы алғашқы ұғым.

Сюжет өлеңдер туралы түсінік. Лирика туралы алғашқы ұғым.

Теңеу, эпитет, метафора туралы төменгі сыныпта алған білімдерін толықтыру.

7-сынып

Батырлар жыры туралы ұғымдарын тереңдету.

Оптимизм, романтика, риторикалық сұрақтар, аллитерация, ассонанс туралы түсінік.

Табиғат лирикасы туралы білімдерін тереңдету.

Ирония, сатира, эпитеттің ұлғайған түрі, антитеза жайында хабар беру.

Әдеби бағыттар. Реализм туралы алғашқы ұғымдар.

Публицистика жанры, көркем шығарма тілі, поэтикалық, тіл туралы түсінік.

Суреттеу, баяндау, әңгімелеу жайындағы білімдерін жетілдіру. «Суреткер ақын», «Лирик ақын» ұғымына түсінік беру.

8-сынып

Поэма туралы ұғымдарын тереңдету.

Сюжет, композиция, көркем шығарма, тақырыбы, идеясы, кейіпкерлері туралы түсіктерін кеңейту.

Тип, протатип туралы алғашқы ұғым.

Ұйқас түрлері туралы түсініктерін кеңейту.

Шешендік сұрау, шешендік лептеулер, анафора мен эпифора туралы ұғым

Драмалық шығармалар туралы алғашқы түсінік.

9-сынып

Фольклор туралы түсінік. Аңыз-әңгімелер, шешендікке құрылған аңыздар, эпостық, лиро-эпостық жырлар туралы түсініктерін кеңейту,

Гипербола, тұрақты эпитет, әдебиеттен типтік жайындағы білімдерін тереңдету.

Айтыс, импровизация туралы түсінік.

Жыршы, жырау, ақын, толғау, афоризм туралы ұғымдарын қалыптастыру

Дәстүр мен жаңашылдық, реализм, романтизм, әдеби бағыттар, әдеби ағымдар жайында хабар беру.

Троп және фигуралардан бұрынғы сыныптарда алған білімдерін тереңдету (ассонанс, аллитерация, эпитет, метафора, антитеза, әдеби шығармалардың көркем тілі).

Поэзиядағы оптимистік сарын, элегиялық сарын, әдеби характер, әдеби тип, лирикалық шегіністер туралы ұғым.

Сын-зерттеу еңбектері, сценарий, либретто туралы алғашқы ұғымдар беру.

10-сынып

Әдебиеттегі демократтық, ағартушылық бағыт, сыншыл реализм.

Эпистолярлық жанр, публицистика, мақалалар туралы түсінік.

Шоқантану, Абайтану, фольклорист, азамат ақын туралы ұғым. Аударма, мысал жанры туралы түсініктерін кеңейту турлері, соның ішінде шығыстың «Назира» үлгісі.

Саяси-элеуметтік, махаббат, достық, философиялық, элегиялық, азаматтық, лирикалар, жалпы лирика түрлері жайында әңгіме.

Әдебиеттің халықтығы, жаңашылдық, ақын-жазушы стилі, әдеби тіл, кейіпкер тілі, философиялық трактаттар, қарасөздер туралы түсінік.

Роман жанры, өлеңмен жазылған роман, өмірбаяндық, романдар, журналистика, естеліктер, романтикалық поэма, әдебиет теориясы туралы очерк, фельетон жайындағы ұғымын тереңдету.

Әнші-ақындар туралы, психолог ақын жайында әңгіме.

Лирикалық кейіпкер, типтік бейне, сатира, аллегория, сюжеттік өлеңдер туралы түсініктерін кеңейту.

Ұйқас түрлері, өлең құрылысындағы жаңашылдық (Абай шығармашылығы) туралы ұғым.

11-сынып

Төңкерістен кейінгі әдеби ағымдар (символизм, футуризм, т.б.).

Новелла, баллада, эпопея, тарихи романдар, драматургиядағы тартыс пен характер, трагедия, комедия жанры, суреткердің даралық стилі, шеберлігі, лиро-эпикалық поэмалар, трагедиялық образдар жайында түсінік.

Тип, прототип, көркем шығармадағы деталь, штрих, псевдоним, очерк, фельетон, роман жанрындағы сюжет пен композиция, қарасөзбен жазылған поэма, тарихи тақырыптар, ұлттық тақырыптар, әдебиеттер достығы, халықтық сипаты, дәстүр мен жаңашылдық ұғымдарын кеңейту.

Портрет-эссе, роман-диалог, трилогия, деректі әңгімелер жайында әңгіме.

6. Әдебиеттегі көркем шындық, тарихи шындық, көркем бейне, стиль мен әдістер, авторлық, тұжырым. Әдебиеттің тегі мен түрі, өлең құрылысы, өлшемі туралы бұрынғы білімдерін кеңейту.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Әдеби-теориялық ұғымдарды оқытуда қандай мәселелерге мән беру керек?

2. Әдеби-теориялық ұғымдарды түсіндіру немесе ұғындыру үшін не істеу керек?

3. Әдеби-теориялық ұғымды берудің ең тиімді әдістерді атап айтыңыздар?

4. Абайдың қазақ өлеңіне енгізген жаңалығын бір өлең арқылы дәлелденіздер.

5. Мұғалімнің көмегімен кез келген көркем туындыны поэтикалық талдау жасау.

Оқушыларды тіл мәдениетіне, ауызша және жазбаша тіл шеберлігіне баулу

«Өнер алды — қызыл тіл»,— дейді халқымыз. Мектепте берілетін бүкіл білім мен тәрбие ең алдымен сөз арқылы жүзеге асырылады. Сондықтан да оқушылардың тілін дамыту тек әдебиетші, тілшілер мақсаты ғана емес, ол бүкіл мектептің, барлық пән мұғалімдерінің де басты мақсаты, борышы, барлығына тән бірыңғай талап. Оқушы еңбегін ғылыми түрде ұйымдастырып, осы мәселеге ерекше назар аударып жатқан мектептерде «Өнер алды — қызыл тіл» немесе басқа тақырыптарда жасалған стендтерді кездестіруге болады. Олар, бір жағынан, оқушыларға көмекші-нұсқау қызметін атқарса, екінші жағынан, бүкіл мектеп ұжымының назарын басты арнаға, келелі мәселеге аударады.

Үлгі: «Өнер алды — қызыл тіл»

Кел, жас дос, әдемі де әдепті, сұлу да ойлы сөйлеуге үйренейік.

Әдемі, әдеби сөйлеудің көзді бұлағы — кітап. Олай болса, кітапты жай оқып қоймай, ондағы сөздер, сөйлемдерге назар аудар, есіңе ұста, өзіңіздің сөзіңізде пайдаланыңыз.

Әдемі сөйлеудің келелі, көзді бұлағы халық тілінде:

а) Шешендікке, ақыл-нақылға негізделген даналық сөздерге назар аударыңыз. Ол үшін жыраулар толғаулары, терме жырлар, ауыз әдебиет үлгілерін көп оқыңыз.

ә) Мақал-мәтелдерде орын қосып, оларды ұтымды пайдалануға тырысыңыз.

б) «Шешендік қоржынын» жасаңыз. Бұл қоржынға осындай сөздерді жинап, жазба жұмыстарыңа пайдалануға тырысыңыз.

«Ең әдемі сөз — аз сөз» дейді халық. «Көп сөз көмір, аз сөз — алтын» деген тағы бар. Мәдениетті, әдемі сөйлеу үшін, көп сөйлеу міндетті емес. Қай жерде болсын, айтарыңызды қысқа айтуға тырыс. Сөйлемдерің шұбалыңқы, шашыраңқы болмасын. Мәдениетті сөйлеудің бір жолы — қыстырма сөздерді, жергілікті жерлерде

ғана пайдаланатын сөздерді пайдаланбау, «әй», «ой» деп, өзіңізді, тыңдаушыны да мазалай беру әбестік болады.

Сөйлеу мәдениеті деген ең алдымен әдепсіз, көргенсіз сөздерді қолданбау. Осыған абай болыңыз. Екіншіден, айғайлап, дабырлап, екіленіп сөйлемеңіз.

Пікір таластырып тұрсаң да, сабырлы, басыңқы сөйлеуге тырысыңыз. Басқаны толық тыңдаңыз, сөзін бөле бермеңіз. Өзің де айтарыңды жинақы етіп жеткізіңіз.

Әрине, бұл нұсқауды оқып, оқушылардың барлығы әдемі сөйлеп кетеді деген ұғым тумаса керек. Тіл дамыту — әдебиетті оқыту әдістемесінің ең бір күрделі де маңызды саласы. Ол жүйелі түрде шығармашылық бағытта жүргізіледі.

Оқу бағдарламасында тіл дамытуға арнайы сағаттар белінген, бірақ оны тек сол сағаттарда ғана жүргізу керек деп ұқпау керек. Жоғарыда айтылғандай, тіл дамытуға мұғалім әдебиеттің әр сағаты, сыныптан тыс жұмыстарда үнемі көңіл аударып отырады. Әдебиет сабағындағы тіл дамыту оқытылып жатқан көркем шығарма негізінде, оның көркем тілін жаңғырту негізінде жүзеге асуы керек. Оқушылардың әдебиет сабағында көркем тілін дамыту үшін де басқа пәндермен байланыстырып оқытудың маңызы ерекше.

Тіл мәдениетіне дағдыландыру, көркем, әдеби тілін жетілдіруге қазақ тілі сабағының орны ерекше. Шебер мұғалім тіл дамытуда осы екі сабақты үндестіріп, бір мақсатқа, бір бағытқа жұмсайды. Қазақ тілі сабағында да тіл дамытуға арнайы сағаттар бөлінеді, әрі әдебиетке бөлінген сағаттардан көп. Міне, осы сағаттарды тиімді пайдаланса, мұғалім оқушылардың көркем тілін қалыптастыруда біршама жұмыстар атқарады. Мысалы, IX сыныпта әдебиет сабағы «Ауыз әдебиетінен» басталады. Ал қазақ тілінде «Құрмалас сөйлем, оның түрлерін» оқытады. Құрмаласты оқыту барысында, қайталау жұмысы болсын, тіл дамыту болсын, тіпті бақылау диктант болсын, мұғалім әдебиет сабағымен тығыз байланыстыра алады. Күнделікті үйге тапсырма бергенде, ертегілер, тұрмыс-салт жырлары, жыраулар шығармашылығынан, мақал-мәтелдерден құрмаластарды таптыруға, олардың ауыз әдебиетіндегі маңызы туралы іздендіруге болады. Мұғалімнің өзі де мысалдарын шешендік, даналық сөздерден алып, сол сөздердің мәнін жарқырата ашуда құрмалас сөйлемдерді пайдаланады. Ауыз әдебиетіндегі батырлар жыры негізінде жасалған безендіру суреттері бойынша қазақ тілінің тіл

дамытуға арналған сабағында не күнделікті сабақтарда (ауызша, не жазбаша) шағын шығарма-суреттеме, шығарма-пікір жаздыруға болады.

Шығарма-суреттемелерде мұғалім мақал-мәтел, шешендік сөздерден үлгі-тірек беріп, жұмыстарына пайдалануды ұсынады (әрине, ол үлгілер суреттерге сәйкес келуі керек).

Оқушылардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыру

Оқушылардың тілін ұстартуға арналған жазбаша жұмыстардың түрі көп. Жазбаша жұмыстар сауаттылық, үшін де, алған білімдерін тексеруде де қолайлы болып келеді. Жазбаша жұмыстар оқушыларды ойлау еңбегін дағдыландырады, қосымша материалдарды пайдалану машықтарын жетілдіреді. Себебі, балалардың жазбаша жұмыстарды орындау кезінде асықпай ойлауға, ойланып жазуға уақыты, мүмкіндігі көп болады, ауызекі сөйлеуде ондай жағдайлар бола бермейді. Ауызша сөйлегенге қарағанда оқушылар жазба жұмыстарында небір айшықты, шебер сөздерді пайдалана алады, тіл кестесінің бедерлі түсуі үшін ізденеді, жазғандарын мұқият оқып, қайта түзеуге мүмкіндік алады. Жалпы жазба жұмыстар тіл дамытумен қатар, оқушыларды ойлай білуге, ізденіске жетелейді. 5-7-сыныптардағы жазба жұмыстарының ең ауқымдысы — мазмұндама. Мазмұндама мынадай бірнеше түрге бөлінеді:

а) Мәтінге жуық жазылатын мазмұндама. Мұнда оқиға эпизод, диалог, монолог, баяндау, суреттеу сияқты элементтер сақталынып жазылады.

ә) Ең басты оқиғаларды ғана теріп жазатын мазмұндама.

б) Бір оқиғаның айналасында ғана жазылатын мазмұндама.

в) Шығармашылық бағыттағы мазмұндама. Оны жазған кезде оқушылар тек оқиғаны, болған істі ғана көркем мазмұндай бермейді. әңгімені өз жағынан баяндайды, дәйектемелер алады, өз пікірі, сезіміне ерік бере алады. Мұғалім нұсқауымен кейбір сөздердің синонимін, баламасын тауып жазады. Мысалы, «Бай баласы мен жарлы баласы» әңгімесі бойынша егер мұғалім шығармашылық бағыттағы мазмұндама жаздырса, мына сөздердің синонимін тауып, мазмұндамасына пайдалану туралы ақыл-кеңес береді: «айғай салып» (ойбай салып деуге болады), «бір мезгілде» (бір уақытта) деп, «онымен ісі болмай» (онымен жұмысы болмай), «сүрлеу» (жол) деп, т.с.с.

Мазмұндаманың түрлері мұғалімнің оқу-тәрбие мақсатына байланысты өзгеріп отырады. Егер мұғалім көркем туындының бас кейіпкеріне ерекше назар аударса, онда «Үсен Асанды қалай еліне жеткізеді?» немесе «Үсеннің тапқырлығы» деген тақырыптарда кейіпкер іс-әрекетін баяндайтын мінездемеге жақын түрін жаздырады. Ал оқушылар әңгіме мазмұнын қалай меңгергенін білгісі келсе, мәтінге жуық оқиғаларды толық қамтыған мазмұндаманы қалап алады. Тақырыптың ең негізгі дәні, түйінін жаздырғысы келсе, «Еңбек бәрін де жеңбек» деген тақырыпты алып, сол бойынша тұжырымды, қысқа мазмұндама жаздыру да аса тиімді. Себебі, оқушы ең негізгісін, ең керегін бөліп ала білуге дағдыланады, бұның өзі оқушы білімін тиянақтайды, ойын ұғынықты етіп жазуға жетектейді.

Шығармашылық бағыттағы мазмұндамаларды 8-9-сыныптарда да жүргізу тиімді. Әсіресе, шешендік қақтығыстар, Сырым, Қазыбек би, жыраулар мұраларына байланысты мазмұндама оқушыларды шешендікке, көркем сөйлеуге баулиды. Осы тақырыптарға жаздыратын мазмұндама күрделі болып келеді, себебі, олардан шешендік сөздердің дәнін сақтау, сұлбасын нақты беру талап етіледі. Бала жұмысын жеңілдету мақсатында, әрі шешендік оралымдардың, ұтымды, тапқыр сөздердің оқушы жадында жақсы қалуы үшін, мұғалім үлестірме көмектер де таратады. Бұл үлестірме көмектерде мазмұндамаға міндетті түрде пайдаланылатын шешендік оралымдар, жекелеген образды сөздер беріледі. Мысалы, Жиреншенің қаңбақ айтты деген: «Сұраған сен ақымақ па, сұратқан хан ақымақ па?» сияқты сөздерінің құрылысын бұзбай, сол қалпында беруге үйрету — оқушы тілін дамытуда болсын, дүниетанымын танытуда болсын, аса тиімді.

Оқушыларды шығарма жазуға даярлау

Жоғарыда айтып кеткеніміздей, шығарма жаздыру балаға білім беру ісінің ең күрделі, маңызды жұмыстарының бірі. Шығарманы үйде де, сыныпта да жаздырады. Бағдарламада қанша шығарма жаздыру керек, сағаты беріледі. Тақырыптың ауыр-жеңіл, оқушылардың жас ерекшелігі, сыныбы, дайындығына байланысты шығарма жазудың уақыты белгіленеді. Мысалы, сыныпта 2-3 сағат, үйде бір апта, 10 күнге дейінгі мерзімде.

Мұғалім қосымша сабақ өтеді, жекелеген оқушылармен жұмыс жүргізеді, қосымша материалдар іріктеуге, эпиграф алуға көмектеседі. Оқушы шығарманы үйде жазып жатса, оның алғашқы сұлбасын оқып, ақыл кеңес береді. Басында үлгісі берілген нұсқау-көмекті естеріне түсіріп, шығармаға қояр талапты қайталайды. Егер тақырып қиын болса, сыныпта немесе қосымша сабақта жоспар құруға көмек жасайды. Кейде оқушылардың пікірі, ойына ерік беру керек. Қай тақырыпта шығарма жазады, қай тақырып маңызды, өздері шешсін. Шығарма жазу үшін, ең басты мәселе — оқушының сол тақырыпты білуге ғана емес, сонымен бірге білгенін керкем, тиянақты тілмен жеткізу қабілеті, тіл байлығы, сауаттылығы, әдеби талдауы, негізгі мәселелерді дөп тауып, соны тұжырымды бере білуі, дүниетанымы да үлкен рөл атқарады. Қосымша материалдарды пайдалана білу өте алғырлық, зеректілікті қажет етеді. Сондықтан мұғалім балаларды шығармаға баулуда көп еңбектенуі, тер төгуі қажет.

Шығарма жазуда жоспардың жай, күрделі түрі пайдаланылады. Бірақ, бір ескертетін мәселе, егер оқушы шығармасы мазмұны, тілі, стиль, сауаттылығы жағынан талапқа сай жазылса, жоспар бар ма, жоқ па (эпиграф та солай) — оны негізге алмау керек. Әсіресе, жоғары сыныптарда жоспар өздеріне жай бағыт, бағдар, ой жүйесі үшін ғана қажет, жоспарды да шығармашылық бағытта құруға болады. Ол шығармаға өң беріп, әрлендіріп, әрі қызықтырып тұрады. Егер шығарма осындай жоспарды негізге алып жазылса, сөз жоқ, оның сәтті шыққандығы.

Мысалы, «Ыбырай — қазақ балалар әдебиетінің атасы» күрделі, әрі шығармашылық бағыттағы жоспар үлгісі:

I. Кіріспе:

1. XIX ғасырдың екінші жартысындағы тарихи жағдай мен қазақ әдебиетінің сипаты.

2. Ы.Алтынсариннің жазушылық өмірі мен ағартушылық идеясының өзектілігі.

II. Негізгі бөлім:

1. Ыбырайдың педагогтық қызметі.

2. Мектеп оқулығын жазуы

3. Балаларды өнерге, білімге шақыруы

4. Ыбырай әңгімелерінің кейіпкерлері – жастар мен шаруалар

5. Оқушыны жаңа талап жастар ортасынан іздеу

III. Қорытынды бөлім:

Ыбырай Алтынсариннің қазақ мәдениеті мен тарихынан алатын орны.

Күрделі жоспар осындай басты-басты үш бөлімнен тұрады. Үш бөлім де ең негізгі тақырыпты, негізгі мәселені қамтиды. Жай жоспарды да дәйексөзбен, шығармашылық бағытта құруға болады.

Мысал-үлгі берейік: «Көкшетау — Отан туралы дастан» (С.Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасы туралы)

1. «Сәкен — сыншыл, тәкаппар ақын» (С.Сейфуллин туралы бір үзік сыр...).

2. «Арқаның кербез сұлу Көкшетауы» (поэманың негізгі проблемасы, көтерген мәселесі).

3. «Сұңқардың баласындай торға түскен» (қалмақ қызы).

4. «Бәйге атша ширатады тұла бойын» (Адақ туралы).

5. Поэманың маңызы, көркем тілі.

Әдістеме ғылымы — тірі ағза сияқты, үнемі өсіп, дамып отыратын ғылым. Сондықтан да тіл дамыту, оқушыларды мәдениетті сөйлеуге дағдыландырудың тиімді жолдары көп. Әр мұғалімнің осы мәселеде жинақтаған іс-тәжірибесі канша ма?! Сондықтан да жаңашыл, шығармашылық бағытта еңбек ететін мұғалім тіл дамытуға, оқушыларды сұлу да көркем сөйлете білуге, жаза білуге баулу жұмыстарына ерекше көңіл қояды.

Әдебиет сабағындағы көрнекілік

Оқу-тәрбие процесін асыруда көрнекіліктердің өзіндік маңызы, орны бар. Жалпы, таным процесі есту, көру, сезу арқылы жүзеге асатынын физиолог ғалымдар өте ертеден-ақ айтқан. Сондай-ақ сабақта көрнекілік пайдаланудың тиімділігін педагог ғалымдар, әдіскерлер педагог-практиктер де күнделікті тәжірибе арқылы дәлелдеп келеді. Көрнекіліктің маңызы, тиімділігі неде?

1. Көрнекілік білім мазмұнын байыта түседі.

2. Есту арқылы алған білімін көру арқылы бекіте түседі.

3. Көрнекіліктер оқушылардың қызығушылығын арттырады. ойлау, ынтасын, таным белсенділіктерін, көркем тілін дамытады.

4. Эмоциясына әсер етеді.

5. Алған білімдерін практикада жүзеге асыруға жетелейді, т.с.с.

Оқу-тәрбие процесін тиімділеу идеясы сабақта көрнекілік пайдалану мәселелеріне ғылыми түрде қарауды талап етеді.

(Ю.К.Бабанский. «Просвещение». 1987.) Бүкіл сыныпты көз жауын алатындай безендіріп тастау, көрнекілікті бірінен соң бірін пайдалану, сол сияқты техникалық құралды да келсін-келмесін, қолдана берудің зиянды жақтарын ол ашып көрсетеді. Шынында да қазіргі кезде қай пәннің болмасын, көрнекі құралдары баршылық. Әсіресе, техникалық құралдар жеткілікті. Ал оларды тиімді, қонымды, керегінде ғана пайдалану мәселесі әр ұстазды ойландыруы керек. Тиімділік идеясы тақырыпқа байланысты ең тиімді, ең керекті дегендерін ғана іріктеп пайдалану туралы айтады. Бір сабақта нақты бір жағдайда ғана тиімді деп пайдаланылған көрнекіліктер жүйесі басқа сабақта тиімді болмауы мүмкін екеніне тоқталады. Бұдан шығатын қорытынды: көрнекілікті де тақырып, өтілгелі отырған сабақ, мазмұнына қарай іріктеп, сұрыптап қолдану керек. Көрнекіліктерді өте көп пайдалану оқушы назарын, психологиясын, сезімін негізгі білімінен, тақырыптан аударып әкетеді. Ал берілетін білім мазмұнына сай, ең керекті дегендерін сұрыптап ала білу, оны өз орындарына пайдалана білу жемісті болатыны анық. Мысалы, лирикалық туындыларға байланысты музыка мен бейнелеу өнерінің туындыларын үйлестіре отырып, қолдану тиімді деп саналады. Абайдың табиғат лирикасынан 7-сыныпта «Жазғытұры» беріледі. Осы сабақта көктем көріністерін бейнелейтін жақсы бір-екі бейнелеу өнерінің туындыларын пайдаланып, оларды жасыл жапырақтар, ерте шығатын гүлдермен безендіріп тастау - жетерлік нәрсе (жасыл жапырақты қағаздан да жасауға болады). Немесе, Абайдың «Желсіз түнде жарық айын» өткенде, оның әнін күйтабақтан тыңдай отырып, ән соңында өленді мәнерлеп оқу, суретін экипроектордан көрсету оқушы сезіміне ерекше әсер етер еді, олар Абай жырлаған желсіз түнді, жарық айды көз алдарына келтіріп, өлең сөзін жанды суретке астастырар еді. Суретті картиналарды пайдалану оқушының көркем тілін дамытып, көркемөнерді түсінуге, әдеміліктен ләззат ала білуге тәрбиелейді. Көрнекіліктің қай түрі сабақта пайдаланылмасын, ол ең алдымен оқушыға берер білім мазмұнын байытып, әрі оны қабылдауды жеңілдетуге көмектесуі керек.

Көрнекілік түрлері

Көркем суретті сызба деректері ұнтаспа жазулары, күйтабақтар, радио-телехабарлар, оқу фильмдері, кино фрагменттер,

телесабақтар. Бұлардың өзін есту, көру процестеріне байланысты бірнеше түрге жіктеуге болады:

а) Көруге негізделген көрнекіліктерге: иллюстрациялар, бейнелеу өнерінің туындылары, мүсін, сәулет өнерінің шығармалары, графикалық материалдар (сызба, кесте-плакат т.б.), портрет, фотографиялар, макеттер, альбомдар, т.б. жатады.

ә) Естуге негізделген көрнекіліктерге: ақын-жазушылар даусы, шығармалары жазылған күйтабақтар немесе олар туралы ұнтаспаға жазылған естеліктер, музыка туындылары, ертегі, батырлар жыры, әңгіме, өлеңдер, артистер оқуындағы басқа да шығармалардың түрлері жатады.

б) Көру, есту көрнекіліктерінің екеуіне де жататын — кино, телехабарлар оқу көрнекіліктердің маңызды бір саласы болып есептелінеді.

Әдебиет сабағында көбіне көруге негізделген көрнекіліктер жиі пайдаланылады. Әсіресе, жазушы портретті, фото-суреттері, шығармалары бойынша жасалған иллюстрациялар, мүсін өнерінің туындылары, т.с.с. Қазақ әдебиетін оқытуда дайын көрнекіліктер өте тапшы, сол себептен оны мұғалімдердің өздері жасауына тура келеді. Мысалы, Ыбырай Алтынсаринге былайша кесте-плакат жасауға болады:

«Қазақтан шыққан ұлы педагог» — тұңғыш педагогы, балалар әдебиетінің атасы, оқулық жазушы, мектептер ашушы, аудармашы.

Ыбырайдың ұстаздық жолы (мұғалім, инспектор). Мектеп, оқытушы туралы ұлағатты пікірі, педагогикалық мұрасы.

Өлеңдері, оның тақырыбы: Оқу, білім туралы — «Кел, балалар, оқылық», «Өнер – білім бар жұрттар»

Табиғат лирикасы: «Өзен», «Жаз» т.б

Әлеуметтік мәселелерге: «Залым Төреге», «Азған елдің байлары», «Азған елдің молдасы»

Әңгімелері: 1. Тәрбие мәселелері: «Бақша ағаштары», «Талаптың пайдасы», «Мейірімді бала». 2. Еңбек мәселелері: «Асан мен Үсен», «Қыпшақ Сейіткүл», «Әке мен бала», «Атымтай Жомарт».

Аудармалары: Л.Толстойдан: «Үш ұры», «Жаман Жолдас».

СЫНЫПТАН ТЫС ЖҰМЫСТАР

Сыныптан тыс жұмыстардың мақсаты мен маңызы

Мектепте әдебиетті оқыту барысында сыныптан тыс жұмыстарға ерекше көңіл бөлінуге тиіс. Әдебиет — өнер, сөз өнері пәні. Бағдарламада берілетін арнаулы сағаттарда мұғалімдер білім негіздерін қалыптастыру жұмыстарымен айналысады. Сөз жок, икем-дағдысын дамыту, тәрбиелеу, қабілеті, дарынына әсер ету, оны ары қарай мәпелеу істері білім берумен қоса жүреді. Бірақ осы жұмыстардың барлығын сабақ процесінде жүзеге асыру мүмкін нәрсе емес. Оқушыларды сөз өнеріне тарту, көркем шығармаларға деген қызығушылығын арттыру, эстетикалық талғамын, сезімін дамыту сияқты білім мен тәрбие берудің басты-басты мәселелері сыныптан тыс жұмыстарды тиімді ұйымдастыру арқылы жүргізіледі.

Оқушылар еңбегін ғылыми түрде ұйымдастыру, бос уақыттарын пайдалы, тиімді өткізу де, инабаттылық, имандылық, адамгершілік сияқты биік гуманистік қасиеттерге баулуда, ұлттық өнерді, халық өнерін қастерлеу. Қорғауда да сыныптан тыс жұмыстардың жас ұрпаққа берері, үйретері көп.

Сыныптан тыс жұмыстардың түрлері

А) Сыныптан тыс жұмыстар оқушылардың қабілеті, икемі, дарыны, жеке ынтасы негізінде ұйымдастырылады және бірнеше салаға бөлінеді. Үйірме жұмыстары — сыныптан тыс жұмыстардың күре тамыры.

Ә) Әдеби-шығармашылық үйірмелердің сонымен қатар «Шешендік өнер», «Айтыс», «Термеші» сияқты фольклорға негізделген түрлері, әсіресе, соңғы кездерде тәжірибеге көптеп енгізілуде.

Үйірме жұмыстарының арнаулы органы — қолжазба журналы, газеті болады. Жұмыс жоспары жасалынады. Мұндай істерге кейде жергілікті ақын-жазушылар да көмектесіп, белгілі бір секцияны басқарады. Әдеби-шығармашылық үйірмелерінің жұмысын жас ақын-жазушылармен бірігіп жүргізу нәтижелі болмақ.

Б) Әдеби үйірмелердің бір түріне «Кітап достары» немесе «Кітап — білім бұлағы» деген үйірмені жатқызуға болады. Әсіресе, V — IX сыныптарда мұны мектеп кітапханасымен бірігіп жүргізудің маңызы ерекше. Үйірме мүшелері кітапханада арнайы көрме ұйымдастырып өткізеді, мысалы, «Ана — тендесі жоқ құдірет» (8 Наурыз қарсаңында), т.с.с. Олар жаңа кітапты үнемі насихаттап,

балаларға таратып, төменгі сынып балдырғандарына әңгімелеп береді. Жұмыс нәтижелі болу үшін, жоспарлы, жүйелі жүргізілуі керек. Кітапты күтіп ұстау, ұқыпты болу, оны қалай оқудың мәдениеті туралы да тартымды әңгімелер осы үйірме міндетінде. Олар осы мәселеде неше түрлі бәйге өткізеді. Мысалы, «Ұқыпты бала», «Кітап жанашыры», «Білгір» (кітапты көп оқитын), «Шапшаң» немесе «Алғыр» (кітапты тез, әрі қатесіз оқитындар үшін), т.б. тақырыптарда. Жеңімпаздарға қоғамдық ұйымдар, үйірме, мектеп әкімшілігі алғыс айтып, оларды мектеп газетінде мадақтап отырғаны дұрыс. Үйірме мүшелері оқушыларды кітапханадан кезекті кітапты қалай алуға болады, каталогпен жұмыс түрлерін қалай жүргізу керек, соған үйретеді, дағдыландырады.

В) Үйірмелердің тағы бір түрі — мәнерлеп оқу, драма үйірмелері. Үйірмені осы өнерден хабары бар, сауатты маманның жүргізгені дұрыс. Оқушылар драматургия жанры, оның ерекшелігі туралы хабар алады, театр өнері, оның өзіндік сипаттарымен, ұлы артистер өмірі, өнерімен танысады. Драмалық шығармалардан үзінділер инсценировкалар әзірлейді. Оларды мұғалім сабаққа пайдаланып отырады. Мысалы, Ф.Мүсірепов, М.Әуезов драмаларын талқылаған кезде олардың туындыларынан шағын көрініс, монолог дайындалып, сабақпен ұштастырылады (осындай жұмыстарды ұнтаспаға жазып алып та сабаққа пайдалануға болады).

V-IX сыныптар бойынша әдебиет үйірмелерімен бірлесе отырып, «Алтын сақа» немесе «Ер Төстік елінде» атты драма үйірмесін жүргізуге болады. Үйірме мүшелер ертегілерді мәнерлеп оқуға, инсценировка жасауға, сахналық көрініс көрсетуге үйренеді. Төменгі сынып оқушыларына, балабақшаларға барып, өз өнерлерін көрсетеді, бөбектерді ертегіні суюге баулиды. Сыныптан тыс жұмыстардың бір түрі — клубтар. Үйірмеге қарағанда клубтардың ауқымы кең. Үйірмеге қабілетті, соған икемді ғана балалар тартылса, клубқа қатысам деушілерге ондай шек қойылмайды. Бір сыныпты түгелімен бір клубқа қатыстыруға болады. Мысалы, «Аққу», не «Әлди, әлди, ақ бөпем» клубына (атын басқадай да атауға болады) қыздар тартылады. Әдеби біліммен қатар, эстетикалық тәрбие беру, сұлулық, әдемілікті сезінуге баулу, ұлттық тарбиені жүзеге асыруда оның атқаратын жұмысы ерекше болып келеді. Клубта әдебиеттен қыздар бейнесі, ақын-жазушы қыздардың өлеңін оқып-талдау, өнерпаз, білімпаз қыз-келіншектер

туралы, сондай-ақ қыздарға өзін-өзі күту, болашақта үй тұрмысын қалай жүргізу, дастарқан мәзірінің жайы, бала тәрбиесі, сән т.б. туралы қызықты, манызды әңгімелер өткізіліп, әр саладағы мамандармен кездесу ұйымдастырылады «Алтыбақан», «Мұрагер» клубтарын құрып, халықтың өнерін, әдет-ғұрпын, әдебиетін, шешендік өнерін кеңінен насихаттауға болады. Клубқа қандай ат қойылады — оны қатысушылар өздері шешеді. «Сиқырлы сөз» клубын ұйымдастырып, өткізуге болады. Онда ақын, әншілер, сал-серілер шығармашылығы, ақын-композиторлар, Абай, Сәкен, Касым, т.б. өлеңдері туралы тамаша хабарлар, отырыстар жүргізу де пайдалы. Клуб жұмыстары әр түрлі формада өткізіледі. Бірде дәріс-әңгіме түрінде өтсе, онда бірде композиция, концерт, кездесу, т.б. түрінде өтіледі.

Ақын-жазушыларға байланысты мынадай кештер өткізуге болады:

1. «... Құйрықты жұлдыздай жарқ етіп...» (Ш.Уәлиханов туралы)
2. «Жүрегіңнің түбіне терең бойла...» (Абай)
3. «Кінәні жүрекке қой, қойма маған» (М.Жұмабаев)
4. «Мен кетермін, артта жазған сөзім қалар» (Шәкәрім туралы)
5. «Оқыған азаматтың ардағы, бетке ұстар көсемі» (А.Байтұрсынов)
6. «Өлсе де денем, мен өлмен...» (Ж.Аймауытов)
7. «Оян, қазақ» (М.Дулатов)

Әдеби конференциялар

Әдеби конференцияларды үлкен бір проблемалар, тақырыптар бойынша жүйелі өткізіп тұру тиімді. «Қайта оралған есімдер» шығармашылығы бойынша мынадай тақырыптарды қамтуға болады:

1. Мағжан поэзиясындағы нышан, романтика, миф.
2. а) Шәкәрім — Шығыс поэзиясындағы жарқын тұлға.
ә) Шәкәрім поэзиясындағы Абай үлгісі, Абай әсері.
3. Ана тілін түрлеген Ахаң.
4. Жүсіпбек прозасындағы шеберлік пен шешендік.
5. Міржақып — алғашқы қазақ романының авторы.
6. М.Әуезов — қазақ әдебиетінің классигі.

Сыныптан тыс оқулар

Оқушылардың сөз құдіретіне деген сезімін оятуда, әдеби дүниетанымын кеңейтуде, өз беттерімен көркем шығармалар оқуға баулуда, оқырмандардың дағдысын қалыптастыруда сыныптан тыс жұмыстардың маңызы, рөлі ерекше болып келеді. Әдебиет сабағы, сабақ процесіндегі жұмыстар мен сыныптан тыс жұмыстар тонның ішкі бауындай қабысып, бірлікте жүріп отыруы керек. Оқу бағдарламасындағы оқып, талдауға ұсынылатын шығармалардың барлығын сабақ процесінде игеріп біту мүмкін нәрсе емес. Көркем шығарманы оқудың басты-басты кезеңдері сыныптан тыс мезгілде жүзеге асырылады. Сыныптан тыс оқулардың басты мақсаттарының бірі — кітаппен жұмыс істеуге үйрету, өз беттерімен оны тыңдай білу, оқығандарының ішінен ең негізгі, басты мәселелерді еске ұстау дағдыларын қалыптастыру. Сыныптан тыс оқу сабақтарын ізденіспен өткізетін мұғалімдер кабинетте, кітапханада арнайы «Сыныптан тыс оқу» бұрышын ұйымдастырады. Ол мынадай бөлімдерден тұрады. Мұғалім еркіне қарай:

1. Оқу бағдарламасында ұсынылатын кітаптар тізімін сынып бойынша көркем етіп жазып қою.

2. Өз беттерімен кітап оқудың көмекші-нұсқауын беру.

3. «Сүйінші» айдарымен басылымдардан шығып жатқан кітаптар тізімін жасап, оқушыларды таныстырып отыру. (Аннотация беру — тұжырымды түрде.)

4. Әлем әдебиетінің алтын қорына жататып ұлы туындыларды оқу (әрине, оқушылардың жас ерекшелігіне қарай, сыныбы бойынша).

5. Осы «Сыныптан тыс оқу» бұрышына «Оқырмандар экраны» немесе «Кітап сүйгіштер жеңімпазы», «Кітап білгірлері», т.б. тақырыппен көрсеткіш-тақта жасап қоюға болады. Қай сыныпта, кім қанша кітап оқыды (тоқсондық), соны дәріптеп, мадақтап, үлгі ретінде қоюдың маңызы ерекше.

Ең басты мәселе, мұғалім оқушылардың сыныптан тыс оқуын, сыныптан тыс оқу сабақтарын ғылыми түрде, тиімді, ұйымдастыра білуі керек.

Сыныптан тыс оқуларда ата-аналар мен кітапхананың да атқарар рөлі зор. Әдебиет мұғалімі сынып жетекшілерімен, ата-аналармен байланыса отырып, әр оқушыларға жеке кітапханасы болуына, үйде оны қалай құру керек екеніне көңіл бөледі, ақыл-

кеңес береді. Бұл жұмыс нәтижелі болуы үшін, тоқсанына бір рет «Кітап — рухани байлық», «Менің кітапханаммен танысыңыз» атты әңгімелер өткізіп тұруға болады. Ата-аналардың осындай әңгімелерге қатысуы да артық болмас еді. Мектеп кітапханашысының жұмыс жоспарына да назар аударып, әдебиет мұғалімі онымен тығыз байланыста еңбек етуі керек. Мүмкіндігіне қарай кітапханашы әдебиетші мұғалім берген тізімдер бойыша оқушыларға оқытуды қамтамасыз ететін кітап оқудың ережелерімен таныстырады. Нәтижеде сыныптан тыс оқу жоспарлы, максатты, жүйелі түрде, әрі бірлікте ұйымдастырылады.

Оқу, тәрбие жұмысы ғылыми түрде ұйымдастырылған мектептерде сыныптан тыс оқу бүкіл мектеп жұмысының күре тамыры, жүрек соғысы болып есептеледі. Себебі, кітап оқымау деген сөз — ой еңбегі жоқ деген сөз. Тарих, география, биология, тіпті математиканы меңгеру үшін, ең алдымен бала кітапты қатесіз, еркін оқи білуі керек. Сол себептен де кітап бүкіл білімнің, ілімнің ұлы анасы болып табылады. Мектепте түрлі конкурстар, жарыстар, әдеби ойындар, кітап оқу мәдениеті, маңызы, т.б. тақырыптарға тәрбие сағаттарын жүргізу, оқырмандар конференциясын өткізудің маңызы ерекше. Мұндай әр түрлі жұмыстарды бір маңызды тақырып айналасында өткізуге болады. Мысалы, М.Әуезов шығармашылығына байланысты мынадай жұмыстар жүргізіледі:

I. Бәйге-жарыстар (конкурстар)

1. М.Әуезов шығармаларын мәнерлеп жатқа оқу;
2. М.Әуезовті ең кеп оқыған бала;
3. «Жеке меншігінде М.Әуезов шығармалары көп», «Әуезов мұрагері» т.с.с.

II. Әдеби викториналар

Викториналық сұрақтар «Мектеп тынысы» қабырға газетіне ілініп қойылады, оқушылар жауабы арнайы жәшікке хат үлгісінде жазбаша салынады. Қорытындысы жиналыс, отырыста хабарланады.

III. Әдеби ойындар

Әдеби ойындар, әсіресе, 5-9-сыныптарда қызықты болмақ. «Жаңылтпаштың жаңылмас шебері» «Жұмбақ, жұмбақ жұтылдым», «Алдар көсенің басынан кешкендері». «Кожанасыр қоржыны», «Жиреншенің тапқырлығы». «Тазшаның тапқырлығы», «Төрт түлік малдың айтысы», т.б. тақырыптарға қызықты ойындар өткізуге болады. Бұл ойындардың көпшілігі сахналық, көрініспен

жүргізіледі, юмор, тапқырлық, әр түрлі күлдіргі жағдайлар оны әрлендіре түседі.

IV. Оқырмандар конференциясы

5-9-сыныптарда «Мен сүйетін ертегі», «Мысалдар әлемінде». «Туған жер әуені» тақырыптарды алуға болады. 4-6-сыныптарда Шыңғыс Айтматов шығармаларындағы азаматтық проблемалар, «Екінші дүниежүзілік соғыс Қасым жырларында», «Шәкәрім шығармаларындағы Шығыс сазы», «Шәкәрім және Абай», «Қазақ әдебиетіндегі суырыпсалмалық өнер», «Абай мұрасы – мәңгілік қазына», «Өткенді білу – парыз» т.б.

Сабақтан тыс оқу сабақтары (V-IX сыныптар)

Оқу бағдарламасында сыныптан тыс оқылатын әдебиеттер тізімі, әр сыныпқа нақтылы сағаттар саны көрсетілуі керек. Мұғалім өз қалауы бойынша ішінара оны өзгертіп, керекті деген шығармаларды өз қалауымен ұсына алады. Кітап тапшылығы, қағаз тапшылығы алға жібермей тұрған бұл заманда бағдарламадағы авторлардың табылуы да қиын болуы мүмкін. Сондықтан оның орнына басқа шығармаларды оқытудың қателігі жоқ. Мысалы, 6-сыныпта Ыбырайдың Қыпшақ Сейіткүл» әңгімесі оқуға, талдауға ұсынылады. Ол әңгімені оқып болған соң, оның «Бақша ағаштары», «Мейірімді бала», «Талаптың пайдасы». «Әкесі мен баласы» атты әр түрлі тақырыпта жазылған әңгімелерін сыныптан тыс оқу сабағында талқылауға болады. Сыныптан тыс оқуды жоспарлағанда, мына мәселелерді негізге алудың да тиімділігі бар. Мысалы, 5-сыныпта М.Әуезовтің «Ақын қонақтарын» өткеннен кейін, ана тақырыбына жазылған Ғ.Мүсіреповтің «Ана кесімі айнымайды», «Ананың арашасы» әңгімелерін сыныптан тыс оқыту дұрыс болып келеді.

Бағдарламада «Ақын қонақтарынан» кейін Ғ.Мүсіреповтің «Жаңа достары» тұр, онда да Қайраттың анасы сөз болады. Жүйелілік, үндестік, байланыс сыныптан тыс оқу сабақтарына да басшылыққа алатын маңызды оқу принциптері. Тақырып үндестігі ғана емес, жанрын негізге алу да маңызды. Халық ертегілерінен кейін әдеби ертегілерге орын беру, лирикалық шығармалардан кейін жалғастырып, басқа тақырыптағы басқа автордың лирикалық шығармаларын оқыту — сыныптан тыс оқу сабақтарын ұйымдастырудың келесі мәселелерінің бірі.

Сыныптан тыс оқу сабақтарын өту әдістемесіне ерекше назар аудару керек. Оны әдебиеттегі сабақтардан мүмкіндігіне қарай басқаша ойластырып өткізген жөн. Сабақ бойы сұрақ беріп мазалау, талап ету сияқты тап таурын әдістерден қашқан жөн.

Әсіресе, 5-9-сыныптарға арналған сабақтан тыс оқу сабақтары қызықты, оқушыларды тартатындай, жалықтырмайтындай болып жоспарлануы, өтуі керек. Бір ізбен өтетін сабақтардан оқушылар жалығады, ал оның зияны ұшан-теңіз, себебі ондай сабақтар оқушының кітапқа деген қызығушылығын тежейді, жояды. 5-9 сыныптардағы сабақтан тыс оқудың ең басты мақсаты — оқушылардың кітапқа деген ынтасы, қызығушылығын арттыру, оқырмандар әзірлеу. Концерт сабақ, әдеби ойын сабақтары, жарыс сабағы, жәрменке сабақ, композициялық сабақ, инсценировкалық сабақ, сабақ-викторина, саяхат сабағы, «Бізде ертегі кейіпкерлері қонақта» атты кездесу сабағы немесе «Алақай, Тазша баланың ертегісін тындаймыз!» атты әңгіме сабақтары, т.б. сабақ түрлері сабақты әрлендіріп, балаларды жеңілдендіріп жіберетіні сөзсіз.

Неше түрлі безендірме суреттерге (әсіресе, ертегі, мысалдарды оқытқанда) орын беру, музыкаға көңіл қою, түрлі бетперде, сұлбаны пайдаланудың маңызы зор.

Сабақтан тыс уақытта оқуды қалай ұйымдастыруға болады. Соның үлгісін ұсынылып отыр (5-сынып).

Рет саны	Тақырып	Сабақтың типі
1-сабақ	«Ерте, ерте, ерте екен...» қазақ ертегілері бойынша әңгімелер (қандай ертегіні таңдап алады, оны өзі біледі)	Сахналық көріністегі сабақ
2-сабақ	«Әлди, әлди, ақ бөпем...», Бесік жыры. М.Жұмабаев. «Сал, сал, бөбек, сал, бөбек», М.Дулатов өлеңдері. М.Шахановтың «Ана жүрегі» балладасы, т.б. Мағжан, Міржақып, Мұхтар туралы кіріспе әңгіме. Портреттер, әр жылдары түскен суреттерін пайдалану	Концерт сабақ
3-сабақ	«Туған жер – алтын бесік». Отан, туған жер туралы өлеңдер бойынша өткізіледі. Мұғалім қалауы, мүмкіндігіне қарай, автордың өлеңдері іріктеліп алынады.	Мәнерлеп жатқа айту. Кім көп өлең

	Ақын портреттерінен суреттік монтаж. Кітап көрмесі.	біледі? Ерлік сабағы.
--	--	-----------------------

8-9-сыныптардағы сабақтан тыс оқулар. Оқу бағдарламасында бұл сыныптарда төңкерістен кейінгі әдебиет үлгілері ұсынылады. Бұл сыныптарда да сабақты түрлендіріп, жандандырып отыру керек. Мұнда да сабақты өтіліп жатқан шығармалармен байланыстыру, тақырып, жанр, проблемалық мәселелерге байланысты жүйелі түрде өткізу басшылыққа алынады. Семинар сабақтары, пікірталас сабақтар, реферат қорғау сабақтары сияқты сабақтың маңызды формалары негізге алынуы керек. Сондай-ақ бұл жоғары сыныптарда шетел әдебиетінің озық үлгілерін оқыту, оқушылардың дүние танымын кеңейту, әлем, адамзат әдебиетінің асылдарын таныстыру мүмкіндігі мол. Көркем шығармаларды оқыту ғана емес, әдеби әдістер, дәстүр мен жаңашылдық, жанр стильдік ерекшеліктер, поэтикалық талдаулар сияқты мәселелерге ерекше көңіл бөлінеді. Кабинетте, кітапханада жоғары сыныптар үшін «Әлем әдебиетінің асылдары», «Адамзаттың Айтматовы», «М.Әуезов әлемді аралап кетті», «Абай тойы – ел мерейі» сияқты кітап көрмелерін (көшпелі) жасап қоюға болады. Сондай-ақ осы кітап көрмесінің әр тақырыбына сабақ өткізу, оны баяндама, пікір, аннотация, дәріс оқу әдістерін пайдалану арқылы жүзеге асыру тиімді болып келеді. Мысалы, «Адамзаттың Айтматовы» тақырыбын (бір сабақ емес, бірнеше сабақ болуы мүмкін) конференция, семинар түрінде өткізуге болады.

Мынадай сұрақтар талқылауға ұсынылады:

1. Айтматов... «Адамзаттың Айтматовы» - осы бір атаудың мәні. Неге қырғыз Айтматов адамзаттың Айтматовына айналды, көтерілді?

2. «Бетпе-бет» повесі. Повестің осылай аталу себебі? Көтерілген адамзаттық проблемалар. Жазушы шеберлігі, қол жеткен табысы неде?

3. Әлемді дүр сілкіндірген «Жәмила». Жәмиланың әлемді таңғалдыру сыры неде?

4. «Ақ кеме». Жазушы көрегендігі, абыздығы неде? Повесть неге осылай аталған? Қандай әлемдік проблемалар көтерген?

5. Жазушы шығармаларындағы миф, қиял, фольклор үлгілері, ұлттық бояу.

6. Жазушы еңбектеріндегі экология, мораль, дін, сенім, гуманизм мәселелері.

7. «Жан пида» романы. Романның аталу себебі? Қалай ойлайсыңдар, Шыңғыс неге өз заманы, қоғамынан көш ілгері жүреді, көрегендік жасайды. Дала қасқыры. Адам қасқыры. Роман көтерген адамзаттық көкейкесті проблемалар.

8. Айтматов әлемінің адамзат әдебиетіндегі орны.

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Әдебиетке байланысты сыныптан тыс жүргізілетін жұмыстардың түрлерін көрсетіңіз (қандай үйірмеге қатысып жүрсіз).

2. Сыныптан тыс оқуға байланысты кітапхана жұмысына көңіліңіз тола ма? Үйде көркем шығарма оқуды ұнатасыз ба?

3. Айтыс, мәнерлеп оқу, драма т.б. үйірме жұмыстары сізді қызықтыра ма?

4. Үйде кітапхананыз бар ма? Сыныптан тыс оқу сабақтарының бағдарламасын жасаңыз.

5. Сыныптан тыс оқуға басшылық жасауда пән мұғалімінің, кітапханашы, ата-ананың рөлі қандай?

6. Әдеби кеш, конференция, әдеби пікір сайыс жұмыстары жайында толық мәліметтер келтіріңіз.

Сабақ үлгілері мен түрлері

Сабақ түрлері өтілетін тақырып ерекшелігі, сынып оқушыларының құрамы, жас ерекшелігі, білім дәрежесі, сондай-ақ сабақ мақсатына байланысты болып келеді. Таптаурын болған сабақ түрлері, ең алдымен оқушының ынтасы, пәнге деген қызығушылығын төмендетеді. Ойлау белсенділігін тежейді, танымын сұйылтады. Бір сарындылық оқушының тек сол пән емес, жалпы білімге, оқуға деген көзқарасын өзгертеді. Оқушылардың таным белсенділігін арттырудың бір жолын әдіскер-ғалымдар, тәжірибелі, ізденгіш ұстаздар “сабақты түрлендіріп беру” деп дәлелдейді. Еліміздегі түбірлі өзгеріс, жаңалық сәулесі мектеп, оқушы, ұстаздар арасына да кеңінен енуде. Ең басты, маңызды мәселе — ұстаздар қауымына шығармашылық жолдың ашылуы. Міне, осыған байланысты, қазір сабақтың көптеген тиімді түрлері тәжірибеге кеңінен енуде. Әр сабақты мүмкіндігіне қарай

түрлендіре жүргізу бүгінгі сабақ, бүгінгі оқытудың да басты белгілері болып табылады.

Қазір тәжірибеде дәстүрлі сабақтармен қоса, мынадай сабақ түрлері жиі пайдалануда:

1. Дәріс сабақ.
2. Семинар сабақ (семинар сабақтың өзінің бірнеше түрі бар).
3. Пәнаралық байланыста оқытуға негізделген (қос) үштік сабақтары.
4. Конференция сабағы.
5. Сот сабақтары (не билер тартысы сабағы).
6. Жәрмеңке сабағы.
7. Пресс-конференция сабағы (баспасөз сабағы).
8. Концерт сабағы.
9. Пікірталас сабағы.
10. Айтыс сабақтары.
11. Композициялық сабақ.
12. Әдеби монтаж сабағы.
13. Көзқарас сабағы (урок “Взгляд”).
14. Брифинг сабақтары.
15. Ерлік сабағы.
16. Іздендіру сабағы (урок “Поиск”).
17. Кездесу сабақтары.
18. Практикалық сабақтар.
19. “Ұлылар мінбесі” сабағы.
20. Емтихан, есеп-сынақ сабақтары.
21. Реферат қорғау сабақтары.
22. Пікір қорғау сабақтары.
23. Көкпар сабағы.
24. Жарыс сабағы.
25. Ойын сабақтары (әдеби ойындар).

Ескерту: Бұл сабақтардың көпшілігі тәжірибеге соңғы кезде тереңірек еніп, нәтиже беріп жүр. Бұлардың барлығын міндетті сабақ түрлері деуден аулақпыз. Ең бастысы — ұстаздардың сабақты түрлендіріп өткізуде біршама алға басуы, ізденісін көрсету үшін, беріліп отыр.

Ал енді осы сабақ түрлері қай жағдайда тиімді, қай кезде нәтижелі, оны қай уақыттарда пайдалану керек? Мына кесте сол мәселелерге тоқталады.

Сабақ түрлері	Негізгі әдіс-тәсілдері, белгілері	Қай сабақтарда пайдалануға болады	Тиімділігі
Дәріс сабақ	Сөздік әдісі, оның ішінде лекция (сұрақ-жауап, пікірлесуде де болуы мүмкін)	Жаңа білім беруде материал мол, күрделі, қосымша хабарламаларға бай, әрі көп деректер берілетін сабақтарда.	1.Мол материалды беріп үлгереді. 2.Оқушы әрі тыңдайды, әрі тыңдай отырып конспект жазады. 3.Оқулықтан тыс хабарлар, деректер беріледі.
Семинар тақырыбы	1.Семинар сұрақтары. 2.Сұрақ-жауап. 3.Баяндама, хабарлама. 4.Ғылыми, қосымша материалдармен өзіндік жұмыс	Қорытынды, қайталау сабақтары, шолу тақырыптарында.	1.Өзіндік жұмыстарға баулиды 2.Баяндама жасауға дағдыландырады 3.Қосымша материалдар іріктеуге, үзінділер оқуға баулиды.
Қос үштік Сабақтар	Диалогиялық әңгіме, баяндау, пікірлесу, түсіндірмелі әдіс.	Екі немесе бірнеше пәндердегі байланысты материалдар тоғысып келгенде (Бұхар жырау толғауларындағы Абылай) бірнеше пәндер бойынша	Бір мезетте бірнеше пәндер бойынша білім алады, білім тереңдетіп беріледі.

<p>Конференция сабақтары, баспа сөз сабағы</p>	<p>Баяндама лекция А)қосымша баяндама 2.Сұрақ-жауап 3.Сұхбат түріндегі сұрақ жауап 4.Пікірталас</p>	<p>деректерді біріктіріп беру мүмкін болған тақырыптарда. Үлкен маңызды тақырыпты қортындылағанда немесе саяси мәні бар тақырыптарға қосылады.</p>	<p>Пікір айта білу, айтыса білу, қосымша материалдардан іздене білу, сұрақтар өоя білу, қысқа, нақты, дәлелді пікір айту, толықтыра білу дағдыларын жетілдіре білу.</p>
<p>Сот сабағы</p>	<p>1.Сұрақ-жауап түсіндірмелі әдіс 2.Тартыс, айтыс, дәлелдеу т.с.с</p>	<p>Әсіресе, туындыдағы ұнамсыз.кейіпкерлерді, шығармалардағы кейін кеткен қателерді «жазалау» мақсатында ойын элементті бар сабақ</p>	<p>Әсіресе, 5-8 сыныптар үшін тиімді қызықтыру, ынтасын арттыру мақсатында, әрі сауаттылыққа баулуда ең бастысы.</p>
<p>Жәрмеңке сабағы</p>	<p>1.Концерт, инсценировка элементі бар көрінстер. 2.Халықтық педагогика, әдет-дәстүрді сабаққа пайдалану.</p>	<p>Бекіту, дағдыларын дамыту, қайталау сабақтарында (тақырып күрлі емес кездерде) оқушыларды шығармашылыққ</p>	<p>Сатылатын «заттарды» бастауыш, баяндауыш т.с.с. білімдерімен сатып алу.Ойын арқылы білімдерін</p>

<p>Концерт сабақ, монтаж-композициялық сабақтар</p>	<p>1.Мәнерлеп оқу. 2.Жатқа оқу. 3.Рөлге бөліп оқу. 4.Ән айту, көріністер көрсету. 5.Инсценировка, монтаж жасай білу.</p>	<p>а баулу мақсатында</p> <p>Қорытынды, қайталау сабақтарында жаңа тақырыпты игерту, үй тапсырмасын сұрау т.б.Сабақтарда тақырып ерекшелігіне байланысты алынады.Ақын-жазушы шығармашылығының барлығына байланысты өтеуге болады. Әрине тақырып мазмұны осы нәрселерді сұрап тұрғанда</p>	<p>қайталату, бекіту.</p> <p>Шығармашылық қабілеттерін дамыту.</p> <p>Әдебиет сабағын «өнер» деп танып білу, әсіресе, шығармашылық жұмыстарға баулу, көркем мәтінмен жұмыс істей білу дағдыларын жетілдіру,ынтасы танымын, шығармашылық ойлау қабілетін дамыту.Мәнерлеп оқу, есте сақтау қабілеттеріне әсер ету.Әдебиет кейіпкерлерді , іс-әрекеттерді,көз алдыға келтіру, көркем туынды жанрларының ерекшелігін жете білу, түсіне білу, сезімдерін дамытуда үлкен маңызы бар.</p>
---	--	---	--

<p>Динспут айтыс сабақтар ы</p>	<p>Сұрақтар, проблемалық, жеке жұмыстар, пікірле су. Қосымша материалмен, кітаппен жұмыс.</p>	<p>Қайталау, қорытынды сабақтар. Проблемалық туған кезде. Материал негізінде қарама- қайшы пікірлер туғанда.</p>	<p>Оқушылардың ойлану, таным белсенділігін арттыру, әдеби- көркем тілін дамыту, пікір айту, дүниетанымын кңейту, өз беттерімен іздену.</p>
<p>Көкпар жарыс сабағы</p>	<p>1.Топтық, жұптық, жеке жұмыстар 2.Сұрақ-жауап 3.Білім жарысына түсу 4. Білім сынағы</p>	<p>Білім сайысы, кез келген тақыыптарда өтуге болады. Алған білімдерін бекіту, қорытындылау кездерінде тиімді.</p>	<p>Алғырлық, ептілік, шапшандық, тапқырлыққа баулиды. Ұлттық ойын «Көкпар» туралы түсініктерін тереңдетеді. Ойнай отырып, ойлау іс- әрекеттерін жетілдіреді.</p>
<p>Реферат қорғау, пікір қорғау, іздендіру сабақтар ы.</p>	<p>1.Проблемалық сұрақтарға негізделген тапсырмалар. 2.Проблеманы шешу. 3.Салыстыру, қорытындылау. 4.Баяндау. 5. Материал- дармен жұмыс.</p>	<p>Ерекше маңызды, қызықты тақырыптарда оқушылардың өзіндік ойлауды,ізденуін, тақырыпқа шығармашылық бағытта қарау керек жағдайларда аса тиімді.</p>	<p>Ғылыми жұмыстарға баулу, ізденуге жетелеу, өз беттерімен қорытынды жасай білуге, пікірлерін дәлелдей, қорғай білуге дағдыландыру.</p>

<p>Практика лық сабақтар</p>	<p>6.Проблемалық әңгіме. 7.Проблеманы зерттеу әдісі. 8.Пікір айту, оны нақты мысалдармен дәлелдеу, қорғау.</p> <p>1.Көркем мәтінмен жұмыс. 2.Ғылыми материалдар, қосымша материалдар. 3.Сұрақ-жауап. 4.Проблемалық тапсырмалар. 5.Көркем дидактикалық материалдармен жұмыс. Проблемалық зерттеу әдісі.</p>	<p>Поэтикалық талдау, жұмыс істеу, жазушы стилін, көркемдік ерекшелігін анықтауды керек ететін сабақтарда, ғылыми материалдар тиімді. Сондай-ақ мұғалім дидактикалық материал, көрнекі құралдарды көп кездерде де пайдалы.</p>	<p>Алған теориялық білімдерін практикада пайдалана білу, әдеби талдау, жұмыс істей білу дағдыларын жетілдіру. Жеке өзіндік жұмыстарға баулу. Көрнекілік, дидактикалық материалдармен жұмыс істеу.</p>
--------------------------------------	--	--	---

Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Сабақ үлгілері мен түрлерінің ерекшелігі неде?
2. Сыныптан тыс жұмыстарда сабақ үлгілері мен түрлеріне қысқаша түсінік беріңіздер.
3. Оқушыларды сабақ түрлеріне баулуда қандай мәселелерге мән берілуі керек?
4. Тәжірибелі мұғалімнің көмегімен үлгілі сабақтарды жоспарлауда сынып оқушыларын жұмылдыруға аса мән беріңіздер.

ГЛОССАРИЙ

Аударма – әдеби шығарманың бір тілден екінші тілге көшіріліп қайта жасалуы.

Андату – (грек тілінен – алғы сөз) - әдеби шығарманың беташары секілді, негізгі уақиғаға тікелей қатынасы жоқ кіріспе бөлігі.

Әдістеме – педагогика ғылымының жеке пәндерден берілетін білім көлемі мен мазмұнын негіздеп, оны оқытудың тиімді әдістерін зерттейтін бір саласы. Тұтасынан алғандағы жас ұрпақты тәрбиелеу мен оқыту процесінің заңдылықтарын дидактика зерттейді. Ол заңдылықтардың жеке пәндерді оқытудағы көрінісін және әр пәнді оқытудың өзіне ғана тән заңдылықтарын пәндік дидактика қарастырады. Бұлардың әрқайсысына тән өзіндік ерекшеліктеріне байланысты оқыту әдістемелері бар.

Әдебиет теориясы – әдеби шығарманың табиғаты мен қоғамдық қызметін зерттейтін және оны талдаудың методологиясы мен методикасын айқындайтын әдебиет жөніндегі ғылымның негізгі салаларының бірі.

Бақылау – кең көлемде бір нәрсені тексеру деген мағынаны білдіреді. Бақылау оқыту процесінде оқушылардың оқу әрекетіне басшылық жасау қызметін атқарады, олардың шығармашылық күші мен қабілетінің дамуына ықпал етеді.

Бағалау – оқытудың құрамдас бөлігі және қорытындылау сатысы. Бағалау, бір нәрсенің деңгейін, сапасын, дәрежесін белгілеу. Оны оқушының оқу-таным әрекетінде қарастырсақ оқыту процесінің міндеттерін оқушылардың қандай дәрежеде меңгеруі, дайындық деңгейі мен дамуын, білімдерінің сапасын, білік пен дағды көлемін анықтайтын құрал.

Бейнелеу құралдары – әдебиетте көбінесе бұл ұғым сөз қолдану тәсілдері, бейнелі сөздер, мысалы, жалпы түрде құбылту деп аталатын метафора, метонимия, әсірелеу, тұспалдау, астарлау, теңеу, эпитет және стильдік айшықтар, дыбыстық қайталамалар деген мағынада қолданылады.

Білім беру мазмұны – жан-жақты үйлесімді дамыған тұлғаны қалыптастыруға бағытталған, педагогикалық адаптацияланған білім, іскерлік, дағдылардың, шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі

мен эмоционалдық-жігерлік қатынас тәжірибесінің жиынтығы немесе жүйесі.

Білім – адамзаттың жинақталған тәжірибесі, заттар мен құбылыстарды, табиғат пен қоғам заңдарын тану нәтижесі. Білімді жеке адамның игілігіне айналдыру үшін, оны ойлау операциясы – талдау, синтездеу, салыстыру, жіктеу және жинақтау арқылы терең ұғыну қажет. Оқушы ойлау операциясына сүйеніп, өз білімін шындыққа айналдырады.

Дидактикалық принциптер – оқытудың негізгі мазмұнын, ұйымдастыру тәсілдерін, әдістерін мақсатына, заңдылықтарына сай орындайтын қағидалар жүйесі.

Дидактикалық әдебиет – (грек тілінен үлгілі, өнегелі, ғибратты) ғылыми-танымдық сипатта түзілген көркем шығармалар.

Драма – (грек тілінен қимыл-әрекет) сахнаға арналған уақиғаны, оған қатысушы кейіпкерлердің іс-әрекетін, көңіл-күйін көрсету арқылы баяндайтын әдеби шығармалар.

Дағды – бұл қайта-қайта орындалатын практикалық әрекетте машықтандыру.

Дидактика – («*didaktikas*» – оқытушы, «*didasko*» – оқушы) грек тілінен аударғанда оқыту мен үйрету деген мағынаны білдіреді, білім беру мен оқыту мәселелерін зерттейтін оқыту теориясы, педагогика ғылымның саласы.

Емтихан – оқушылардың білімін қорытынды тексерудің және бағалаудың арнаулы формасы.

Ерікті өлең – қалыптасқан өлең өлшемін берік сақтамай, тармақтардың ырғағын еркін өрнектейтін өлең түрі.

Жыр – қазақ халық поэзиясының жанрлық түрі, түпкі, негізгі мағынасында өлеңмен баяндалатын, жырлап айтатын уақиғалы, көлемді поэзиялық шығарма (батырлық жырлар, эпостық ғашықтық жырлар).

Заңдылық – дегеніміз құбылыстар мен процестер арасындағы объективті, маңызды, қажетті, жалпы, берік, белгілі жағдайда қайталанап отыратын өзара байланыс.

Идея – әдебиет шығармасында өмірдегі жай-жағдайлар, адам тағдыры баяндалғанда, суреттелгенде жазушының сөз болып отырған мәселелерге қатынасы, көзқарасы.

Инновация – педагогикалық категория ретінде жаңғырту, жаңарту түсінігін береді. Инновация – жаңаша ойлаудың жолы болғандықтан, оқытудың жаңа мазмұндағы түрі.

Инновациялық әдістеме – инновациялық әдіс-тәсілдер мен дидактикалық құралдарды қолдану арқылы білім негіздерін меңгертудің сипатын жаңа технологиялармен толтыруға, өзгертуге бағытталған.

Интонация дегеніміз – сөйлеу сазы. Ол сөйлеудің ритмі мен үнін, дауыстың бірде жоғарылап, бірде төмендеуін білдіреді. Интонация мына элементтерден тұрады: өз бен ой екпіні, сөйлеу қарқыны, ритмі (ырғағы), пауза (кідіріс), сазы.

Кейіптеу (олицетворение) – әр түрлі табиғат құбылыстарына, жансыз нәрселерді адам кейпіне келтіріп немесе қалайда жан бітіргендей етіп суреттейтін көркемдік тәсіл.

Лирика – көркем әдебиеттің негізгі саласының, жанрының бірі, басты ерекшелігі – адамның көңіл-күйін, сезім дүниесін тікелей бейнелеп көрсетеді.

Логикалық екпін – айтылған сөйлемдегі ойдың мазмұн-мағынасына қарай сөйлемдегі бір сөзге мағыналық, яғни логикалық екпін түседі. Ол басқа сөздерге қарағанда сәл ерекшелеу оқылады. Дауыс сазы арқылы аңғартады.

Методология – зерттеу, әдіс, ілім деген сөздерден алынған термин.

Меңзеу (синекдоха) – аз бен көпті, үлкен мен кішіні ауыстырып, немесе, бүтіннің орнына бөлшекті айту, жекеше ұғымның орнына көпше ұғымды алу, алмастыру.

Монография – белгілі бір тақырыпта жазылған, мәселені тереңдеп ашатын ғылыми-зерттеу еңбегі.

Мысал – айтылатын өнегелі ойды тұспалдап жеткізетін, көбіне өлең түрінде келетін, сюжетті, шағын көлемді көркем шығарма.

Модуль – оқу үрдісінің өзгеруіне байланысты үнемі толықтырылып, өзгертіліп, түрлендіріліп отыратын іріленген мазмұнды дидактикалық бірлік.

Модульдік оқу – білім мазмұнын әр қырынан жетілдірудің, ұйымдастырудың құралы мен әдісі.

Мәнерлеп оқу – дауыс интонациясы арқылы автордың ойын білдіру, мазмұндық ой екпінін дұрыс қоя білу, ақырында оқығанды түсініп, кейіпкердің көңіл-күйін сезіне оқи білу.

Мемлекеттік білім беру стандарты – мемлекеттік нормалар деп танылған және қоғам сұраныстары мен тұлға қажеттігі мен мүмкіндіктеріне сай білім деңгейін анықтайтын негізгі көрсеткіштер жүйесі.

Новелла – көлемі жағынан әңгімеге теңдес прозалық шығарма, кейде өлеңмен жазылады.

Оқу жоспары – оқу жылының, тоқсандардың, демалыс күндерінің мерзімін, оқытылуға тиісті оқу пәндерінің тізімін, әрбір оқу жылы /сыныптар/ бойынша оқу тәртібін және ретін, әрбір пәнге бүкіл оқу мерзімінде және апта сайын әр пәнге бөлінетін сағаттардың мөлшерін анықтайтын нормативтік құжат.

Оқу бағдарламасы – оқу пәніне байланысты білім, іскерлік, дағдылардың мазмұнын ашатын нормативтік құжат. Оқу бағдарламасы оқу жоспары негізінде жасалады.

Оқулық – оқу бағдарламасына сай оқу пәнінің мазмұнын жүйелі түрде баяндайтын кітап.

Оқыту – оқушыны білімдендіру, тәрбиелеу, дамыту мақсатына бағытталған алдын – ала жоспарланған іс-әрекет. Оқыту – қазіргі заман талаптарын ескере отырып, оқушы тұлғасын, білім, іскерлік, дағдыларды меңгерте отырып, мақсатты қалаптастару мен дамыту процесі.

Оқыту процесі – бұл білім беру, тәрбиелеу және дамыту міндеттерін іске асыруға бағытталған оқытушы мен оқушыарасындағы мақсат бағдарлы өзара байланысты іс-әрекет.

Оқытуды ұйымдастыру формасы — оқыту процесінің мақсаттары мен міндеттерін іске асырудағы мұғалім мен оқушылардың іс — әрекетінің сыртқы көрінісі.

Оқыту әдістері – оқытудың мақсатты міндеттеріне сай оның мазмұнын оқушыларға меңгертуде мұғалім мен оқушылардың қолданатын амал-тәсілдері мен құралдарының жиынтығы.

Оқу тәсілдері – оқыту әдісінің құрамды бөлігі немесе бір қыры, яғни жалпы «әдіс» түсінігіне байланысты жалқы ұғым.

Оқу құрал-жабдықтары – бұл білім алу, ептіліктерді қалыптастыру көздері. «Оқу құрал – жабдықтары» түсінігі кең және тар мағынада қолданылады. Тар мағынада бұл түсінік оқу және көрнекі құралдары, көрсетпе жабдықтар, техникалық саймандар және т.б. байланысты. Ал кең мағынада оқу құрал-жабдықтары деп білім мақсатын іске асыруға көмекші жағдаяттардың бәрі деп

түсінеміз, яғни оқыту әдісі, формасы, мазмұны, сонымен бірге оқудың арнайы бұйымдарының бәрі осы оқу жабдықтарын құрайды.

Өмірбаяндық әдіс – жазушының шығармашылығын жеке өмірлік тәжірибесінің көрінісі ретінде қарастырып, оны шығармашылығындағы өзекті мәселе етіп қоятын зерттеу тәсілі.

Педагогикалық технологиялар – теориялық білімдерді тұтас педагогикалық үрдістің қызметін практика жүзінде іске асыруға бағытталған және сол үрдіс нәтижелерін кезеңдер бойынша өлшеп, тұлғаның да, ұжымның да даму динамикасын көруге болатын, педагогтар мен оқушылардың өздерін-өздері дамытуларына мүмкіндік тудыратын жүйелі іс-әрекеттер кешені.

Пейзаж – (франц. – ел, жер) әдеби шығармадағы жаратылыстың, яки табиғаттың әсем көрінісі, көркем бейнесі.

Повесть – (орыс тілінен баяндау) оқиғаны баяндап айтуға негізделетін қарасөзбен жазылған, көлемді шығарма, эпикалық жанрдың орташа түрі.

Портрет – (француз тілінен бейнеленген) әдеби кейіпкердің сырт көрінісін, кескін-кейпін, бой-тұлғасын суреттеу.

Рецензия – (латын тілінен - қарастыру, тексеру) көркем өнер немесе әдебиет сынының жанры, көркем шығарманы талдап, баға беру, пікір қорыту.

Роман – (орта ғасырларда латын тілінде емес, роман тілдерінде жазылған шығарма осылай аталған) сюжеттік құрылымы күрделі, көп желілі, кең тынысты, кейіпкер бейнесін ол өмір сүрген уақыт, ол тірлік кешкен орта ауқымында, жан-жақты мүсіндейтін, басқа прозалық жанрларға қарағанда ұзақ уақытты, байтақ кеңістікті қамтитын көлемді эпикалық шығарма.

Сабақ – ол ұжымдық оқыту формасы, оған оқушылардың тұрақты құрамы, шектелген оқу уақыты (45 минут), алдын-ала құрылған сабақ кестесі, оқу жұмысын бір ғана материал төңірегінде ұйымдастыру тән.

Сабақ құрылымы – сабақтың барысында оның құрамдас бөліктерінің, кезеңдерінің бір-бірімен ұштасып, белгілі тәртіппен жүзеге асырылуы.

Сынақ – қорытынды бақылаудың айырықша түрі, ол белгілі бір тарау немесе тақырып бойынша атқарылған оқу жұмыстарының бүкіл өн бойында мұғалім қолданған тексерудің барлық түрлерін ескере отыра қойылады.

Технология – білімдік ақпараттарды толықтырып, өңдеп, өзгертіп ұсынудың әдістері мен құралдарының жиынтығын, қажетті құралдарды оқу үрдісінде тиімді пайдалана отырып, оқушыларға жеткізе білудің тәсілдері туралы ғылым.

Тіркес екпін (фразалық екпін) – сөйлем ішіндегі сөздердің бір-бірімен байланысу тәсілдеріне байланысты қойылатын синтаксистік объектісі.

Іскерлік – алған білім негізінде оқушылардың практикалық әрекетінің іске асырылуы. Білімсіз қандай болса да іскерлік болуы мүмкін емес.

Эмфазалық екпін – сөзішінде дауысты дыбысты созып, созыңқырап оқу арқылы сан алуан көңіл күйін құбылысын беретін жағдайды айтамыз.

ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

1. Әдебиетті оқыту әдістемесі қандай пән?

- А. Білім меңгертетін пән
- В. Педагогикалық ғылымдардың саласына жататын ғылыми пән.
- С. Оқу мен тәрбиеде басшылыққа алынатын пән.
- Д. Әдебиетті оқытуды үйрететін пән.

2. Әдебиетті оқытудың әдістемесінің қарастыратын объектісі:

- А. Педагогикалық процесс.
- В. Тәрбие мәселесі.
- С. Үйрету, меңгерту.
- Д. Дұрыс оқыту.

3. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі:

- А. Қоғамтану пәндерінің бір саласы.
- В. Әдебиетті оқытуда қолданылатын әдістемелік құрал.
- С. Жоғары оқу орындарында арнаулы мамандық беретін пән.
- Д. Рейтинг жүйесінің қағидалары берілген пән.

4. Әдебиетті оқыту әдістемесінің мақсаты :

- А. Оқулықтар мен көрнекіліктерді пайдаланудың ғылыми негізін жасайды.
- В. Үйге берілген тапсырмаларды қайталаудың жүйесін ұғындырады..
- С. Сөз мамандығын терең меңгеретін шебер ұстаз дайындайды.
- Д. Шығарманың көркемдік ерекшеліктерін талдауды үйретеді.

5. Әдебиетті оқытудың әдістемесінің міндеті :

- А. әдеби-теориялық ұғым қалыптастыру.
- В. Мұғалім жұмысының әдістері мен тәсілдерін принциптік жолмен егіздеп бер
- С. Мамандандырылған мектептерде әдебиеттен берілетін білімді тереңдету.

Д. Академик лицейлерде әдебиет пәнін тереңдетіп оқуды қамтамасыз ету.

Д. 1999 жылы 1 қыркүйек.

6. Дидактика дегеніміз не?

А. Оқу, білім саласындағы өзгерістер.

В. Педагогикалық ғылымның оқыту әдістерін баяндайтын бөлім.

С. Сыныптан тыс жұмыстар.

Д. Жазбаша тіл дамыту.

7. Эксперименттік әдістің қандай түрлері бар?

А. әңгіме, тәжірибе.

В. Жай, ғылыми

С. ғылыми, әдеби.

Д. Жай, әдістемелік.

8. Мектеп тәжірибесінде оқушыларға эстетикалық тәрбие беру ісі негізінде неше жолмен жүргізіліп келеді?

А. 5 жолмен.

В. 6 жолмен.

С. 2 жолмен.

Д. 4 жолмен.

9. Көркем шығарманы мазмұны мен формасының бірлігінде талдау мәселесі әдебиетті оқыту методикасының қайсы ғылым саласымен байланысты іс жүзіне асырылады?

А. әдебиеттану ғылымымен байланысты.

В. Эстетикамен байланысты..

С. Тіл білімімен байланысты.

Д. Психологиямен байланысты.

10. Әдебиетті оқыту методикасы әдебиет теориясы мәселелерін қарастыруда көбінесе қайсы ғылым саласымен байланысты болады?

А. Қоғамдық ғылымдармен

В. Эстетикамен.

С. Тіл білімімен.

Д. Тарих ғылымымен.

11. «Қазақ әдебиетін оқыту методикасы» оқулығының авторы кім?

- А. Ә.Қоңыратбаев
- В. Ә.Дайырова
- С. Қ.Мырзалиев
- Д. К.Көшімбаев

12. Әрбір пән бойынша, соның ішінде әдебиет пәні бойынша да алдымен не жасалуы тиіс?

- А. әдістемелік қолданба.
- В. Оқулық.
- С. Стандарт.
- Д. Хрестоматия.

13. Бағдарлама қандай құжат есептелінеді?

- А. Бакалаврият басқышының
- В. Оқу жүйесінің
- С. Мемлекеттік
- Д. Мектеп ісінің

14. 5-сыныптың «әдебиет» оқулығына әдістемелік нұсқауды (1996) кімдер жазған

- А. Т.Ақшолақов, Қ.Айтқашев
- В. Т.Әбдірахманов, Қ.Айтқашев
- С. Ш.Аманов, Р.Құтқожина
- Д. Ә.Дайырова, С.Тілешова

15. 9-сыныптың «әдебиет» оқулығына әдістемелік нұсқауды (1996) кім жазған?

- А. Т.Ақшолақов.
- В. Ә.Дайырова.
- С. Ш.Кәрібаев.
- Д. Р.Құтқожина.

16. Ақын, жазушының өмірбаяны, шығарма жөнінде тарихи – әдебиеттік түсініктеме, түсініксіз сөздер мен ұғымдарды түсіндіруде қандай әдіс қолданылады.

- А. Репродуктивті әдіс.
- В. Баяндау әдісі.
- С. Лекциялық әдіс.
- Д. Зерттеу әдісі.

17. Бұрын өтілген материал мен жаңа материалды қайталап пысықтап бекіту, қорыту шығарманы талдауда қандай әдіс қолданылады.

- А. Түсініктеме бере отырып оқу әдісі.
- В. Сұрақ – жауап түріндегі әңгіме әдісі.
- С. Баяндау әдісі.
- Д. Мәнерлеп оқу әдісі.

18. Көлемі шағын шығармаларды немесе қысқа үзінділерді мәтіннің жігіне қарай бөліп оқи отырып, жол-жөнекей талдау жасап отыруда қандай әдіс қолданылады?

- А. Лекциялық әдіс.
- В. Сұрақ- жауап түріндегі әңгіме әдісі.
- С. Баяндау әдісі.
- Д. Мәнерлеп оқу әдісі.

19. Жоғары сыныптарда қолданылатын негізгі әдіс:

- А. Лекциялық әдіс
- В. Сұрақ – жауап түріндегі әңгіме әдісі
- С. Баяндау әдісі.
- Д. Мәнерлеп оқу әдісі

20. Кіріспе жұмыстар жүргізілетін кезең:

- А. Қорыту жұмысынан алдын
- В. Жаңа материалды түсіндіруден алдын
- С. Үй тапсырмасын сұраудан алдын
- Д. Жаңа материалды түсіндірген соң

21. Кіріспе әңгімеде жұмыстың басым жағы:

- А. Оқушыларда болады

- В. Мұғалімде болады
- С. Мәтінде болады
- Д. Компьютерде болады

22. Ақын-жазушының мұражайына, ескерткішіне, табиғатқа байланысты қолданылатын кіріспе жұмыстың түрі:

- А. Кіріспе әңгіме
- В. Экскурсия
- С. Кіріспе сөз
- Д. Сыныппен әңгіме

23. Шерхан Мұртазаның «Интернат наны» әңгімесі:

- А. 8-сыныпта өтіледі
- В. 5-сыныпта өтіледі
- С. 6- сыныпта өтіледі
- Д. 9- сыныпта өтіледі

24. Көлемі өте шағын шығармалар не қысқа мәтіндерді оқудың түрі:

- А. Дара оқу
- В. Хормен оқу
- С. Дауыстап оқу
- Д. Диалогпен оқу

25. «Орта мектепте лириканы оқыту» (1991) әдістемелік қолданбаның авторлары:

- А. Ж.Нұрмаханов, Ә.Дайырова
- В. А.КҚшкінбаев, Ә.Қоңыратбаев
- С. Қ.Бітібаева, Т.Ақшолақов
- Д. Б.Сманов, С.Омаров

26. «Кейіпкер бейнесін талдау» (1990) әдістемелік құралдың авторы:

- А. Б.Сманов
- В. А.Дайырова
- С. Б.Сманов
- Д. Қ.Бітібаева

**27. «Шығарманың көркем айшықтарын оқыту»(1994)
әдістемелік құралдың авторы:**

- А. Т.Ақшолақов
- В. Қ.Бадырақов
- С. Қ.Тасполатов
- Д. С. Мақпыров

**28. «Шығарманың көркем айшықтарын оқыту» (1994)
әдістемелік құралдың авторы:**

- А. Т.Ақшолақов
- В. Қ.Бадырақов
- С. Қ.Тасполатов
- Д. С. Мақпыров

29. Көркем шығарманы талдау:

- А. Шығарма оқылып, мазмұны ұғынылғаннан кейін жүргізіледі
- В. Шығарманы оқу барысында жүргізіледі
- С. Шығарманы оқудан алдын жүргізіледі
- Д. Кейіпкеріне мінездеме жасалғаннан кейін жүргізіледі.

**30. Ең алдымен көркем шығарманың қандай мәселелері
талданады?**

- А. Идеялық бағыты мен кейіпкерлері.
- В. Тіл ерекшелігі.
- С. Кейіпкерлері.
- Д. Сюжеті мен композициясы.

**31. Әдебиеттік оқу-хрестоматиясының құрылысы неден
тұрады?**

- А. Кара сөз, жаттығу, мысал өлең, ертегі.
- В. Әдеби көркем шығарма, әдеби-теориялық ұғым, жаттығу, суреттер.
- С. Поэзия, батырлар жыры, мақал, суреттер
- Д. Үзінділер, әдеби-теориялық мәлімет, пьеса, өлең.

**32. Әдебиет оқулық хрестоматиясында ақын-жазушылар
туралы мәлімет беруде не ескеріледі?**

- А. Ақын-жазушының шығармасы.

- В. Оқулық-хрестоматия.
- С. Ақын-жазушының өскен ортасы.
- Д. Оқушылардың жас ерекшеліктері

33. Тыныс белгілеріне кідіріс жасап оқу:

- А. Шумақтық кідіріс.
- В. Логикалық кідіріс.
- С. Грамматикалық кідіріс.
- Д. Тармақтық кідіріс.

34. Мәнерлеп оқуда психологиялық кідіріс не үшін қызмет етеді?

- А. Шығарманың әрбір бөлігін біріне-бірі көңіл-күйіне қарай айыру үшін.
- В. Жеке сөздерді немесе жеке сөз тізбегін өзге сөзден бөлу үшін
- С. Ой екпінін ажырату үшін
- Д. Тармақпен тармақты айыру үшін

35. Мәнерлеп оқуда қандай екпін түскен сөздер оттай шашырата оқылады?

- А. Буын екпіні
- В. Грамматикалық екпін.
- С. Ой екпіні
- Д. Сөз екпіні

36. Мәнерлеп оқудағы өлең сөз бен қара сөздің сөйлемдерінде дауыс толқынының бірде бәсең, бірде көтеріңкі айтылуы:

- А. Саз
- В. Ырғақ
- С. Әуен
- Д. Кідіріс

37. Көркем шығармаға қандай жоспар жасалады?

- А. Жай және күрделі жоспар
- В. Ауызша мазмұндауға
- С. Оқиғаларына жоспар

Д. Мәтінге жоспар

38. Тәжірибеде шығарманы ауызша мазмұндаудың негізінен неше түрі бар?

- А. Үш түрі бар
- В. Төрт түрі бар
- С. Алты түрі бар
- Д. Бес түрі бар

39. «Керқула атты Кендебай» ертегісіне жоспардың қай түрін жасауға болады?

- А. Кейіпкер мінездемесіне жоспар
- В. Күрделі жоспар
- С. Жай және күрделі жоспар
- Д. Идея-тақырыптық жоспар

40. Шығарманың оқиғалық құрылымына жасалатын жоспар:

- А. Жай жоспар
- В. Күрделі жоспар
- С. Сюжеттік-композициялық жоспар
- Д. Идеялық-тақырыптық жоспар

41. Мәтінді қысқартып ауызша мазмұндау:

- А. Оқиғаларды толық қамтып айтуға қолайлы.
- В. Ойды тұжыртып, жинақтап айтуға қолайлы
- С. Кейіпкер тарихын баяндауға қолайлы.
- Д. Жақты ауыстырып айтуға қолайлы.

42. Әдебиетті оқытудың басты мақсаты:

- А. Оқушыларды сөз өнерінің қыр –сырымен таныстыру;
- В. Кітапқа деген ынтасын ояту;
- С. Әдебиетті жан-жақты меңгерту;
- Д. имандылыққа, парасаттылыққа үйрету;

43. «Оқу - тәрбие процесін оптималдандыру» (1982ж) оқулықтың авторы:

- А. Б. Сманов

В. А. Дайырова
С. Қ. Бітібаева
Д. Ю. Бабанский

44. М. Әуезовтың «Қараш-қараш» оқиғасы атты шығармасы нешенші сыныпта өтіледі?

А. 8- сыныпта
В. 6- сыныпта
С. 7- сыныпта
Д. 9- сыныпта

45. Әдеби шығармаларды оқу көбіне қай кезеңде жүзеге асырылады?

А. Сыныпта
В. Сыныптан тыс уақытта
С. Демалыс кезінде
Д. Өзіндік жұмыс атқарғанда

46. «Абай жолы» романындағы Құнанбайдың бейнесін ашатын эпизодтар:

А. «Еңісте»
В. «Қияда»
С. «Қамқа өлімі»
Д. «Әмірді жазалау»

47. Көркем шығарманы талдау неше түрі бар?

А. Екі түрі
В. Төрт түрі
С. Үш түрі
Д. Бес түрі

48. Талдау арқылы оқушы қабылдауын, пікірін ашудың қандай жолдары бар?

А. Жазба жұмыстар жүргізу
В. Ауызша жұмыстар жүргізу
С. Сұхбат өткізу
Д. Даналы өткізу

49. Автор ізімен талдаудың негізгі мақсаттары

- А. Автордың негізгі ойы
- В. Мазмұн мен форма
- С. Шығарма сюжеті
- Д. Композиция

50. М. Әуешовтың «Көксерек» өңгімесі нешенші сыныпта өтіледі?

- А. 9- сыныпта
- В. 8-сыныпта
- С. 7- сыныпта
- Д. 6- сыныпта

51. Әдебиетті оқыту әдістемесі» оқулығының авторы кім?

- А. Қ. Бітібаева
- В. Ә.Дайырова
- С. Қ.Мырзалиев
- Д. Ә.Қоңыратбаев

52. 6-сыныпқа арналған «Әдебиет» оқулығының авторлары кім?

- А. Е.Абдувалитов, Д. Дуйсебаева
- В. Ш.Кәрібаев, С.Тілешова, Қ.Назарғалиева
- С. Т.Әбдірахманов, Ә.Дайырова, Қ.Айтқашев
- Д. Қ.Айтқалиев, Ш.Кәрібаев, Т.Ақшолақов

53. 8–сыныпқа арналған «Әдебиет» оқулығын құрастырғандар:

- А. Н.Ғабдуллин, С.Мақпыров, Г.Құрманбаева
- В. К.Ісләмжанұлы, С.Тілешева
- С. Қ.Айтқалиев, Ш.Ахметов, С.Тілешова
- Д. Е. Абдувалитов, С.Досымбетова т.б.

54. Тәжірибеде кеңінен тараған талдаудың түрі:

- А. проблемалық талдау
- В. лирикалық таладау
- С. аралас таладау
- Д. көркем туындыны талдау

55. Стандарт қандай құжат есептелінеді?

- A. Мемлекеттік
- B. Оқу жүйесінің
- C. Бакалаврият басқышының
- D. Мектеп ісінің

56. Проблемалық сұрақтар қандай болу керек?

- A. Проблемалық сипаттағы сұрақтар арқылы
- B. Жай сұрақтар арқылы
- C. Қызықты әдеби айтыс туғызатындай
- D. Жағдай туғызатындай

57. Эпикалық шығармалардың өзіне тән ерекшеліктері:

- A. Мазмұнға құрылуы сюжет, композиция және компонентерінің барлығы
- B. Әдебиет теориясынан білім беріледі
- C. Көркем образдар, образдар галарейасы
- D. Дралана талданады

58. Кітаппен жұмыс түрлері кезінде жазушы тілі, стилін анықтауда қандай әдіс қолданылады.

- A. Практикалық әдіс.
- B. Зерттеу әдісі.
- C. Сөздік әдісі.
- D. Теориялық әдісі.

59. Ішінара іздендірушілік дегеніміз қандай әдіс?

- A. Эвристикалық әдісі.
- B. Өзіндік жұмыс әдісі.
- C. Баяндау әдісі.
- D. Зерттеу әдісі.

60. Төменгі сыныптарда қолданылатын негізгі әдіс?

- A. Түсідірмелі -иллюстративтік әдісі.
- B. Сұрақ - жауап әдіс.
- C. Баяндау әдісі.
- D. Мәнерлеп оқу әдісі.

61. Жоғары сыныптарда қолданылатын негізгі әдіс:

- A. Лекциялық әдіс
- B. Сұрақ-жауап түріндегі әңгіме әдісі
- C. Баяндау әдісі.
- D. Мәнерлеп оқу әдісі

62. Оқушылардың ғылыми еңбектерді өздігінен оқып үйренуге төселдіру мақсатын көздейтін сабақ түрі:

- A. Семинар сабағы
- B. Поэзия сабағы
- C. Қайталау сабағы
- D. Бекіту сабағы

63. Көркем туындыны эпизодтарға бөліп оқыту қандай мәселелерге көңіл бөлу керек?

- A. Шығарманың мазмұнына, оқиғасына
- B. Қорыту жұмысынан алдын
- C. Үй тапсырмасын сұраудың алдында
- D. Жаңа материалды түсіндірген соң

64. М. Мағауиннің «Бір атаның балалары» шығармасын оқытуға неше сағат берілген?

- A. 1 сағат
- B. 5 сағат
- C. 6 сағат
- D. 4 сағат

65. Көркем шығармалар қандай дәстүрлі салаларға жіктеледі?

- A. Эпос, лирика, драма.
- B. Поэзия, проза, драма.
- C. Пьеса, роман, әңгіме, өлең.
- D. Қарасөз, өлең, драмалық шығарма.

66. Адамдардың өмірі туралы әңгімеленетін жанр:

- A. Эпос.
- B. Әңгіме.
- C. Очерк.

Д. Лирика.

67. Қысқа, тұжырымды түрде жеке адамдардың көңіл-күйінің әр алуан қалпы берілетін жанр:

- А. Лирика.
- В. Мысал.
- С. Драма.
- Д. Эпос.

68. Шығармаларда кейіпкерлер тек өздерінің іс-әрекеттері, сөздері арқылы ғана көрінетін жанр:

- А. Ода.
- В. Лирикалық шығарма
- С. Драма.
- Д. Мысал өлең.

69. Мысал өлең қайсы жанрға жатады?

- А. Эпосқа.
- В. Лирикаға.
- С. Ешқандай жанрға жатпайды.
- Д. Аралас жанрға жатады.

70. «Аяз би» ертегісі қайсы жанрдың үлгісі:

- А. Лирика.
- В. Эпос.
- С. Ертегілер.
- Д. Қиял-ғажайып ертегілер.

71. Заттың не құбылыстың айрықша белгісін, қасиетін білдіретін сөз:

- А. Эпитет.
- В. Сарказм.
- С. Метафора.
- Д. Аллегория.

72. Драматургиялық шығармаларда оқиға өрісін аңғартатын бөлім, біртұтас қимыл әрекет.

- А. Комедия.

- В. Перде
- С. Скетч.
- Д. Ремарка.

73. Спектакльдегі оқиғаның болатын жерлерінің архитектуралық бейнесін көркемделіп, сахнада көрсетілуі:

- А. Декорация.
- В. Жаңа өріс.
- С. Режиссер.
- Д. Перде.

74. Лирикалық өлең жырларды өтуде алғаш орындалатын жұмыс түрлері:

- А. Сюжеттік композициялық жоспары жасалады.
- В. Сұрақтар мен тапсырмалар мұғалімнің басшылығында орындалады
- С. Кіріспе әңгімеден басталып, өлең мәнерлеп оқылады.
- Д. Бөлімдерге бөлініп ат қойылады.

75. Өлең екінші рет оқылғанда:

- А. Әрбір шумақтан кейін кідіріс жасалып, талданады.
- В. Оқып тұрған оқушының бұрыс, жаңсақ жерлері дұрысталады.
- С. Монологты әсерлене оқып, оның әуездігіне айрықша мән беріледі.
- Д. Кейіпкерлеріне мінездеме беріліп, жоспары жасалады.

76. Әдеби-теориялық ұғымдар:

- А. Әдеби-теориялық ұғымдардың анықтамасы жаттатылады.
- В. «Әдебиет теориясы» кітабынан оқытылады.
- С. Әдеби шығармаларды оқып үйрену негізінде үйретіліп қалыптастырылады
- Д. Әдебиет оқулық-хрестоматиясынан оқытылады.

77. Әдеби-теориялық ұғымдарды тану арқылы шәкірттердің:

- А. Ауызша тіл дамытуы тереңдейді.
- В. Дұрыс оқуға дағдысы қалыптасады.
- С. Сөз өнеріне деген танымы, эстетикалық сезімі қалыптасады.

Д. Жай және күрделі жоспар жасауға дағдыланады.

78. Мысал жанрының ерекшеліктерінің бірі:

- А. Мазмұны қысқа өзі нұсқа болады.
- В. Өлең мен қара сөз араласып келеді.
- С. Аллегориялық ұғымда беріледі.
- Д. Ауыз әдебиетінің кіші жанр болуында.

79. Оқушылардың сөйлеу тіліне қойылатын талаптың бірі:

- А. Әлбетте фразеологиялық тіркестерді пайдалануы тиіс.
- В. Сөз тартымды, мазмұнды, дәлелді болуға тиіс.
- С. Айтайын деген ойын, сөзін алдын ала ойлап алуы тиіс.
- Д. Сөйлеп тұрғанда артықша кідіріс жасамауы тиіс.

80. Тіл дамыту жұмысында көзделетін екі мақсаттың бірі:

- А. Баланың сөздік қорын байыту.
- В. Сөзді мәнерлеп айтуға төселдіру.
- С. Оқулықтың мазмұнын дұрыс айтып беруге үйрету.
- Д. Сурет бойынша өңгімелеп беруге жаттықтыру.

81. Түсіндірілуі тиіс сөз немесе сөз тіркестері қайсы қатарда?

- А. Үстіне сауыт кигізді, Беліне садақ ілгізді.
- В. Баланы келген сынады, Айбарынан сескеніп.
- С. Ат үстінен шіреніп, Сонда тұрып тартады.
- Д. Келгендігін баланың, Көктім аймақ көреді.

82. Қайсы қатардағы сөзге түсінік беру керек?

- А. Зығырданы қайнайды
- В. Ақтабан аты астында
- С. Исатайдың сол күнде
- Д. Дулығасы басында

83. «Ақтабан аты астында...» - үзінді Махамбеттің қайсы өлеңінен алынған?

- А. Мінкен ер
- В. Тарланым
- С. Соғыс
- Д. Мұнар күн

84. «Білтелі» деген сөзге қайсы қатарда дұрыс түсініктеме берілген?

- A. Қылыштың тұтқасы.
- B. Жекпе-жекте қолданылатын батырлардың қылышы.
- C. Бұрынғының ауыр мылтығы.
- D. Мылтық атуда қолданылатын ат.

85. «Шәулі» сөзінің мағынасы қайсы қатарда көрсетілген?

- A. Ағаштан иіп жасалған құрал.
- B. Қайықтың ескегін айтады.
- C. Бүркіттің еркегі.
- D. Тамақ піскенде сүзетін зат.

86. «Әдебиет сабақтарында мәнерлеп оқу дағдыларын қалыптастыру» әдістемелік құралдың авторы:

- A. Ә.Дайырова.
- B. С.Тілешова
- C. Е. Дайрабаев
- D. Т.Ақшолақов

87. «Аяз би» ертегісіне қандай жоспар жасауға болады?

- A. Жай және күрделі жоспар
- B. Күрделі жоспар
- C. Тіл ерекшелігіне жоспар
- D. Ертегілік жанрына жоспар

88. «Өгіз бен бақа» мысал өлеңінің идеясына жоспар жасауға болады ма?

- A. Жай және күрделі жоспар жасалады.
- B. Болмайды.
- C. Тек күрделі жоспар жасалады.
- D. Болады.

89. Лирикалық туындыны оқытуда кімнің сезімі өмір сүреді?

- A. Мұғалімнің сезі
- B. Оқушы сезі
- C. Кейіпкер сезімі
- D. Ақын сезімі

90. Ертегілерді оқытуда қандай әдіс-тәсілдер қолданылады?

- А. Түсіндірмелі әдіс
- В. Әңгімелеу, баяндау әдісі
- С. Сөздік әдіс
- Д. Зерттеу әдіс

91. Жазылған еңбектің мақсатын анықтайтын түсініктеме:

- А. Аннотация
- В. Эпилог
- С. Эпиграф
- Д. Пролог

92. «Қазақ әдебиетін оқыту методикасы очеркі» атты еңбектің авторы кім?

- А. А.Көшімбаев
- В. Ә.Дайырова
- С. Қ.Мырзалиев
- Д. Ә.Қоңыратбаев

93. Сыныптан тыс жұмыстардың күре тамыры:

- А. Үйірме жұмыстар
- В. Ауызша және жазбаша тіл дамыту жұмыстары
- С. Драмалық шығармалар
- Д. Әдебиет сабағында көркемділік

94. «Баяншы» атты әдістемелік құралдың авторы кім?

- А. Ж.Аймауытов
- В. М.Жұмабаев
- С. А.Байтұрсынұлы
- Д. М.Дұлатов

95. «Методика — рецепт емес, әкімшілік нұсқау да емес, педагогикалық кеңес, жол-жоба» — деген пікірдің авторы кім?

- А. Ж.Аймауытұлы
- В. С.Жиенбайұлы
- С. М.Жұмабайұлы
- Д. Ш.Кәрібайұлы

96. «Проблемалы оқыту оқушы үшін проблемалы ситуация қоя білгенде ғана мүмкін болмақ» — деген пікірді кім айтқан?

- А. Қ.Тасболатов
- В. Т.Ақшолақов
- С. Ә.Дайырова
- Д. Б.Әрінова

97. Көрнекті әдіскер-ғалым В.Голубков «Әдебиетті оқыту әдістемесі» еңбегінде негізгі үш түрлі әдісті көрсетеді:

- А. Лекциялық, баяндау және өздік жұмыстарының әдісі
- В. Әңгіме, баяндау, сұрақ-жауап әдістері
- С. Сөздік, көрнекілік және мәнерлеп оқу әдістері
- Д. Репродуктив, эвристикалық және зерттеу әдістері

98. Нешінші сыныптарда жоспарды қандай жағдайда шығармашылық бағытта құруға болады?

- А. 8-9 сыныптарда
- В. 10-11 сыныптарда
- С. 5-7 сыныптарда
- Д. Бастауыш сыныптарда

99. Әдіскер-ғалым Қ.Бітібаева әдебиетті оқытуда негізгі төрт әдіске негізделеді. Ол қандай әдістер?

- А. Сұрақ-жауап, баяндау және репродуктив әдістер
- В. Әңгіме, баяндау және сөздік әдістер
- С. Эвристикалық, мәнерлеп оқу және зерттеу әдістер
- Д. Зерттеу, көрнекілік, сөздік

100. «Тәсіл амалдардың жиынтығы, оқушылардың таным-әрекетін ұйымдастыру тәсілдері, білім берудегі мұғалім мен оқушылардың өзара әрекет моделі» — деген пікірді кім айтқан?

- А. Т.Сабилов
- В. Ю.Бабанский
- С. А.Көшімбаев
- Д. А.Байтұрсынов

ТЕСТ ЖАУАПТАРЫ

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20
в	а	с	д	в	в	в	а	а	с	д	с	с	в	а	в	в	а	а	в
21	22	23	24	25	26	27	28	29	30	31	32	33	34	35	36	37	38	39	40
а	в	а	в	а	с	в	в	с	с	в	с	с	а	с	в	а	в	д	с
41	42	43	44	45	46	47	48	49	50	51	52	53	54	55	56	57	58	59	60
в	а	д	а	а	д	с	а	а	с	а	а	д	а	а	с	а	а	а	а
61	62	63	64	65	66	67	68	69	70	71	72	73	74	75	76	77	78	79	80
а	а	а	а	а	д	в	д	а	д	а	в	а	а	а	а	д	в	в	а
81	82	83	84	85	86	87	88	89	90	91	92	93	94	95	96	97	98	99	100
д	д	д	с	в	в	а	в	с	в	в	д	а	с	в	а	а	в	д	а

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Мирзиёев Ш.М. Эркин ва фаровон, демократик Ўзбекистон давлатини биргаликда барпо этамиз. – Т.: Ўзбекистон, НМИУ, 2016. - 9- б.
2. Мирзиёев Ш.М. Буюк келажакимизни мард ва олийжаноб халқимиз билан бирга қурамыз. – Тошкент: Ўзбекистон, 2017. -73- б.
3. Ахметов З. Әдебиеттану (Терминдер сөздігі).— А.,1998.
4. Ақшолақов Т. Көркем шығарманың эстетикалық табиғатын таныту.— А.,2000.
5. Ақшолақов Т. VIII-X класс программалары мен оқулықтарын жетілдіру жолдары.— А.,1972.
6. Ақшолақов Т. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемелік құрал.— А.,1995.
7. Ақшолақов Т. Көркем шығарманы талдау. — Алматы, 1998.
8. Аңсабаев Д. Лирикалық шығармаларды оқыту. — Талдықорған, 2007.
9. Алиев А. Юқори синфларда ёзувчи услубини ўрганиш: Пед.фан. ном.дисс... – Т.: 1994. – 165 - б.
10. Алпамыс. Қарақалпақ фольклоры.—Нөкис: Қарақалпақстан, 2007 - 756- б.
11. Аразов А.Т. Қорақалпоқ туркманларининг сўзлашув тили билан қорақалпоқ тилининг ўзаро таъсири ва интерференция ҳодисаси. – Нукус. 2006. – 21 - б.
12. Адилова С.А. Ўзбек тили машғулотларини компьютер технологиялари воситасида ташкил этиш (олий таълим муассасаларининг русийзабон гуруҳларида): Пед.фан.ном.дисс... – Т.: 2004. – 160 - б.
13. Әрінова Б.А. Қазақ әдебиетінің оқыту әдістемесінің ғылым ретінде қалыптасуы мен дамуы.— А.,2004.
14. Әбенбаев С. Эстетикалық мәдениет негіздері.— А.,2005.
15. Әлібеков Ш. Қазақ фольклорының эстетикасы.— А.,1991.
16. Әбенбаев С. Эстетикалық мәдениет негіздері.— А.,2005.
17. Бітібаева Қ. Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары.— А.,1990.
18. Бітібаева Қ. Қазақ әдебиетін тереңдетіп оқытудың инновациялық методикасы және технологиясы. Бірінші кітап.— А.: «Дәуір-Кітап»,2012.

19. Бітібаева Қ. Қазақ әдебиетін тереңдетіп оқытудың инновациялық методикасы және технологиясы. Екінші кітап.— А.: «Дәуір-Кітап», 2012.

20. Беспалько В.П. Слагаемое педагогической технологий. — Москва, 1989.

21. Бабанский Ю.К. Оптимизация учебно-воспитательного процесса (Методические основы). — М.: Просвещение, 1982. — 192 - с.

22. Бейсенова М. Түркі халықтары әдебиеті. Оқулық — хрестоматия. — Шымкент. 2006. — 344 - б.

23. Болибеков А. Ы. Хошимовнинг асарларини синфдан ташқари ўқиш асосида конференция-дарс //Тил ва адабиёт таълими. — Т.: 1991. №12. —3 - 5 - б.

24. Бордовская Н.В., Реан А.А. Педагогика. — Санкт-Петербург, 2000.-157- с.

25. Голубков В.В. Методика преподавания литературы.— М.,1962.

26. Дайырова Ә. Абайдың тәлімгерлік тағылымы.— А.,1996.

27. Дайрабаев Е. Шығарма жаздыру методикасы. — Алматы, 1988.

28. Дедемова Ф.Г. Методика изучения литературного творчество С.Сейфулина в школах с русским языком обучения. — Алматы., 2004. — 154 - с.

29. Досжанов Б.А. Мультимедиялық технологияларды пайдалану арқылы оқыту процесін жетілдірудің дидактикалық негіздері. —Туркистан, 2007.—29 - б.

30. Еркинбаева Г.Г. Методика работы с учебными словарями на уроках русского языка и литературы в старших классах казахской школы: Дисс... канд.пед.наук. — Алматы, 1995. — 91 - с.

31. Ергүбек. Қ. Ёзувчи иждохонаси. (Собит Муқонов) — Туркистон, 2007. — 42 - б.

32. Жұмажанова Т.Қ Әдебиетке байланысты сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастырудың ғылыми — әдістемелік негіздері. — Алматы, 1992.

33. Жұмажанова Т. Әдеби жұмыстар арқылы оқушы жастардың адамгершілік эстетикалық талғамын қалыптастыру.— Семей, 1998.

34. Жүнісбек Ә. Жаңа технология негізі - сапалы білім. - //Қазақстан мектебі, №4, 2008
35. Жанпейісова М. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы. — Алматы, 2002.
36. Жумажанов Қ. Қарақалпақ аймағындағы қазақ әдебиеті. Монография. – Арыс, 2006. – 256 - б.
37. Збарский Ш.С., Полухина В.П. Внеклассное чтение по литературе. — Москва, 1980.
38. Зуннунов А.З. және тағы басқалар Адабиет уқитиш методикаси. — Тошкент: «Уқитувчи», 1992.
39. Йулдашев Қ. Адабиет уқитишнинг илмий – назарий асослари. — Тошкент: «Уқитувчи», 1996.
40. Йулдашев Қ. ва бошқалар Адабиет уқитиш методикаси. — Тошкент: «Уқитувчи», 1999.
41. Кәрібаев К. Қазақ әдебиеті пәні бойынша оқу модульдары. — Семей, 2004.
42. Калганова Т.А. Сочинение различных жанров в старших классах. — Москва, 1997.
43. Кунекова Т.М. Методические основы формирования читательского интереса учащихся на произведениях Чингиза Айтматова. (Диссертация) – Бишкек, 2017, 149 с.
44. Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын кәтеруде пайдалану мүмкіндіктері. – А.: Білім, 2008.
45. Қошімбаев А. Қазақ әдебиетін оқыту методикасы.—1959.
46. Қоңыратбаев Ә. 4-7 класстарда әдебиетті оқыту методикасы.—А.,1987.
47. Қараев Ж. Оқулықтар, оқу-әдістемелік кешенді әзірлеуге қойылатын дидактикалық талаптар.— А.,1998.
48. Қаратаев М. Әдебиет және эстетика.— А.,1970.
49. Қоңыратбаева Ә. Әдебиетті оқыту методикасының очерктері.— А.,1962.
50. Қирабаев С. Мектеп және қазақ әдебиеті.— А.,1979.
51. Қанафин Ә. Әдебиетпен білім мазмұнына жетілдірудің кейбір мәселелері.— А.,1990.
52. Қараев Ж. Оқулықтар, оқу-әдістемелік кешенді әзірлеуге қойылатын дидактикалық талаптар.— А.,1998.

53. Қалдыбаев.Т. Әдебиет сабақтарында тіл ұстарту. — Ташкент: «Узбекистон», 1999, 78.б.
54. Қасымбеков Ә. Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуды жетілдіру.— А.,1986.
55. Құсайынов А., Асыллов Ұ. Оқулықтың өзекті мәселелері.— А.,2000.
56. Қуандық Мәшһүр Жүсіпов. Өлең сөздің патшасы. — Алматы, 1995.
57. Құтқожина В. Әдебиетті қазақ тілімен байланыстыра оқыту. — Алматы, 1985.
58. Қурамбаев К. Адабий жараён. Ижод масъулияти. Адабий алоқалар. – Т.: Cholpon nomidagi nashriyot – matbaa ijodiy uyi, 2009. – 456 - б.с
59. Қабдықайыров Қ. Инновациялық технологияларды диагностикалау. – А., 2004
60. Мырзахметов М. Абай мұрасын меңгертудің педагогикалық негіздері.— А.,1995.
61. Мақпырұлы. Қазақ әдебиетінен шығарма жұмыстары. — Алматы, 1998.
62. Мыңбаева А.К., Садвакасова З.М. «Оқытудың инновациялық әдістері, немесе сабақты қалай қызықты өткізуге болады»: Оқу құралы. – Алматы, 2010.
63. Муслимов Н.А. Бұлажак касб таълими ўқитувчиларини касбий шакллантириш /Монография. – Т.: Фан, 2004.
64. Муслимов Н.А., ва бошқалар. Касб таълими ўқитувчиларининг касбий компетентлигини шакллантириш технологияси/ Монография. – Т.: —Фан ва технология|| нашриёти, 2013.
65. Нағымжанова Қ. Инновациялық технологияның құрылымы. – А.: Өркен, 2007
66. Оберникина Г.А. Мы пишем сочинение. — Москва, 2004.
67. Оспан О.Б. Мектептегі ғылыми ізденушілік, зерттеу жұмысы бүгінгі мұғалімнің басты мақсаты. (Оқу – әдістемелік көмекші құрал). — Алматы, 2006.
68. Оберникина Г.А. Мы пишем сочинение. – Москва, 2004.
69. Рыбникова М.А. Преподавание литературы.—М.,1985.
70. Рез З.Я. Методика преподавание литературы.—М.,1985.

71. Сыздықов Т. Изгілік сабағы. Алматы, 2006.
72. Скаткин М.И. Проблемалы теории учебника в отечественной дидактике.— М.,1992.
73. Сманов Б. Сабақ — оқу тәрбие існің негізгі түрі.— А.,1985.
74. Сорокина Н.М. Нестандартные уроки по литературе. Волгоград, 2002.
75. Сайидахмедов Н. Педагогик маҳорат ва педагогик технология. – Т.: Олий педагогика институти, 2003.
76. Тілешева С. Әдебиет сабағында оқушылардың мәнерлеп оқу дағдыларын қалыптастыру. — Алматы, 1985.
77. Тухлиев Б. Адабиёт уқитиш методикаси. — Тошкент: «Янги аср авлоди», 2006. 151.б.
78. Қазақ әдебиетін жоғары және жалпы білім беретін мектептерде оқыту әдістемесінің өзекті мәселелері (Республикалық ғылыми тәжірибелік конференция материалдары).—А, РБК.,1999.
79. Қазақ әдебиетін оқыту тұжырымдамасы.— А.,1997.
80. Активные формы преподавания литературы: лекции и семинары на уроках в старших классах. Составитель Р.И.Альбеткова. – М.: Просвещение, 1991. – 174 - с.
81. Взаимодействие как источник обогащения национальной литературы //П.М.Мирза-Ахмедова, М.О.Шарафутдинова, К.Р.Бабаджанова и др. Под. ред. П.М.Мирза-Ахмедовой. – Т.: Akademiya, 2007. – 272 - с.
82. Инновацион таълим технологиялари /Муслимов Н.А., Усмонбоева М.Х., Сайфуоров Д.М., Тўраев А.Б. – Т.: —Сано стандарт|| нашриёти, 2015. – 81б.
83. Қазақ әдебиетін оқыту тұжырымдамасы. – А.,1997.
84. Педагогика назарияси / ОТМ учун дарслик. Муал.: М.Х.Тохтаходжаева ва б. Проф. М.Х.Тохтаходжаеванинг умумий тахрири остида. – Т.: —Iqtisodmoiyal||, 2010. – 136-140-б.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	3
Мектепте әдебиет пәні, оның маңызы мен негізгі міндеттері.....	6
Әдебиетті оқыту әдістемесі пәнінің теориялық проблемалары.....	8
Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі пәнінің өзге ғылымдармен байланысы.....	12
Мектепте әдебиетті оқыту әдістемесі пәнінің қалыптасу тарихы..	18
Әдебиетті оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер.....	25
Эпикалық шығармаларды оқыту.....	33
Әңгіме жанрын оқыту.....	38
Мысал жанрын оқыту.....	41
Ертегілерді оқыту.....	46
Батырлар жырын оқыту.....	50
Лириканы оқыту.....	52
Поэманы оқыту.....	55
Драмалық шығармаларды оқыту.....	58
Ақын-жазушылардың өмірбаянын, шығармашылық жолын оқыту.....	63
Әдеби-теориялық ұғымдарды оқыту.....	74
Оқушыларды тіл мәдениетіне, ауызша және жазбаша тіл шеберлігіне баулу.....	78
Оқушылардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыру.....	80
Оқушыларды шығарма жазуға даярлау.....	81
Әдебиет сабағында көрнекілік.....	83
Сыныптан тыс жұмыстар.....	86
Глоссарий.....	101
Тест сұрақтары.....	107
Пайдаланылған әдебиеттер.....	126

Е.Б.Абдувалитов

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ МЕТОДИКАСЫ

дарслик

“Bookmany print” баспасы

Баспахана лицензияси № 022246. 28.02.2022 ж.

Басуға рұқсат етілді: 06.09.2022.

“Times New Roman” гарнитурасы. Қағаз пішімі: 60x84 ¹/₁₆



Есепті баспа табағы 7,7. Таралымы 100 дана.

Ташкент қаласы, Учтепа ауданы, Найман МФЙ, 17-б үй.

ООО “Bookmany print” баспаханасында басылды.

Ташкент қаласы, Учтепа ауданы, Найман МФЙ, 17-б үй.

E-mail: bookmany_print@mail.ru

 [t.me/ Bookmanyprint](https://t.me/Bookmanyprint)  +998 99 180 97 10